

Олжас Мұқанов



Құстың қос
қанатындаі еді...



**Словно
два крыла...**





Издательство
«Северный Казахстан»

Олжас Мұқанов

**Құстың қос
қанатындағай еді...**



**Словно
два крыла...**

2021 жыл
Кызылжар қаласы

УДК 534 (84)
ББК 84.3 (Каз) 5-2
М 9

Құрастырушы және редактор Мұқанов Олжас.
Составитель и редактор Муканов Олжас.

М 9 Құстың қос қанатындей еді... / Словно два крыла... –
г. Петропавловск: Издательство «Северный
Казахстан», 2021 ж. – 300 бет.

ISBN 978-601-7247-52-3

Қайролла мен Күлзаги Мұқановтардың еске алына
орай құрастырылған кітап. Қалың оқырманға арналған.

Книга посвящается памяти Кайроллы и Кульзаги
Мукановых. Для широкого круга читателей.

УДК 534 (84)
ББК 84.3 (Каз) 5-2

ISBN 978-601-7247-52-3

© Муканов О., 2021
© Издательство «Северный Казахстан», 2021

Қымбатты оқырман!

Бұл Кітапта Қайролла мен Күлзаги Мұқановтар туралы әр түрлі адамдардың естеліктері жиналған. Олардың барлығы бір ниетпен біркітіріліп, Мұқановтардың өмірдегі ұстанымдарына арналады. Алпыс жылдан астам жақсы үйлесімде өмір сүріп, Қайролла Мұқанұлы мен Кулзаги Ақанқызы табиғи әділеттілік пен ұлы адамгершіліктен ұрпақтарына зор үлгі қалдырғаны анық. Олардың бірлесіп орындалған өмірлік дүэті ерекше болды, болып қала береді де. Олар әр кісіні тыңдауды және түсінуді, бұл өмірде дұрыс бағыт беру, ақылмен, сабырмен шабыттандыруды ерекше білді.

Абыздық бәріне бірдей келе бермейді. Өзін-өзі жақсы танып білген адам өзінің қанатын, үндестігін, бекінісін іздейді де табады. Ойлары мен істері, сөздері мен сезімдері жалпыға айналады, әр күнің нәрлендіреді.

Қайролла Мұқановтың өмірлік философиясы зерттеуге әбден түрарлық деуге болады. Мысалы, қалайша Адам болып қалыптасу және туыстарға, достарға, ізбасарларға оң бағыт беру. Ол үшін Отаныңды шексіз сүй, батыл әрі нық қадамдармен алға жүр, шын достықты бағала! Қоғамға пайда әкел, жаңалық ашуға тырыс, жоспарларыңды жүзеге асыруға қадам бас. Жақсылықта, шыдамдылықта үйреп де жастарды үйрет.

Ана-Әже Күлзаги Ақанқызы, өте мейірімді жан болатын. Балалықпен жасаған тентегімізді кешіріп, қуаныш пен күйініш-сүйінішімізді бірге бөлісіп, әр қыншылықты жеңуге үйрететін. Оның назарынан ешқандай жағдай тыс қалған емес еді. Әсіресе қонақ күту, үйді-киімді таза ұстau.



Бұл Кітапта Мұқановтар отбасының достары, туыстары, әріптестері терең ой қозғайды. Ойдың тазалығы және ізгі ниет негізінде Үйдірыс, Салық, Кошан, Мұқан, Әлмағамбет, Жарылғап ақсақалдардың ұлдары мектеп-университетте оқыған кезден бастап мәңгі достасқан. Сол ыстық қатынастар арқылы олар Отанға, қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, ана тіліне шынайы қызығушылық танытты. Есіл өнірі – қадірлі, абыройлы тұлғалардың туған жері: олардың қатарында ардақты ұстаздар мен ғалымдар, белгілі жазушылар, ақындар, сөз шеберлері. Нан қабығыны иісіне дейін қатты бағалайтын, «ашаршылық» жылдарында дүниеге келген, ересектермен бірге колхоз даласында бірге жұмыс істеген, майданға хат жазған, тірі қалғандар осы ағаларымыз...

Достық әлемі өте нәзік. Бұл кітап дайындалып жатқан кезде, 2021 жылы 30 наурызда жүректерінде Солтүстік Қазақстан аймағын әрдайым алып жүретін Мұқановтар отбасының ең жақын достары: өз талантымен әлемді бағындырған архитектор Шот-Аман Уәлиханов және 18 мамыр күні белгілі академик Аманжол Кошанов бұл әлеммен қоштасты. Топырақтары торқа, арттары қайырлы болсын...

Мұқановтар отбасы құрмет тұтқан азаматтары мен ірі тұлғалар, сыйласқан достары, қоғам қайраткерлері туралы мәлімет жинауда, көлемді мақалакітап шығаруда, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, ерекше мейірім шапағатын бөлуде ерекше із қалдырды.

Бұл басылым болашақ үрпақтардың тәрбиесіне үлгі болғай. Алдыңғы үрпақтардың ұстанымдары мен басымдықтары өз халқын сүйетін әр отбасында қолданылуға лайық деп білеміз.



Дорогой читатель!

Эта Книга задумана не совсем обычно – в ней, как в живом букете собраны голоса людей, как покинувших этот бренный мир, так и здравствующих по сей день. Разных тембров и тональностей, высокие и низкие, звонкие и приглушенные, каждый голос со своей индивидуальной окраской. Все вместе они сливаются в единой гармонии, будучи адресованы такому же читателю, который (мы надеемся) проявит еще больший интерес к познанию смысла Жизни.

Аромат полевых цветов способен вдохнуть Веру в отчаявшихся, точно также и доброе Слово становится путеводителем для путника в долгих странствиях. Жившие шестьдесят с лишним лет душа в душу, сын Мұқана Қайролла и дочь Ақана Қульзаги оставили нам Надежду в справедливость и гуманность, которым сами не изменяли. Их дуэт, исполненный без фальши, был, есть и останется своеобразным, очень чутким камертоном.

Они умели слушать и понимать, вдохновлять тонко и мудро, самостоятельно выверяя правильный курс в череде испытаний на прочность. Умение это приходит не к каждому, оно есть огромный каждого-дневный плод труда над самим собой. Познав себя, человек ищет и находит свою «половинку», свои крылья, созвучие, оплот. Мысли и дела, слова и ощущения становятся общими, питая новые замыслы во благо людей.

Жизненная философия Кайроллы Муканова достойна изучения. Она отвечает на сакральные вопросы: как оставаться Человеком и ориентиром для учеников, родных и близких, последователей?



Горячо люби свою Родину, смело и твердо иди только вперед, цени настоящую дружбу. Приноси пользу обществу, открывай новое, воплощай задуманное. Учись и учи добру, миру, терпению. Завещанное им многим поколениям казахстанцев Знание освещает и греет, сплачивает и зовет к новым открытиям.

В Книге звучат голоса Друзей семьи Мукановых, цементируя вехи ее интересной насыщенной жизни. Чистота помыслов сдружила со временем учебы сыновей Ыдырыса, Салықа, Кошана, Мұқана, Альмағамбета, Жарылгапа. Настоящие отношения, основанные на фундаменте любви к Отчизне, интереса к истории своего народа, профессии. Рожденные в годы «ашаршылық», ценившие даже запах хлебной корки, вместе со взрослыми работавшие на колхозном поле, писавшие письма на фронт, выжившие... Их принципы и приоритеты живут сейчас в потомках: детях, внуках, правнуках. Каждое следующее поколение стоит на плечах отцов. Поколение отцов – Рыцари науки и искусства, просвещения, уважительные к традициям дедов, семьи, хранительнице очага.

Великое – в простоте, гениальное – рядом. Надо только правильно выбрать ракурс. Великолепный рукотворный мир Дружбы, в орбите которого важно строить свои собственные миры. Пока готовилась эта Книга, 30 марта 2021 года в мир иной ушел Шот-Аман Валиханов – близкий друг семьи Мукановых, носивший в своем сердце «малую» Родину – Северный Казахстан. Большой потерей для всех оказался уход неординарного ученого, академика Аманжола Кошанова 18 мая 2021 года...

Земное братство. Земляки. Притяжение земли в географии места рождения и не только. Северный



Казахстан с его вибрациями сильных личностей и распахнутыми объятиями ученых, писателей, поэтов, тружеников.

Гроздья теплых отзывов от Друзей, земляков, коллег, знакомых о Мукановых-старших наполняют страницы этой Книги.

В назидание будущим поколениям.



Абдрахманов Тілек Әйтімұлы,
Еңбек ардагері,
Қазақ КСР-ның құрметті байланысшысы

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ МӘҢГІ ЕСІМІЗДЕ



Биыл, 2020 жылы мен үшін күтпеген жағдай орын алды. Бір жұма бұрын телефонмен хабарласқан, ардақты ағайымыз Қайролла Мұқанов дүниеден өтті деген сұық хабар келді.

Бұл кісі бала жасынан еңбекқор, өмірінің бір сәтінде текке өткізбейтін ардақты ұстаз, тыңғыштықты тәлімгер, қажырлы қаламгер.

Одақтық және республикалық оқу ісінің үздігі. Солтүстік Қазақстан аймақтық университетінің Құрметті профессоры, тарихшы, өлкетанушы, жазушылар одағының мүшесі, ұстаздардың ұстазы. Олай деп айтудыма негіз болатын, зейнеткерлікке шығарының алдында отыз жылдан астам табжылмай облыстық білім басқармасы бастығының орынбасарлық қызметін абыройымен атқарғаны елге мәлім. Тимирязев ауданының «Ынтымақ» ауылы – «13 жылдық» колхозында жұпымын тұрмыстық қазақ отбасында дүниеге келді. Тұған аулы «Ынтымақ» жөнінде әрқашан еске ала отырып, мынандай бір шумақ естелік жазған еді:



Атыңнан айналайын Ынтымағым,
Көрмесем сені екі-үш ай ынтығамын.
Жүрсем де сенен жырақ алыс жерде,
Өзінде менің мәңгі ынтық зарым.

Осы кішкентай ауылда бастауыш мектепті қазақ тілінде тәмәмдәп, әкесінің інісі Құрман ағасы «орысша білім алу керек» деп ауылдан жеті шақырым жердегі «Дмитриевка» 7 жылдық мектебіне оқуға апарады. 4 сынып бітірген Қайролла мектеп директорының бүй-рығымен екінші сыныпқа отырғызылады. Ол 7 жылдық мектепті тәмәмдәған соң, аудан орталығындағы «Маръевка» орта мектебінде оқып, оны үздік – күміс медалімен тәмәмдәп, Алматыға оқуға аттанады. Алматыда «Қазақ мемлекеттік университетіне» түсіп, бес жылдан кейін, оқуы аяқталған соң, елге оралды.

Туган ауданының «Целинный» совхозында үстаздық қызметін атқарып, біраз тәжірибе жинақтап, «Октябрь» аудандық оқу бөлімінің бүйрығымен «Городецкий» жетіжылдық мектебіне директор қызметіне тағайындалады. Көпжылдық жинаған тәжірибесін және үйімдастырушылық қабілетін ескере отырып, 1971 жылы Білім және ғылым министрлігінің бүйрығымен облыстық оқу басқармасының орынбасарлық қызметіне тағайындалады. Ол қызметте Қайролла ағай көп жыл облыс мектептерінің білім беру саласында тыңғылықты қызмет атқарып, оқу-тәрбие жұмысын жоғары деңгейге көтеру үшін қажырлы еңбегімен мектеп ұжымдарының істерін ілгері бастыруға үлкен ықпал жасады.

Ол кісі зейнетке шыққаннан кейін, облыстық мұражайдың құрамындағы «Асыл мұра» орталығында көп жыл тұрақты, жемісті еңбек етті. Ол жылдары



кеңес үкіметінің солақай саясатының салдарынан, отанымыздың аты атальмай жатқан біраз саңлақтарының атқарған істерін, елге сіңірген еңбектерін жарыққа шығару үшін көп еңбектенді. Эріптестермен бірге Омбының, Троицкінің, Мәскеудің, Алматының мұрағаттарынан көп тарихи құжаттарды іздең тауып, біраз дүниені жарыққа шығарып кітаптар ретінде елге ұсынды. «Асыл мұра» орталығынан шыққаннан кейін, үйде отырып та, көп еңбектенді. Үйде отырған жылдары өз атынан бірнеше кітаптар жазып шықты. Үкіметке, халыққа адал еңбек ете отырып, жұбайы Құлзаги Ақанқызымен үш қыз, бір ұл тәрбиелеп, қатарға қосты. Ол кіслердің еңбекқорлыққа тәрбие-леген балалары, әрқайсысы әр салада тыңғылықты қызмет атқаруда. Гүлнәр ғылым кандидаты деңгейіне ие болды. Жиені Олжас жоғарғы білімді, елордада лауазымды қызмет атқарады. Отбасын құрып, атасы Қайроллаға, әжесі Құлзагиге екі шөбере сыйлады.

Қайролла ағаймен 1975 жылдары менің қызметім облыс орталығына ауысқаннан бастап жиналыстарда кездесе бастадық. 1980-ші жылдары жолдасым Қабдрахман Мұратұлы, бәйбішесі Ақнұр Бейсекей-қызы, ақниет кеңпейілмен жасаған дастарhanында алғаш рет Қайролла ағаймен, Құлзаги бәйбішесімен дәмдес болдық. Осыдан кейін әртүрлі себептермен, отбасымызбен аралас-құралас болдық.

1992 жылы қыркүйек айында Қайролла ағай «Есіл» мейрамханасына облыс әкімінің қолдауымен атқарылған салтанатты, торқалы тойға арналған жиынға жолдасым Қапура екеуімізді шақырды. Сол жолы Қайролла Мұқанұлының 60 жасқа толу жиыннына біраз қызметтес болған жолдастары, оку ағарту саласының бірнеше ардагерлері қатысып, құттықтау сөздерін



сөйледі. Қарапайым, кішіпейіл мінезді Қайролла ағайымыздың достары арасында атақты академик Шота Уәлиханов, қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов, академик-ғалым, жерлес Аманжол Қошанов, ардагер-ұстаз Валентина Кондратова, Жақсылық Фалеев және тағы басқалар құттықтауларын сөйледі.

Қайролла ағай Городецкий мектебінде директор болып тұрған кезінде, оны мектепті алтын медальмен бітірген Рыб Константин құттықтады. Қайролла ағаның сол мектепті алтын медальмен бітірген түлегі, техника ғылыминың докторы, профессор Баешова Ажар Коспановна құттықтауын жолдады.

Әңгіменің басында айтылғандай, менің естелігімде Қайролла ағай өмірінің бір сәтін текке өткізбейтін өзіне де, қызметтестерге де өте талапкер адам еді, бірнеше кітап жарыққа шығарған. Оның бірі – 2017 жылы шыққан «Өмір белестері». Осы кітапті оқи отырып, Қайролла ағай өмірінің бір күнін де бос өткізбейтініне бір мысал келтіре кетейін:

«2016 жылы 28 қыркүйекте МТРАдан журналисттер Ақбөпе Тәңірберген және Ксения Луценко келіп, менен интервью алды. Дәл сол кезде облыстық білім басқармасының бастығы Шолпан Каринова мен оның орынбасары Кулпаш Қалғожина және бір-екі қызы, оператор-фотограф Вадим Мударисов келді. Шолпан мені қарттар күнімен және мұғалімдер күнімен құттықтап, Білім және ғылым министрлігінің және облыс әкімі Ерік Сұлтановтың алғыс хаттарын тапсырды. Сол кезде... Алматыдан Гүлнэр келді.

29 қыркүйекте мұғалімдер білімін жетілдіру институтында менің «Из истории народного образования Северо-Казахстанской области» атты кітабімнің тұсаукесерін өткізді және менің басқа



да кітаптарымның көрмесін жасады. Институттың бұрынғы және қазіргі қызметкерлерімен курсқа келген мұғалімдер қатысыпты. Институттан Сұхраб Бекжанов деген жас қызметкер келіп, мені тұсаукесерге келгендермен байланыстырып, олармен сұхбаттастырды. Бәрі жақсы өтті.

Кешке В. Е. Корчевский, Д. Н. Демьяненко, Мұрат Жантілеуов, Гүлгүл Қуатқызы телевизордан көргенін айтып құттықтады.

1 қазан күні Тілек Абдрахманов келіп, мұғалімдер күнімен құттықтады. Мен оған төрт кітап сыйладым.

5 қазан күні Дағиянұр мен Ақнұрға Қабдрахманның отыз фотосын реттеп, оған арналған еске алу жыйынды жүргізушіге сөз жаздым».

Осы мысалдарды келтіре отырып, Қайролла ағаның бір минутын, бір секундын босқа өткізбегеніне көз жеткізгім келеді.

Айта кетерлік бір жайт, бұл кісі әрбір іске үлкен жауапкершілікпен қараушы еді.

Үлкенді, кішілі жиындарға, торқалы тойларға әр кезде үлкен дайындықпен келетін, шығармашылық мүмкіндіктерінде жарқыратып жариялай алатын. Бұған дәлел – уш томдық «Арнаулар» жинағы. Ол жинақтардың ішінде біздің отбасымызға арналған бірнеше шумақтардан тұратын шығармалар бар. Қаптура, мен екеуіміздің елу жыл бірге болған торқалы тойымызға арнаған шығармасынан бірнеше шумақ келтіре кетейін:



«Ааратқа» жиналыпты көп халық,
Жиналудың себебі де бізге анық.
Қапура мен Тілек бауыр екеуі,
Алтын тойын жатыр бүтін қолға алып.

Талай – талай дос інімнің сырды бар,
Мінезі бар шапқан сайын шынығар.
Қапура да одан қалыс қалмайды,
Жалғыз сырлы бойында сан қыры бар.

Тамаданың сөзі мені қыздырды,
Аз сөйлеуші ем, ой келіп тұр жұз түрлі.
Тілекжанның шын бақытты болғаны –
Қарсы алдында Қапурадай қыз тұрды.

Қайролла ағайдың еңбекқорлығында шек жоқ, әрқашан бұл кісінің жұмыс үстелінде «Егемен Қазақстан» «Солтүстік Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қызылжар нұры», «Северный Казахстан» газеттері, «Ақиқат», «Айқап» журналы басқа да көптеген БАҚ өнімдері жатушы еді. Бұл басылымдар ағаның күнбе-күн серіктестері еді. Осы басылымдарды күнбе күн оқы отырып, елімізде аймақтарда болып жатқан жағдайлардан әрқашан хабардар болып отырған.

Ара тұра, жергілікті газеттерде менің жазған бірен-саран мақалам шыға қалса, ағай оны міндепті түрде оқып шығып, өз пікірін не телефонмен, не құптап білдіруші еді.

Қайролла ағай газеттерге өз мақалаларын қазақша да, орысша да, жиі жарияладыбын.

Ғасыр куәгері «Солтүстік Қазақстан» газетіне бұл кісі тұрақты тілшідей еңбек сінірді.



Білім мен мәдениет саласын жетілдіруге зор үлес қосқан адам.

Іскер, еңбекқор, кеңпейіл, жомарт жан. Оған мысал мына шумақтары:

Өмірде дүние мал
Кітаптан көп жинамадым.
Жақсы көрген жолдасқа
Жақсы кітап сыйладым.

Багаламас наданға
Кітабымды қимадым.
Көкімбектей жолдастың
Кітаптарын ерекше
Іздеп жүріп жинадым.

Дүние қуып басқа байлық жинауға құмарланбаған.
Тілекке деген бір шумақ:

Жинадым туған өлкे тұлғаларын,
Білсін деп үлкен-кіші, барлық қауым.
Сыйладым Тілекжан мен Қапураға,
Жүрсін деп есіне алып ағаларын.

Қайролла ағайдың өнегелі ісінің бірі – облысымыздың бірінші болып Сәбит Мұқанов атындағы орталық кітапханаға көпшілік оқырман пайдалансын деп, көп кітап сыйға тартуы. Бұл көпке үлгі боларлық парасаттылық.

Бәйбішесі Күлзағимен алпыс жылдан аса бірге өмір сүріп, ынтымақ бірлікте, сыйластықта, адал сүйіспеншілікте, балалардың тәрбиесінде тізе қосып еңбектеніп, отбасының береке бірлігін бірге туып,



бірге өсіріп, жақсы жетістіктерге жеткен балалармен, немере шөберелердің жетістіктеріне адал, шына-йы ортақтас ретінде бәйбішесі Күлзагиді қадір тұтіп шынайы сипаттап, «Сенің арқаң» деген шумақтарын арнады.

Бірде ыстық, бірде суық мына күн,
Өмір жолы оңай емес, шырағым.
Ыстығына шілде айдың, суығына қаңтардың
Екеумізде тәуекел деп шыдадық.

Аурудың да көрдік талай жаулығын
Сенің арқаң менің бүгін саулығым.
Жас баладай әлпештедің аялап
Жан серігім, қәдімгі ақ жаулығым.

Қайролла ағай бесінші шілде күні, он алты тәуліктен кейін жиырма бірінші шілдеде Күлзаги тәте де дүниеден озды. Алпыс жыл бір-біріне адалдықтын жалғасындаі, екеуі бір айда дүниеден озды. Қайролла ағаймен Күлзаги апайдың жарқын жүздері шынайы адалдықтың бейнесіндей ешқашан ұмытылмайды.

**Алибекова Куляш Исламовна,
инспектор Облоно по школам-интернатам,
детским домам,
ветеран педагогического труда**

ПАМЯТИ КАЙРОЛЛЫ МУКАНОВИЧА



заслушиваться на бюро обкома партии.

Комиссию возглавлял первый заместитель заведующего Облоно Кайролла Муканович Муканов. Как мне показалось, человек он был скромный, простой в общении. Я старалась активно участвовать в проверке (ранее работала в Целиноградском гороне инспектором): посещала уроки учителей русского языка и литературы, давала кое-какие методические рекомендации.

Кайролла Муканович, вероятно, почувствовал мое тяготение к школе, и вскоре пригласил работать в Облоно. Назначил меня инспектором по школам-интернатам и детским домам. Работа была интересна и многообразна, она целиком поглощала все мое время.

То был семидесятый год двадцатого столетия. Я встретилась впервые с этим человеком. Будучи старшим методистом областного управления профессионально-технического образования, участвовала в комиссии по проверке состояния учебно-воспитательной работы общеобразовательных школ Сергеевского района, результаты которой должны были



Но нам, инспекторам крупно повезло в те годы на руководителей прежде всего в том, что у истоков областного образования стоял высоко эрудированный, глубокой культуры человек В. И. Сакун, а его первым заместителем был К. М. Муканов – человек с такими же качествами.

Именно они создали команду первоклассных педагогов, составивших впоследствии костяк директоров школ и работников района.

Кайролла Муканович был удивительным, неповторимым человеком. Казалось, все лучшие человеческие качества соединились в нем одном.

Его сердце было открыто для всех, кто обращался к нему за помощью по разным проблемам. Тонко чувствуя психологию людей, от природы обладая удивительной деликатностью и тактом, он умел слушать людей, пришедших на прием, и на нас, подчиненных, никогда не повышал голоса, разговаривая даже с самым нерадивым директором, старался понять причину и помочь, порой в ущерб себе.

При проверке работы маститых преподавателей, опытных директоров школ, детдомов нам, инспекторам придавало сил и уверенности осознание того, что с нами рядом Кайролла Муканович.

Но при всей доброте и легкости, он мог быть требовательным и принципиальным.

Его главные добродетели – сострадание, готовность прийти на помощь. Особое внимание уделял детским домам, постоянно интересовался проблемами быта, питания, медицинского обслуживания воспитанников, оказывая ощутимую помощь.

Кайролла Муканович – человек духовный: любил книги, много читал. Занимался историей нашего



края, изучал архивные материалы. Сам он многие годы писал статьи, очерки и книги. Среди его публикаций – серия статей о великих казахских мыслителях, поэтах раннего периода.

Он – автор ряда научно-публицистических статей, в которых рассказывается о дружбе народов, о толерантности казахов, их гостеприимстве и заботе о немцах, чеченцах и др., оказавшихся здесь в годы войны не по своей воле.

Его перу принадлежит еще множество статей в различных изданиях по методике и педагогическим вопросам. Также были выпущены пособия по краеведению и истории области творческой группой учителей, созданной под руководством Кайроллы Мукановича.

Кайролла Муканович Муканов – отличник образования Республики Казахстан и отличник просвещения СССР.

Он был счастлив в семейной жизни, гордился дочерьми, обожал единственного сына-наследника. Глубоко уважал свою супругу. Эта любовь была взаимна. Когда здоровье Кайроллы Мукановича пошаливало, он периодически на стационаре поправлял его под постоянной любовной опекой Клавдии Акановны.

Трогательная забота с какой она относилась к мужу достойна особого уважения. Клавдия Акановна была не только женой, но и верной подругой на протяжении многих лет и до конца жизни!

Ахметова Эдия Ысқаққызы,
ардагер ұстаз

ЖАҚСЫ АДАМ – ЕЛДІҢ ҮРҮСІСЫ

Қайролла Мұқанұлы Мұқанов туралы бұрын да біраз естеліктер, биографиялық очерктер мен ақпараттар жарық көрген, әлі де жазылатын болады.

Ол кісінің өңірімізде білім саласының даму барысындағы атқарған істері, енбекқорлық, адамгершілік, ұлтжандылық, ғылым мен білімге деген құштарлығы, зерттеушілік қабілеттерін, т.б. жастарға үлгі, өнеге болатындей адами қасиеттерін, өмірлік тәжірибесін қанша насиҳаттасақ та көптік етпейді.

Қайролла Мұқановпен мен өткен ғасырдың 80-ші жылдардың басында таныстым. Облыстық, қалалық партия комитеттерінде жұмыс атқарған кезімде қызмет бабында жиі кездесіп тұрдық.

Кейін, Қайролла ағамызбен облыстық білім беру басқармасының аппаратында бір жылдай бірге қызметтес болдық.

Ой-өрісі кең, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын ол облысымында қазақ мектептерінің салының азайып, ана тілінің мәртебесі төмендей бастағанда аудан, шалғай ауылдарда орналасқан қазақ мектептерінің жағдайларының жақсаруына мүқият





назар аударып, оларды тиісті мамандармен қамтамасыз етуде тиянақты енбек етті. Жергілікті білім беру бөлімінің басшыларына, мектеп директорларына қазақ балаларына ана тілінде оқуға жағдай жасау керектігін үнемі ескертіп, оны қадағалап отырды.

Іс-сапармен аудан, ауылдарға барғанда міндетті түрде ата-аналармен кездесу өткізіп, әңгімелесіп, балаларын қазақ мектептеріне беруге үгіттеп, жастардың ана тілінде оқып, білім алғанының тиімді екенін барынша түсіндіретін.

Қайролла Мұқановтың қоғамда да беделі жоғары адам болды. Ширек ғасырға жуық білім басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарып, зейнеткерлік жасқа жетіп, құрметті демалысқа шыққанда орнына басқа үлттың өкілі тағайындалды. Билік орғандарының бүл шешімі қөвшіліктің, әсіресе, зиялы қауым өкілдері, журналистердің көңілінен шықпады.

Өздерінің өткір сөздерімен, ана тілінің мәселесіне байланысты өзекті мақалаларымен көзге түсіп жүрген, үлттық мұддені, тілді қорғауда тайсалмайтын азаматтар Мәлік Мұқанов, Зейнолла Экімжанов, Өмір Есқали, Қошан Қали т.б. «бүл орында қазақ мектептерінің, ана тіліміздің жанашыры, үлттық кадрлармен, ұстаздармен өз тілдерінде сұхбаттаса алатын және Қайролла Мұқанов сияқты тұлғаға лайық адам отыру керек» деген пікірді ашық айтқан болатын.

Бірде мені облыс әкімінің орынбасары шақырып алдып, бір сағат уақыттың ішінде облыстық білім беру басқармасының орынбасары қызметіне лайықты қазақты табу керек деп шұғыл тапсырма берді. Мен ол кезде жаңа құрылған облыстық тілдер басқармасының басшысы қызметін атқарып жүргенмін.



Тапсырма тосын болса да, көп ойланған жоқпыз, тіл жана шырлары мен ақылдасып М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің оқытушысы, ғылым кандидаты Тайжанова М.М-ның кандидатурасын ұсындық.

Мұқарам Мырзатқызы терен білімді, белсенді, өзіне жүктелген міндеттерді абыраймен атқарып, ана тіліміздің жаңғыруына, облыс орталығында бірнеше қазақ мектептерінің, жоғарғы, арнайы орта оқу орындарында қазақ топтарының ашылуына ат салысты.

Қайролла Мұқанұлы зейнеткерлікке шыққаннан кейін, қоғамдық жұмысқа белсene араласып, облыс орталығында жаңа ашылған қазақ мектептерінің оқушыларымен, мұғалімдерімен кездесіп, саяси, тәрбиелік мәні зор ақыл-кенестерін беріп, оқу орындарының дамып, педагогикалық ұжымының қалыптасуына көмек жасады.

Қайролла ағамыз салауатты өмір салтын берік ұстанған адам, оған дәлел, 2002 жылы атақты жерлесіміз жазушы Ғабит Мұсіреповтің 100 жылдық мерейтойы қарсанында «Егемен Қазақстан» газетінің бастамасымен ұлы жазушының құрметіне оның туған елі Жаңажолға бір топ адам жаяу бармақшы болған (208–210 км). Жаяу сапаршылардың ішіне бас газетіміздің журналистері, басқа да азаматтар кірген. Соның ішінде Қайролла ағамыз да болған.

Менің өмірден ерте өткен жолдасым, журналист Мәлік Мұқанов ол уақытта «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болып жұмыс істейтін. Облыс орталығынан сапаршыларды салтанатты түрде шығарып салдық.

Арада бір екі күн өткеннен соң, Мәкен екеумізде жолға шығып Дубровное селосына кіре бере сапаршыларға арттарынан жетіп қазақтың дәстүрімен оларға



дастархан жайдық. Сонда байқағаным, жасы 70-ке таяп қалса да, Қайролла ағамыз сыр бермей, бәрінен тың көрінді. Ауылға жеткенше үнемі алда жүріп отырған.

Кейінгі кезде Қайролла Мұқанұлы денсаулығы сыр берсе де, қоғамдық жұмыстан тыс қалған емес.

2018 жылы «Ардагерлер үйімі» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің бастамасымен Елорданың 20 жылдық мерейтойына арналған шығармашылық байқау үйімдастырған болатын.

Осы байқауға қатысу туралы облыстық ардагерлер кеңесі өтініш білдіргенде ол кісі бірден келісті. Қайролла ағамыздың «Үміт пен сенімнің рәмізі Астана» деп аталған мақаласы байқау нәтижесінде үздік деп танылып, «Ғасыр ғажайыбы – Астана» атты жинаққа енді.

Аяган Бұркітбай Фелманұлы,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Мемлекет тарихы институты
директорының орынбасары

ҚАЙРОЛЛА АҒАМЫЗ ТУРАЛЫ. ОРНЫ БӨЛЕК АЗАМАТ

Мен Қайролла ағамызбен 1990-шы жылдары елге қызыметтік іссапармен келгенде танысқан едім. Ол кісі бірден қарапайым, инабатты, мәдениетті азамат болып көрінді. Алматыдан келгесін, ағамызбен басында жалпы әңгімелесетінбіз, кейінірек жерлес екенімді білгесін жақын тартып, қай ауылдан, қайда оқыдың деген әңгімеге көштік. Таныс азаматтар да табылып сұхбатымыз жаразты.



90-шы жылдары еді. КСРО құлдырап, көптеген ағаларымыз кімге сенерін білмей, қай бағытпен жүруін түсінбей жүрген кез болатын. Шынында да қын заман еді.

Бірақ Кайрекең тәуелсіздік алғанымызға қатты қуанатын. Жалпы басқа өнірлерге қарағанда сталиндік геноцид, оқыған көзі ашық азаматтар біздің елде көп шығынға ұшырағаны көрініп тұратын. Жұмыс бабымен республиканың түкпір-түкпірінде болатынмын. Сондықтан, әрине, көп жағдайды байқап саралаушы едік.

Кезінде Қожаберген жырау, Сегіз сері мен Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Мағжан мен Сәбен, Габең мен Сафуандар шыққан елдің мәдениеті тозып, тілі курмеліп қалғаны анық көзге түсетін. Ал Қайролла ағамыздай азаматтар сол алыптармен жас буын арасындағы алтын көпір болды.

Бұл жай сөз емес. Соның бірі ағаларымыз ашқан «Асыл мұра» орталығы болды. Үш ақсақал ашқан одақ көптеген жұмыс атқарып жатты. Кеткен арыстарды түгендереп, ел туралы талай кітаптар сол үш азаматтың қолынан шықты. Ондай кітаптар елге өте қажет болатын.

Кейінірек, өзім өскен Ақтас ауылы туралы кітап шағармақшы болғанда «Асыл мұраны» іздеп бардым. Ағалармен ақылдасып, олар елге барып материал жинамақшы болды. Кейін қар жауды ма, жаңыр болды ма, оған қарамай ауылға барып та келді.





Алаш Орда тарихын зерттегенде Жұмағали Тілеулин туралы мәлімет жиі кездесетін. Архивте, протокол құжаттарында, естеліктерде. Сталин зұлмат жылдарында ұсталып, шахид болған азаматтың атын қайта тірілтіп, арнайы зерттеу жүргізген ғалым осы Қайрекең болды.

Бір қызығы, Қайрекең екі тілді тамаша менгерген адам болатын. Сөйлеп кету қын емес қой, ал қағазға түсіріп жаза білу әркімнің қолынан келе бермейтіні белгілі. Сондықтан болар Қайрекең Мағжанды, Баймағамбет Ізтолин басқа да көптеген қазақ жазушылары мен ақындарды орыстілді қауыммен шеберлікпен таныстырып насиҳаттай білді.

Сонымен қоса, ағамыз Сегіз сері, Қожаберген батыр туралы біршама зерттеу жұмыстарын атқарды. Ол оңай еңбек емес еді, өйткені өткен ор дәуірінде асыл азаматтар тарихы, өнері зерттелмеген, елге айтылмай келгені белгілі. Өкінішті жағдай, енді ел тарихын Қайрекең, Галым, Социал ағамыздай кім зерттейді?

Тарих ғылымына маңызды мәселе – жаңағы қазіргі тілмен айтқанда – «макро», яғни жалпы, әлемдік тарихпен қоса «микро», яғни туған жер, аймақ тарихын зерттеу деген де болады. Қайролла ағамыз «Асыл мұра» арқылы солтүстік өңірдегі жер-су, ауыл-аймақ тарихын зерттеуге көп үлес қосты. Соның арасында өзінің туып өскен «Ынтымақ» ауылының тарихы және басқа да мекендер мен атақты азаматтар өмірбаяны туралы көптеген еңбек жазып шығарғаны белгілі.

Сол еңбектер арасында Барлыбаевтар әулеті туралы арнайы дайындалған жинақ болатын. Барлыбаевтар әулеті кезінде атақты кәсіпкер, бай-меценат Әлти бабамыздан басталады. Ол азамат Алашқа да көмек көрсеткен, елге де пана болған. Дәулетті бай Әлтиді



Сәбит Мұқанов «партиялық идеология» тарапынан жазып кеткені белгілі. 1930-шы жылдары сол дәүләтті бабамыз кәмпескеге ұшырап қудаланды. Бірақ, Құдай бар, ол кісінің ұрпағы өніп-өсіп қазір елдің қатарында. Ұлдары елге танымал азаматтар болып шықты. Ал ақиқатын қауымға Қайролла ағамыз айтып берген болатын.

Бірден байқалmas, бірақ мұндай еңбектердің маңызы уақыт өткен сайын аса түсетені белгілі, ертең-ақ алтын қорға кіреді.

Қайролла және де осындай отанышыл, зиялды қауымның еңбегі арқасында Қожаберген жырау, Мағжан, Баймағамбет сияқты Алаштың әйгілі азаматтарына ескерткіштер қойылып, көше, ел атаулары өзгерді.

Қайролла ағамыз мемлекет тарапынан қабылданған «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламаларды қуана



қарсы алып қостап отырды. Мұндай азаматтардың орны бөлек!

Міне, Алланың берген ғұмырында Қайролла ағамыздың атқаған еңбегінің қысқа тізімі. Жатқан жері торқа, алды жарық болсын!

Баешов Әбдуали Баевич,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының
академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты, ҚР Еңбек сіңірген өнертапқышы,
химия ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЙРОЛЛА АҒАМЫЗ – АКАДЕМИК Е.А. БУКЕТОВ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ



Қазақтар мынадай философиялық ойды жиі айтады еken – «Елу жылда ел жана, жүз жылда қазан» деп. Жас кезімізде өмірлік мағынасы бар бұл айтылған ойлы сөзге оншалықты мән бермей жүріппін. Міне, мен өзім жетпіс жастан асып барамын, ал өмірдің өзі көрсетіп отыр, жас кезімізде бізге ақыл айтып, жол көрсетіп, біздерге тілекtes болып жүретін ағайын туыстарымыздан, туысқандай болып кеткен ағаларымыздан біrtіндеп айрылып келеміз.



Біз кішкентай жас бала кезіміздегі салиқалы орта жастағы аға-көкелеріміз түгел дерлік бұл өмірден өтіп кетіпті. Олардың ішінде – өте ақылды, парасатты, көпті көрген, бізді тәртіпке, білімге баулаған аға-көкелерімді жиі есіме алып, олардың бет-келбетін, бейнелерін көзіме елестетіп, сағынышымды басқандай болып жүремін. Эрине, бұл кезде алғаш болып әкем мен шешем, ағаларым, бауырларым, нағашыларым есіме түседі.

Мен XX-шы ғасырдың орта кезінде өмірге келдім, қазақтың бұрынғы өмір-салты, қазіргі өмір ағымына байланысты өз занұлығымен өзгеріп жатқаны белгілі. Бұрынғы адамдардың өмірі негізінен өз ағайын-жұртының жанында ғана өтсе, қазіргі өмір тіpten басқаша.

Қазіргі кездегі әрбір адамның өмірі, көп адамдар жұмыс істейтін қоғамдық мекемелерде, өндіріс орындарында өтіп жатыр емес пе? Тіпті таңертең күн шыға бастағанда үйінен шыққан адам, күн батарда ғана өз жанұясына келеді. Демек, адамның бүкіл жарық кундегі өмірі әрқылы адамдар қоғамдарының арасында өтеді. Осылардың салдарынан, қазіргі қоғамдағы әрбір адам өз жанұясымен, туысқандарымен емес, басқа адамдармен қарым-қатынаста көбірек болады. Сол адамдардың ішінен туысқаныңдай, кейде тіпті одан артық жақын болып кететін адамдарды тауып, олармен өте жақын сыйластықта, қарым-қатынаста болады екенсің. Осылардың барлығын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Мен бүкіл өмірімді ғылымға арнаған адамдардың бірімін. Сол себепті менің туған әкемдей, ағамдай болған адамдардың бірі үстазым, ғұлама ғалым, академик Евней Арыстанұлы Букетов болды. Осы



ұстазымның тәрбиесін алып, көп нәрсені үйреніп, ақылдаса жүріп, ғылыммен шұтылданып, ал кейіннен ол кісінің ойларын, ғылыми ұсыныстарын жаңа деңгейде жалғастырып жүрген шәкірттерінің бірімін.

Ол ағамыздың білімділігі, еңбекқорлығы, адамгершілігі, өзінің қоғамдағы әріптерестері және шәкірттерімен қарым-қатынасының өзі, бізді тәрбиеге, адамгершілікке, парасаттылыққа баулыған болатын. Бүтінгі күні аса ірі тұлға, ірі ғалым Евней Букетов арамызда жоқ, ертерек о дүниелік болып кеткен. Ол кісі артында өшпестей із қалдырыды. Өзінің үйымдастырып, аяғынан тік тұрғызған Қарағанды мемлекеттік университетіне Е. А. Букетовтың аты берілді.

Академик Букетовтың қоғамда қалдырыған ізі туралы, ғылыми жетістіктері туралы көптеген мақалалар, кітаптар жарық көрді. Мұның бәрі жарқын болашақ ушін, жастарға тәрбие беру мақсатында жасалып отыр.

Осы атақты ғалым туралы өз жерлестеріне сыр шертіп, Е. А. Букетовтың шығармашылығымен елді таныстырып жүрген қаламгерлердің бірі – Қайролла Мұқанович болды деп айтар едім. Қайролла ағамыздың салмақты және ойлы сөздері, бауырмашылдылығы, ағайындарына және шәкірттеріне деген пейілін байқап, көріп жүріп өзім риза болып жүретінмін. Петропавл қаласына барған сайын ол ағамды көргім келіп, міндettі түрде үйлеріне барып, сәлем беріп жүрдім. Жеңгеміз Күлзаги екеуі, сексен жастан асқан кездерінің өзінде, Қызы Жібек пен Төлегендей бір-біріне қамқор болып, сүйіспеншілікпен қарап отырғандарын көріп, жұбайым Ажар екеуміз тәнті және риза болып жүретінбіз.

Қайролла ағаммен 1976–77 жылдары таныстым, міне қазір 40 жылдан асыпты. Ол кісі менің жұбайым



Ажарға мектепте оқып жүргенде тарих пәнінен дәріс берген екен және сол оқыған мектептің директоры болып қызмет істепті. Ешқандай туыстығы болмаса да, сол мектепте оқытқан шәкіртімен өмірінің соңына дейін қарым-қатынаста болды.

Мектепте жүрген кезінен бастап ақылын айтып, қамқоршы болып, шәкірті Ажардың жоғарғы оқу орнында білім алудына жол көрсетіп жүрген ұстазының бірі болыпты. Ажардың ғылым жолында еңбек етуіне жол көрсетіп, жағдай тудырған да осы ағамыз екен. Ажардың әрбір ғылыми жетістігіне кішкентай бала сияқты қуанып, жиі телефонмен звондал, ал Қарағандыда және Алматыда жұмыс істеп жүргенімізде, осы біз түрған қалаға іс-сапарға келген сайын үйімізге келмей кетпейтін. Шәкірті Ажар – техника ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағына ие болғанда, оның бізден қатты қуанып жатқанын көріп өзіміз риза болатынбыз.

Солтүстік Қазақстан облысының орта білім беру саласында өте көп еңбек етті, облыстық білім беру мекемесін басқарды. Бүкіл өмірін осы салаға арнады десе де болады.

Ағамыз Қайролла өмірінің кейінгі 20–30 жылын таза жазушылық кәсібіне арнады. Солтүстік Қазақстан өніріндегі адамдардың өмірі, түрмисы, еңбектегі жетістіктері туралы жиі жазып, осы өнірдің адамдарын бүкіл қазақ халқына таныстырып журді. Ағамыздың осы бағытта жазылған көптеген кітаптарын өзім оқып журдім. Еңбеккөр ағамыздың 90 жасқа жақындағанға дейін қолынан қаламы түскен емес.

Өмірінің кейінгі жылдарында Қайролла ағамыздың қаламынан солтүстік өнірден шыққан, бірге өсken ғұлама ғалым, академик Евней Букетов туралы



көптеген еңбектер жарық көрді. Өзі көріп, араласып жүрген өз жерлесі академик Е. А. Букетовтың ғылыми еңбектерімен өз облысының және республика-мыздың халқына түсіндіре жазды. Бұкіл республика кеңістігіне таралатын газет-журналдарға белсенді түрде ғалымның ғылыми жұмыстары, адамгершілік қасиеті туралы жазып, жастарды ғылымға, тәрбиеге баулу бағытында да көп еңбек етті.

Қайролла ағамыздың, ғұлама ғалым Букетов туралы жазған еңбектерін көріп, оны жоғары бағалап, үлкен ғылыми орталықтың басшысы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты – Е. А. Букетовтың атақты шәкірттерінің бірі, көп ғылыми жетістіктерге жеткен Абдрасул Жарменов ағамыз Қайролланың енбегін жоғары бағалап, ол кісіге «Академик Е. А. Букетов» атындағы сыйлықтың лауреаты лауазымына ұсынды, оны еліміздің бұкіл ғалымдары бір ауыздан қолдады. Нәтижесінде құрметті ағамыз – Қайролла Мұқанов «Академик Е. А. Букетов сыйлығының лауреаты» атанып, оның алтынмен қапталған медалін омырауына тақты.

Кейінгі елу жылда жақсы да жайсан, қасиетті ағамыздан түгелдей айрылдық деуге болады. Өзім Оңтүстік Қазақстанның тумасы болсам да, солтүстікте өмір сүрген, туған ағаларымдай болып кеткен академик Е. Букетов пен ұстаз Қайролла Мұқанов мен үшін өте қымбат жаңдар еді. Амал бар ма, табиғаттың қатаң заңы, әділетсіз заңдарының бірі – ол асыл ағаларды бұл жарық дүниеден алып кетуі. Амал қанша...

Қайролла ағамыздың балалары мен немерелеріне ұзақ өмір, үлкен абырай, табыстар тілеймін. Ал әкесінің жазушылық жұмыстарын табысты түрде жалғастырып жүрген Гүлнэр Мұқановаға ғылымда,

шығармашылық еңбектерінде үлкен жетістіктерге жете беруіне тілекtes екенімді білдіргім келеді.

Баешова Ажар Коспановна,
*лауреат Государственной премии РК
в области науки, техники, образования,
доктор технических наук, профессор*

УЧИТЕЛЬ, ПИСАТЕЛЬ, КРАЕВЕД И ЧЕЛОВЕК С БОЛЬШОЙ БУКВЫ!

На жизненном пути каждого человека встречаются люди, которые играют ключевую роль в становлении его как специалиста, как личности.

Сегодня, когда я уже сама в солидном возрасте, вспоминая свой жизненный путь, хочу написать несколько строк о человеке, который сыграл немалую роль в моей судьбе. Это Кайролла Муканович Муканов.

Выпускник исторического факультета КазГУ имени С. М. Кирова (ныне КазНУ имени аль-Фараби) Кайролла Муканович начал трудовую деятельность учителем истории в средней школе целинного совхоза имени Н. С. Хрущева Октябрьского района Северо-Казахстанской области. В 1958–1959 учебном году





работал завучем этой же школы. А в августе 1959 г. был назначен директором Городецкой восьмилетней школы того же района. Чуть позже школа была преобразована в среднюю. В этой школе Кайролла Муканович проработал директором 12 лет. Вот в эти годы судьба привела меня в Городецкую среднюю школу. Мы дети, родившиеся в маленьком ауле Баганаты, после окончания четвертого класса вынуждены были уезжать из дома для продолжения учебы. Вот так после начальной казахской школы я попала в пятый класс Городецкой средней школы, где учились только русскоязычные дети (кстати говоря: немцы, украинцы, русские). Каково было девочке 11 лет, ни слова не знающей на русском языке, учиться в русской школе – нужно только представить. В таком же положении оказалась моя сестра Роза, чуть раньше приехавшая учиться в эту же школу. Мы жили на квартире у русской бабушки и начали свою самостоятельную жизнь. Требования к нам были такие же, как и к другим детям, т.е. никаких поблажек не было. Так вот, мы с сестрой очень старались, готовились тщательно к урокам и постепенно влились в коллектив. Научились говорить и писать на русском языке и вскоре стали лучшими ученицами школы.

Кайролла Муканович преподавал нам историю с пятого по десятый класс. Он был очень требовательным педагогом. Часто задавал вопросы на уроках, не давал никому сидеть и скучать. Если ученик сразу не мог ответить на вопрос, он беспощадно ставил в журнал двойку. Потом на следующем уроке задавал новые вопросы и давал возможность исправить двойку. Таким образом, ученик вынужден был постоянно готовиться к урокам и хорошо знать материал.



Его уроки всегда проходили очень интересно. Речь Кайроллы Мукановича была безукоризненной, голос особый, мягкий, никакого акцента, никаких путаниц не было, мы слушали рассказы о Древнем Риме, о Древней Греции, позже о битвах во время Великой Отечественной войны и т.д. как завороженные. Благодаря его увлекательным рассказам мы полюбили историю и очень хорошо ее знали. Мы любили учителя и с нетерпением ждали его следующие уроки. Вот таким учителем был Кайролла Муканович!

Как ни удивительно, мы, будучи учениками средних, затем старших классов, всегда ощущали особенный порядок, царивший в школе. Замечали дисциплинированность, подтянутость педагогов. Как позже выяснилось, Кайролла Муканович очень тщательно подбирал кадры, сам следил за порядком в школе, лично проверял методику преподавания каждого учителя. Очень хорошо помню своих учителей: Эльвиру Ивановну Панову (русский язык и литература), Нину Федоровну Кротенко (математика), Зою Федоровну Чесенко (немецкий язык), Екатерину Лебедеву (химия). Все учителя были преданы своему делу, старались дать больше знаний своим подопечным, привить любовь к своему предмету, привить трудолюбие. Думаю, что тогда в Городецкой школе был очень дружный, сплоченный коллектив педагогов, самоотверженно трудившихся на благо подрастающего поколения. И думаю, что этот коллектив умело был создан незаурядным руководителем и талантливым организатором – Кайроллой Мукановичем Мукановым.

Прошло очень много лет, как я окончила школу. Но до сих пор радуюсь тому, что я учились у Кайроллы Мукановича. Он уже тогда был высокоорганизованным,



подтянутым, умеющим ценить время специалистом. Он был всегда примером для подражания. По всей вероятности уже тогда мы начали готовить себя к большой жизни. Незаметно для себя, благодаря таким учителям, как Кайролла Муканович, мы начали подтягиваться, учились ставить перед собой большие цели, учились думать, анализировать, что нам и помогло в дальнейшем при выборе и освоении профессии. Хорошо помню уроки обществоведения, которые вел также Кайролла Муканович в десятом классе. Помню, как он объяснял механизм перехода от одной общественно-экономической формации к другой. Позже, во время учебы в университете, я очень легко сдала экзамен по историческому материализму, опять же благодаря тем основам, которые были заложены на уроках Кайроллы Мукановича.

В старших классах на уроках, а также на каких-то мероприятиях всегда было приятно слушать речи Кайроллы Мукановича, которые были наполнены смыслом, как-то незаметно, ненавязчиво он нас учил жизни, учил ценить время, учил уважать учителей, одноклассников, учил уверенно смотреть в будущее.

Настало время, мы окончили школу и разлетелись кто куда. Но лично я никогда не забывала своего учителя. Когда приезжала на каникулы, обязательно приходила к Кайролле Мукановичу поздороваться, рассказать о своей учебе в университете. Позже приходила к нему с супругом, детьми, советовалась по жизненно важным вопросам. Кайролла Муканович и его супруга Кулзаги Акановна всегда радушно нас встречали, накрывали дастархан и вели мы беседу о жизни, о книгах, о науке, об обществе, о переменах в обществе. Вот такая дружба у нас потом завязалась...



В это время он уже работал в г. Петропавловске – областном центре. Его особое трудолюбие, особенный талант организатора не остались незамеченными. Его назначают заместителем заведующего Северо-Казахстанского областного отдела народного образования, т.е. он продолжает трудиться в сфере образования в руководящей должности долгие годы. Опять же его отличает большое трудолюбие, преданность любимому делу. В то же время Кайролла Муканович работает постоянно творчески. Он активный общественник, публицист. Часто публикуется в областных и республиканских газетах, пишет статьи на злободневные темы образования.

Его творческая работа постепенно перерастает в краеведческую деятельность. Много сил и энергии он отдал сбору материалов и публикациям о знаменитых земляках североказахстанцах. Неустанно трудясь в областных, республиканских архивах, государственном архиве Омской области, архиве г. Тобольска и др. и беседуя со старожилами, собирает огромный материал, представляющий историческую ценность. Благодаря его трудам стали известны неизвестные ранее штрихи биографии таких знаменитых личностей как Магжан Жумабаев, Миржакып Дулатов, Ахмет Байтурсынов и др.

Например, книга «По следам Магжана» – «Магжан ізімен» глубоко затронула струны души читателя. Об этом очень трогательно написал академик С. Козыбаев: «Простая правда снисходит на тебя как данность, и ты становишься чуть добре, утихают извечная суeta. Ты мысленно стоишь перед поэтом из поэтов, как на исповеди, прикасаешься к его нежной и одновременно пламенной музыке стиха...».



Незаурядный ум, тонкость души самого автора позволили подняться до понимания поэта. По словам академика М. Козыбаева – это «большой труд, движение, даже подвижничество» Ведь удалось «по крупицам восстановить его путь, через тернии, ввысь».

За этим отзывом весь Кайролла Муканович! Его неустанный труд, его поиски, его внутренний мир, его увлеченность, преданность, его утонченная душа.

Удивляет его трудолюбие, кропотливость, аккуратность, методический подход к любому делу. Эти качества способствовали создать и выпустить ряд книг и статей о творчестве академика Евнея Букетова, академика Аманжола Кошанова, поэта Какимбека Салыкова, архитектора Шоты Валиханова, писателей-земляков Сабита Муканова, Габита Мусрепова, Ивана Шухова, Сафуана Шаймерденова, Герольда Бельгера, Кожабергена жырау, Сегіз Сері Шакшакова.

Можно долго перечислять его труды (о них написано в его биографии), но я не считаю уместным повторять известные факты. Я просто хочу подчеркнуть, что о Кайролле Мукановиче можно с уверенностью сказать как о Человеке с большой буквы. Ведь не каждому учителю удается оставить глубокий след в душах своих учеников.

Сегодня Кайроллы Мукановича нет среди нас... Но разве Учитель умирает? Говорят же, что человек жив до тех пор, пока о нем помнят. Так вот: память о Кайролле Мукановича жива. Его помнят многочисленные ученики, которые слушали его увлекательные рассказы, его помнят коллеги, с которыми он делился опытом и методиками, его помнят родственники и друзья знаменитых личностей,



творческий путь которых освещен в книгах К. Муканова. Наконец его помнят дети и внуки, для которых он служит примером трудолюбия, порядочности, добросовестности и которые достойно и уверенно шагают по жизни.

Светлая память дорогому Кайролле Мукановичу Муканову – Учителю, краеведу и Человеку с большой буквы!

**Баймұқанов Дастан Абылайұлы,
белгілі айтыскер, ақын, композитор**

СОҢЫНАН АСЫЛ МҰРА ҚАЛҒАН



Мұра қалған, соңынаң, асыл мұра қалған
Көлденеңнен кездеседі, сұрақ алдан
Өлкеде ерлер көппе, білегін түріп алып
Тарихты түгендеген, қолына шырақ алған.



Кетті тұлға, сайын дала сағымдарға ілесіп,
Бәрі барадар, сара жол ғой,
Кіретүғын бір есік
Мол мұрасын қазағымның жоқтаған
Туар ма екен тұлғалы ұл,
Тарихпенен тіресіп.

Қоңсы болған тарихтын,
Текеметін түстеген.
Шаршаса да, ізгіліктің
Тұлпарынан түспеген.
Тұған жердің шежіресін өрнектеп,
Жігін тауып, жібін ескен, іспенен.

Сынаса да, салса да дара сынға
Іні болып, журе білдім тұлғалардың арасында
Кетсе дағы, келмейтуғын сапарға
Теней берем, толағай дара шыңға.

Баймуратова (Мұқанова) Роза Кайроллақызы,
ұлкен қызы

ҚОС АҚҚУДАЙ

Жаңа 2020 жылдың бірінші қантарында мен зейнетке шықтым. Менің аман-есен зейнетке шығуымды анам көп тілеген болатын. Және «келіп бізді күтсейші» деп айтатын.

Бір ай әке-шешемнің жанында болдым. Үстық тамақтарын беріп, күтіп өзім де рахаттана жүрдім. Папамыз сол кезде төсектен тұра алмайтын. Тамақты мамам подносқа салып алдына апаратын. Бірақ



екі-үш күннен кейін папам тұрып, үстел басына өзі отырып тاماқ іше бастады. Содан кейін залға, ас үйге дейін ақырын баратын болды. Сонда мамам «қарашы, тіріліп келе жатыр» деп күлетін.

Анамыз көңілді болып жүрді, көп әңгіме айтып, жас кезіндегі күндерін еске алып отырды. Екеуміз шай ішіп, бұрыңғы болған оқиғаларды, қызық жағдайларды есімізге алып, біраз әңгімелестік. Арасында мен таңғалатынмын: «қалай бәрін есінде сақтап жүрсің?», деп.

Қарап отырсам, анамыз жасынан өте ақылды және еңбекқор болған. Ол көп қыншылық көрсе де, адал ниетімен және адал еңбегімен барлық қыншылықты жеңіп жүрді. Төзімді болатын.

Анамыз үйге келген кісінің көңіліне қарап, шай үстінде ақыл-кеңесін айтып отыратын. Есімде қалғаны, «келген кісі шаруасын тындырып, риза болып кетсе екен», деп тілейтін.

Әке-шешеміз ағайын туысқандарға және басқа адамдарға көп жақсылық жасаған, өмірлерін адал өткіген.

Жандарында бір ай болып, мен Алматыға кеттім, енді күзде тағы бір келіп кетем деген оймен. Бірақ олай болмады. Жазда екеуі де өмірден өтті. Арапары оналты күнде бірінен кейін бірі кете берді. Жанарымыз (жиен) жазғандай, «лебединой парой в небо улетели». Өте ауыр тиді барлығымызға.





Әке-шешеден айырылу өте қын екен. Көпке де-йін өзім екеуінің кейбір сөздерін, қылықтарын еске алып қайғырып жүрдім, басқаларға көз жасымды көрсетпесем де.

Әке-шешеміз біздерге кішкентай кезімізден жұртқа жақсылық жасауды, ешкімнің көңілін қалдырмауды, адаптацияның отырды. Көп нәрсені – киім тігу, тоқуды, қолөнермен айналасуды – шешеміз өзі білгенін үйретті.

Ал, әкеміз әрқашан біздің көп кітап оқығанымызды қалайтын. Балаларға арналған газет пен журналдарды біздерге жаздырып алатынбыз.

Төрттеуіміз де окуда озат болдық, жоғарғы оқуымызды да қызыл дипломмен бітірдік. Сол білімнің арқасында бір мамандық иесі болып әр салада жұмыс істедік.

Өзім Республикалық Ұлттық Банктің филиалы – Банкнот жасайтын фабриада бөлім жетекші қызметті атқардым. Қазіргі уақытта зейнетке шығып, қызыым Жұлдыздың кішкентайларын – Ескендір мен Сенайды өсіруге көмектесіп жүрмін. Екінші қызыым Гүлназ банкте жұмыс жасайды. Осы шеберелерін мамам көрмесе де (алыс Алматыда тұрғаннан соң) аландап отыратын, «ауырып қалмасын, жылы ұстандар, берегите» деп.

Әке-шешеміздің мол адамгершілігі, мейірімділігі, туыс-бауырға қамқор болғаны – бәрі де көз алдымда.

Кимаймыз, сағынамыз. Әлі талай еске алып жүре-міз. Екеуі бірге алпыс екі жыл өмір сүріп, қос аққудай бір-бірін қимай кетті ғой, біздерге кейінгі ұрпаққа үлгі болып.



Папамыз анамызға арнап «Сенің арқан» деп аталағын екі өлең шығарған. Соңғы өлеңінің шумағын былай аяқтапты:

Сенің арқан – берекелі үйіміз
Сенсіз біздің не болар-ед күйіміз
Алда қандай қызын құндер болса да
Айырылмайық бірімізден біріміз.

Ол бұл өлеңді 2010 жылы «Қарағай» санаторийында демалып жатқанда жазған екен. Осы өлең жолдарында ол жарты ғасыр қасында жүрген анамызға бар сүйіспеншілігімен сағынышын білдіреді.

Анамыздың қайтар күні таң ата түсімде терезеге жабысқан ағаштың сары жапырақтарын көрдім. Сол жапырақтардың үстінде «Рахмет» деген сөз жазылған.

Бізді өсіріп, оқытып, әкеміздің алаңсыз жұмыста жүргеніне, кейін сегіз жыл үйден шығалмаған әкемізді күтіп, бүкіл мүмкіншіліктерді жасап, қолынан келген көмегін аяулы анамызға «Рахмет» дейміз.

Сол «Рахмет» деген сөзben соңғы сапарына шығарып салдым.

Әке-шешеміздің аруақтарына бас иеміз.

Жатқан жерлері жарық болып, топырағы торқа болсын!

Барлыбаев Нагашыбай Сабырұлы,
кәсіпкер, «Арқалық» ШК басшысы

ҚАЙРОЛЛА АҚСАҚАЛДЫҢ ТАПСЫРМАСЫ



Қайролла Мукановичпен мен 1982–1983 жылдарынан таныспын деуге болады, өйткені болашақ келіншегім Гүлжиян екеуіміз үйленеміз деп жүрген кезде, оның сіңлісі Ақжанңың оқиғасына ол кісі шың қөнілмен араласқан. Ақжаннаның қызы баласы Арайды жетімдер үйінен қайтаруға, туыстарына көмектесуге, бүкіл құжаттарын тексерктізіп, Қайролла ағай –

сол кезде облонода істеп жүрген кезі, жағдайды түсініп, өзі қолдады.

Бір кезде «Солтүстік Қазақстан» газетіне Тәбей Барлыбаев туралы мақала шықты. Мақаланың авторлары Қайрола Мұқанов пен Социал Жұмабаев еken. Таныс фамилия Барлыбаев еken, бізге түис болар деп, өзім сол кісілерді табуға әрекет жасадым. Редакциядан телефон, адресін алғып, ағаймен кездестім. Үйіне барып, Құлзағи тәтеммен де таныстым. Қайролла ағай мен Социал ағай ежелгі тарихты көп біледі еken, екеуі де ұстаздар, олар архивтерде зерттеулер жүргізгенде, әсіреле Maғжанды іздегендеге, осы Барлыбаев фамилиясы жиі кездескен еken. Олар маған айтқаны: «Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» атты үш



томдығында, нақты екінші томында атаңыз туралы «Зимовка миллионера» деген бөлім бар. Әлти Барлыбаев біздің өңірдегі алғашқы миллионер». Және осы мәліметті маған сол кезде журналист, марқұм Мәлік Мұқанов та айтатын, фамилиямды естіген соң: «Сен кімнің шөбересі екенін білесін бе?» деп.

Мақала 1999 қарашаның 17-ші жүлдэзында «Бір әулеттің тарихы» деген тақырыбымен шыққан, сонда әулетіміздің өте құнды параптері ашылған: «...1918 жылдың шілде айының аяғында Аққусақ болысында үлкен тарихи оқиға болады. Мұнда Алаш Орда басшыларының ұйымдастыруымен үлкен жиналыс болды. Оған Ақмола облысының Қызылжар және Көкшетау уездерінің 22 болысының өкілдері және алашордашылардың басшылары қатысады. Жиналыстың құн тәртібінде большевиктердің қаупінен құтылу үшін алаштың милициясын құру, оған қазақтан жігіттер алу мәселесі тұрады. Жиынға Алаш Орданың Орталық Комитетінің мүшесі Міржақып Дулатов, Омбыдағы облыстың Алаш Орда комитетінен келген Ережеп Итбаев, Айдархан Турлыбаев, Қази Торсанов, Қызылжардың уездік комитетінен келген Салмақбай Құсемісов, Жұмағали Тілеулин, Көкшетау Алаш Ордасынан келген Ерқосай Мұқышев тағы басқалар қатысқан. Осы жиынның шығынын және оқыған Алаш азаматтарын құтууді Әлти қажы түгел өз мойнына алған. Бұл Әлти мен Садуақастың қазақ зиялышарын қолдап, олардың қазақтарға бостандық әпереміз деген үлтжандылық патриоттық сөздеріне сенім білдіргенін көрсетеді».

Ол кезде жаспыз, пединститутта оқып жүрген жиырма жастағы студентпін. Әкелеріміз, оның ағалары әлі тірі болған, олар «үлкен кісі», яғни Тәбей



атамыз туралы, өткенді айтатын, бірақ біз кеңес үкіметі кезінде ондайға онша назар аудармайтынбыз.

Сонымен, «Солтүстік Қазақстан» газетінде Тәбей бабамыз туралы мақалада («Тың дерек, жаңа айғақ», 1999 ж. 10 наурыз), бірінші рет Тәбейдің мәрі (печать) суреті басылды, аталарымыздың акциялары да болғаны, ресейдің Қорған қаласындағы ауылшаруашылық банкіде, Қызылжар консерві заводтың акцияларып сатып алған отырғаны, қалада сауда үйлері болғаны туралы білдік. Және қаланың «Подгорная» шағым ауданында екі қабатты үйі, асты жағы кірпіштен салынған, жоғары қабаты – сауда бөлмесі орнатылған екенін Қайролла ағайдан білдік. Ноғай, орыс саудагерлер арқылы ет өнімдерін, ішек-терілерді Голландияға дейін жөнелтіп, сатып отыратыны анықталды.

Бабаларымыз ақылды, мықты болған деп түсінірді бізге өлкетанушылар. Осындай мықты саудагер



болғанымен, ол кісі саяси мәселелерге де назар аударған еken. Құнарлы жерлерді қазактардан тартып алуға келімсектер қол созғанда, аталарапымыз ақылмен сол жерлерді қайтарып, қорғауды білді. Орысша да өте зерек болған Тәбей бабамыз, хат жазу білген және Қызылжар, Троицк, Атбасар, Қорған, т.с.с. қалаларда болыпты. Оның хаттары сонау Тобольскідегі губернаторға дейін жазылған да, архивтерде сақталған. Заседатель лауазымында атақты Шыңғыс Ұәлихановтың (Шоқанның әкесі) көмекшісі болған.

Қайролла ағай мен Социал ағай екеуі Тобольск пен Алматы қалаларының архивтеріне барып, төрт-бес жыл зерттеді, одан көп мәліметтер тапты. Маған атыйқандары: біз сол құжаттардың тек қана жиырма пайызын ғана көріп үлгердік, уақыт тығыз болғанынан. Архивтерде тәртіп өте қatal, керек құжаттарды бір күннен кейін ғана әрен береді. Әрине, олардың жұмысы құдықты инемен қазғандай болды, бірақ мояймай, көп жерлерді аралап, туыстарды сұрастырып, әжелеремізге дейін апарып, қоңыс-қыстау-зираттарды іздестіріп жүрдік. Сол мақсатпен бірнеше рет Қожаберген жыраудың тұқымы, белгілі Социалистік Еңбек Ері, атақты тракторист Төлебай Мұстафиннің үйінде болдық, Қайролла ағай сол кісімен көп әнгімелесетін.

Шаймұрат Смағұлов деген жерлесіміз, ғалым, қайраткер де көп үлесін қосты. Ол кісінің ұйымдастыруымен де байыргы қыстаулардың орындары табылды. Тәбей, Әлти Барлыбаевтардың, Үлпанның қыстауларына барып, құран бағыштадық. Қызылойға да сапар шектік. Талай қызықты оқиғалар еске түседі, жарықтық, Қайролла ағай сондай ақкөніл,



білімді, ылғи да жасына қарамастан, көмектесуге дайын адам еді.

Жамбыл ауданына бірге жиі барып тұратынбыз. Жиналған мәліметтер кейін кітап болып шықты, «Бір әулеттің тарихы» деген атауымен. Ақсақалда-рымыз Қайролла ағай мен Социал ағай нағыз өлкетанушылар, кеңес кезіндегі теріс жазғандарды дүзеп, «бай-кулак» деген лақап аттарды алып тастап, ата-бабамыздың әрекеттеріне дұрыс баға берді. Қайролла Муканович тарихи кезендерді байыппен талқылап, түсіндіруге жалықпайтын. Мамандығы тарихшы болған сон, көп кітап оқыйтын. Үйлерінде талай рет дәмдес болдық, Құлзағи тәтемізben екеуі нағыз ұстаздар, ешқашан артық әңгіме болмайтын, сөзсіз түсіне қоятын. Құлзағи тәтем мені жақсы көріп, баласындей, айтып отыратын «Мен саған сенемін» деп. Және есте сақтау қабілеті ерекше болатын, барған сайын келіншегімді Гүлжиянды, балаларымды Динара, Асхатты, немелерерімнің аттарына дейін біліп, хал-жағдайларын сұрап отыруышы еді.

Қайролла Мукановичтің тапсырмаларын мен орындауға әрқашан тырысатының. «Асыл мұра» орталығына баратының. Бір күні облыстық музейге барып, қасымызда Олег Мартынюк, кезінде директор болған, тарихшы, ол бізге запасниктен үлкен, онбес литрлік самауырды әкеліп көрсетті. Ол кәдімгі Әлти Барлыбаевтын заты екен, экспедиция кезінде аудандарды аралап, бұл самауырды сатып алышты пединститут, кейін музейге өткізген. Қайролла ағай, Социал ағай осы затты ұстап, балаша қуанып, өз ри- зашылығын білдірді.

Маған бір күні Қайролла Муканович тапсырғаны есімнен кетпейді: ата-бабаларымыздың зираты



қазіргі Петровка селосы маңайында, Жекекөл (Благовещенка), ол жерде Тәбей зираты жатыр. Кезінде жоғарыда аталған Шаймұрат Смағұлов ағамыз белгі ретінде элеватордың төбесіне «Қожаберген – Сегіз сері» деп жазу орнатқызыған. Өйткені ұмытылмасын дегені, соғыс кезінде сол зираттардың тастарын шағып-шағып көрші елдің өкілдері түрмис жағдайларына пайдаланғанын білді. Қайролла ағай маған ескертті: Тәбей зиратына белгі, тас қоюды. Былтыр, пандемияға дейін, Ақтаудан ақтастар әкелінді. Содан былтыр мамыр айында фундаментін орнатуға мүмкіндік туды. Ұлы адамдардың бастарын көтеруге



Алла жар болсын, нар тәуекел дедік. Эрдайым үлкен адамдар, әжелеріміз баталарын беріп, қыстау-зираттардың орнын тауып, апарып көрсеткенімізге риза болушы еді. Осылай, Қайролла Мукановичпен танысып, көп жерлерді аралап, дәмдес болып, тарихи парақтарын аударғанымызға қуаныштымын.

Аға-тәтемнің жатқан жері торқа болсын!

Бекмағанбетов Бұркіт Мәжитұлы,
ақын, диктор, КР мәдениет қайраткері

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ



Мен білетін Қайролла аға
Ұстаздардың ұстазы
Қашан көрсөң жайдарлы аға,
Ешкімге жоқ іс, назы.



Бүгін ойлап сараласам,
Бір мінезден таймайтын.
Ісің түсіп бара қалсан,
Көңілінді жайлайтын.

Мениң анам тәлім берген
Жан жарына ағаның
Қанша ұстаз тәлімгерден,
Алып жатты баға мың.

Екі тілді таза білді,
Араластым азақ-тым!
Ойын айтып жаза білді,
Азаматы қазақтың!

Ұрпағымен тамыр жайды,
Мінезі асыл, жібекті,
Естігенде ауыр қайғы,
Жүрегімді жүдettі.

Жанұяға көңіл айтып,
Жазсам дедім ақ тілек.
Аға кетті, келмес қайтып,
Ұрпағына бақ тілеп!

Еңбек етіп жүрген кезде,
Қанша жанның бағы еді?!
Біздің жақта кім бар десе?
Бетке ұстар аға еді.

Бубнов Геннадий Михайлович,
ветеран труда

**ОДНАЖДЫ ВСТРЕТИВШИСЬ
С ПРЕКРАСНЫМИ ЛЮДЬМИ,
ИХ УЖЕ НИКОГДА НЕ ЗАБУДЕШЬ**



13 сентября 2020 года я получил сообщение на WhatsApp от внука Кайроллы Муканова – Олжаса. Его просьба не удивила меня, а порадовала тем, что у Кайроллы Мукановича и Кульзаги Акановны дети и внуки выросли достойными продолжателями славного рода Мукановых.

Внук Олжас от имени семьи просил поделиться воспоминаниями о дедушке и бабушке. Я попробую эту просьбу выполнить, тем более, что это нетрудно сделать, так как однажды встретившись с прекрасными людьми, их уже никогда не забудешь.

Впервые встретились мы весной 1970 года когда меня направили директором в совхоз «Городецкий». По тем временам назначение директором крупного хозяйства в возрасте 29 лет было большой редкостью. До этого нужно было пройти целый ряд ступеней на разных хозяйственных и руководящих постах и уже после обогащения определенным опытом работы и общения с людьми могли поставить на руководящую должность.



Хозяйство досталось по тем меркам крепкое со сложившимся хорошим трудовым коллективом, крупной партийной и профсоюзной организациями. В совхозе была центральная усадьба – село Городецкое, аул Баганаты и старинное село Коноваловка. Основным направлением в деятельности совхоза было производство зерна, молока и мяса. В совхозе было три школы. На центральной усадьбе в средней школе директором был Кайролла Муканович.

Население в совхозе было многонациональное: русские, казахи, немцы, украинцы. Главный агроном, главный зоотехник и старший прораб – казахи, главный инженер – немец. Коллектив специалистов в совхозе был высококвалифицированным и очень сплоченным. Этому способствовали секретарь парткома Трофимов Н. А., председатель рабочего комитета Лебедев В. Г., председатель сельского совета Боцвин Н. М. и директор школы Муканов К. М. Я это подчеркиваю, потому что директор школы Кайролла Муканович был активным участником всех хозяйственных и общественных мероприятий. Буквально в первые дни знакомства с хозяйством я пришел в школу познакомиться с коллективом и ее директором. Кайролла Муканович встретил нас с парторгом на пороге школы.

Первое впечатление остается затем основным на все оставшееся время. Невысокого роста человек с очень впечатляющим лицом природного интеллигента пригласил нас на осмотр кабинетов и классов школы. Везде чувствовалось его заботливое отношение к ученикам, коллективу учителей и хорошей организации учебного процесса. В дальнейшем ни одно мероприятие в школе не проходило без участия руководства совхоза. Кайролла Муканович как бы являлся



одним из главных специалистов хозяйства, т. к. он принимал непосредственное участие в хозяйственной и общественной жизни совхоза.

Ученическая школьная бригада ухаживала за плодовыми деревьями в саду, помогала в выращивании овощей в овощеводческой бригаде. Работали на взаимовыгодных условиях. Совхоз поставлял в школьную столовую все необходимые продукты. Школьники также с большой охотой помогали телятницам в уходе за телятами в летний период. Учителя в летний период помогали совхозу при заготовке кормов, осенью – на зернотоке и на комбайнах в поле. По-другому можно сказать, что совхоз и школа составляли единое целое. Кайролла Муканович принимал активное участие в воспитании рабочей молодежи. Организовал вечернюю школу, где не имеющие среднего образования молодые люди могли его получить, посещая школу после работы. Для молодежи и жителей села он был непрекаемым авторитетом. Его выступления на партийных и рабочих собраниях всегда выслушивались присутствующими с большим вниманием, потому, что он говорил по деловому, с предложениями и если нужно с критикой. Чувствовалась его высокая эрудиция, глубокое знание обсуждаемой темы.

Опыт работы Кайроллы Мукановича с учениками и общественностью в дальнейшем были переняты мной и очень помогли мне в работе в советских и партийных органах области. Я уделял много внимания школам, внедряя опыт Городецкой школы и ее директора в практику других учебных заведений. Школьные ученические бригады работали не только на приусадебных участках, но и в школьных животноводческих



фермах, продукция с которых шла на бесплатное питание в школьные столовые.

За работу со школами меня отметили Знаком Отличника просвещения, чем я гордился, даже больше, чем правительственные наградами. Считаю, что в моей награде есть и доля Кайроллы Мукановича.

В совхозе была хорошая традиция отмечать праздники по очереди в домах, начиная с директора, партторга и главных специалистов. Все это проходило в виде спортивных соревнований по футболу, волейболу, исполнения русских, казахских и украинских песен. Каждая хозяйка старалась блеснуть своими кулинарными шедеврами. Но баурсаки и бесбармак самыми вкусными были у Кульзаги Мукановой.

Наша совместная работа с Кайроллой Мукановичем была недолгой. В декабре 1971 года он был назначен заместителем заведующего отдела народного образования Северо-Казахстанской области. Но наши добрые взаимоотношения продолжались. Я очень рад, что за 45 лет работы в сфере народного образования Кайролла Муканович оправданно за большие заслуги получал правительственные награды и почетные грамоты.

Я часто заходил к нему в его скромный кабинет при областном историко-краеведческом музее, где он работал сотрудником научного литературно-исторического методического центра «Асыл мура» («Драгоценное наследие»). Его статьи и очерки на педагогические и краеведческие темы являются огромным вкладом в исследовательскую работу о замечательных людях родного края и истории народного образования области. С удовольствием всегда читал его статьи в областных и республиканских СМИ на педагогические темы.



Статьи о наших земляках: академике Евнене Букетове, писателях Сабите Муканове, Габите Мусрепове, Иване Шухове, Сафуане Шаймерденове, Магжане Жумабаеве и других пользовались большой популярностью и были очень познавательны.

Кайролла Муканович и Кульзаги Акановна и сами являются знаменитостью и гордостью Северного Казахстана.

А я в свою очередь буду очень рад, если моя скромная статья поможет сохранить в памяти потомков имена этих замечательных людей.

Фалиева Ботагөз Жағыпарқызы,
КР білім беру ісінің құрметті қызметкері,
КР Еңбек ардагері

**ӨЛКЕМІЗДІҢ АСА ҚӨРНЕКТІ ҚОҒАМ
ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ
БІЛІМ САЛАСЫНЫң АРДАГЕРІ,
ТАРИХШЫ-ӨЛКЕТАНУШЫ,
ЖАЗУШЫ, АҚЫН, АНА ТІЛІМІЗДІҢ
БІРЕГЕЙ ЖАНАШЫРЫ
ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНҰЛЫ МҰҚАНОВ
АҒАМЫЗДЫ ЕСКЕ АЛУ**

Аға, Сізді, қамығып, еске аламын,
Қарсы түрар тағдырға жоқ амалым!
Қазақтың нағыз өзі, сөзі едіңіз,
Намысы, қорғаушысы, тас қамалы!



Жанашыры қазақтың даласының,
Еңіреп елін сүйген данасының!
Бар өмірін арнаған ақтаруға,
Тарихтың бізге жұмбақ көне сырын!

Сізге разы ұлы Мағжан ағаңыз,
«Ардақты!», – дер әр қазақты санаңыз!
Жан азығы жиырма кітап үрпаққа,
Елден алған биік-биік бағаңыз!

Құттықтау, тілек арнап қанша жанға,
Жомарттық таныттыңыз жиын-тойда!
Жақсылығын моншақтай жіпке тізіп,
Мадақтап: «Дос-жараным, міне қандай!».

Өмір жолын зерделеп көп адамның,
Зиялды, парасатты, жаны адалдың!
«Асыл мұра» атқарды ерен еңбек!
Таныттып: «Міне – басты құндылығым!».



Жан едіңіз сегіз қырлы, дарынды!
Көркем тілді, қаламыңыз қарымды!
Шығармашыл ерекше ізденимпаз!
Әр сөзіңіз ақыл – нақыл, танымды!

Ізгілікке бұрып, жылдам уақытты,
Таңдадыңыз рухани бай бақытты!
Қызмет ету елге, жерге мұраты,
Бағындыру асқақ арман, мақсатты!

Қалады ол білім сүйер ортаны,
Ұстаз еді жан жары да, қыздары!
Ең ардақты, ең құрметті мамандық!
Бар әuletке қонған бақ боп бойдағы!

Өмір жалған, өмір қамшы сабындай!
Асылымыз қалды, міне, табылмай!
Айналдыңыз Сіз тарихи тұлғага,
Саналы үрпақ есіне алар табылғай?

Жастарға ылғи көңіліңіз толатын!
Соларға арнап теретіңсіз ой асыл!
Артыңызда қалдырыдыңыз мол мұра!
Мәңгі өлмейтін, мәңгі есте қалатын!

Өкінішті қатар келді қазаңыз,
Жақсы адамдар, аттарыңыз енді аңыз!
Мерейлі де берік еді отбасы,
Үлгі тұтын Сіздерді қалың қазағым!

Апайымыз неге асықты ол жаққа?
Ойланды ма, жан жарына бармаққа?



Қос аққу ед айдын көлде бір жүзген!
Жарга сокты кеудесімен өлмекке!

Осылайша Аға, Сізді еске алдым,
Ортаймады сіздерді ойлап еш қайғым!
Сіздер жүрген ізбен жүрсек адаспай,
Тура жолдан таймайтыным тек айқын!

Диденко Ирина Степановна,
*учитель химии и биологии Акжанской ОШ
Тимирязевского района СКО*

ДОБРЫЙ СЛЕД

«...Писать о людях, оставивших добрый след в памяти народной, трудно ... но необходимо, ибо писать, это значит, изучать для того, чтобы в сегодняшних и будущих поколениях с благодарностью использовать их щедрый дар в духовную сокровищницу общества. Изучать потому, что в биографиях замечательных людей, как в фокусе, сосредоточен опыт их времени, без понимания и осознания которого, человечество не могло бы преуспеть в целеобразности и справедливости устроенной жизни».



(Букетов Е. А.).



Кайролла Муканович оставил добрый след. Его биография, его семья – замечательные, простые и скромные люди.

Я очень благодарна судьбе за то, что она подарила мне безграничное счастье сопричастности к судьбе такого Человека, общение с такими прекрасными людьми и незабываемые встречи!

Наше общение с Кайроллой Мукановичем началось в 1982 году. Комиссия по распределению студентов-выпускников принимала решение о их трудоустройстве. Первыми заходили в аудиторию отличники-краснодипломники, нас на курсе было 7 человек. Так как у меня при поступлении была квота от Тимирязевского района, я выбрала Жаркенскую 8-летнюю школу, чтобы было ближе приезжать к родителям. Именно Кайролла Муканович сказал, что с такими знаниями нужно работать в средней школе, а о моём решении вернуться в свой Тимирязевский район, что это – воспитание Степана Васильевича и Александры Ивановны – моих родителей. Дело в том, что отличники могли пользоваться некоторыми привилегиями, например, выбрать школу поближе к городу.

Следующая встреча произошла в Дмитриевской СШ. Перед началом учебного года была приёмка школ. Новая средняя школа построена 2 года назад, учителя химии не было, кабинет пустовал. Нужно было оформить стенды.

С 3 января 1986 года я работаю в Акжанской школе уже 34 года. В 2004 году открыт музей академика Е. А. Букетова. «История его создания имеет ряд случайностей, объединённых закономерным тяготением к Человеку – Творцу, Создателю», так писал редактор газеты «Нива» В. Синенко.



А начать, пожалуй, можно с того, что более 20-ти лет директором школы в Акжане работал Серикбай Аканов. Выпускник Петропавловского педучилища и Карагандинского учительского института, отличник просвещения Казахской ССР, ветеран труда, он многие годы собирал в личном архиве всё, что было связано с именем Букетова – его книги, брошюры, газетные и журнальные публикации, фотографии.

«Дело в том, – рассказывает Серикбай Аканович, что в 1943 году Евней Арыстанович у нас в Жалтыре в школе преподавал русский язык» (газета «Северный Казахстан», статья «Наглядный урок»). Серикбай Аканович – старший брат супруги Кайроллы Мукановича. Я постоянно не просто получала их поддержку, но ощущала какую-то незримую и глубокую связь с ними.

Кайролла Муканович подарил нашему музею много своих материалов – книги, статьи. 5 июня 2014 года встреча с известнейшим краеведом, членом Союза журналистов РК, ветераном народного образования К. М. Мукановым произошла у него дома. Они с супругой, Кульзаги Акановной, встретили меня как свою хорошую знакомую. Я привезла некоторые материалы о работе музея. Посмотрев их, он сказал, что да, большая работа проделана, я хочу написать статью. Встреча была доброй и тёплой.

В 2009 году в Алматы Кайролла Муканович удостоен медали Е. А. Букетова, диплома лауреата премии имени академика Е. А. Букетова, более 20 лет он занимался исследованием его жизни и творчества. Академия минеральных ресурсов РК вручает 2 такие награды в год.



Когда я открыла книгу «Педагог. Деятель культуры. Краевед», я нашла своего друга Шегирова К. М. (наша встреча была в аэропорту Алматы в 1984 году), конечно, я не знала, что он племянник супруги Кайроллы Мукановича. Сестра Кайыртая, Гульсара – моя самая близкая подруга детства. В нашей районной газете «Нива» № 27 от 4 июля 2020 года опубликована статья «Как молоды мы были, как верили в себя», автор Габит Конырбаев, ветеран педагогического труда, г. Сергеевка, район Шал акына, он пишет о своем брате М. Шегирове и его семье. Бывает трудно на бумаге передать свои мысли, чувства, переживания, сейчас эти строчки приходят сами. Они идут от души. Многие другие люди пусть знают о них. Передают другим. Может, как и я, находят друг друга. Хотя сейчас столько других возможностей. И главное – хранить память, вспоминать добрым словом, не дать прерваться существующим связям, «чтобы не оборвалась времён связующая нить...»

Кайролла Муканович оставил нам прекрасное наследие о наших земляках, о наших современниках. Дети и внуки продолжают, приумножают его творчество. В 2019 году в музей приехала дочь Гульнар Кайроллиновна, кандидат исторических наук, профессор КазНУ имени аль-Фараби. О встрече она написала потрясающую статью «Академик из нашего Баганаты» в газете «Северный Казахстан» (№ 37 от 2 апреля 2020 года).

Для меня большая честь быть в числе тех, кто знал и будет помнить всегда Ваших родителей, и продолжает быть с Вами! Они прожили прекрасный, великолепный век!

**Жантілеуов Мұрат Қошанұлы,
Солтүстік Қазақстан облысының
құрметті азаматы**

ҰСТАЗ. ӨЛКЕТАНУШЫ. ҚАЛАМГЕР

Мен қырық жылдан астам жыық еңбек жолымда шаруашылық саласында жұмыс істедім. Жұздеген адам еңбек еткен шаруашылықтарды, кәсіпорындарды басқардым. Осы жылдар ішінде талай адамдармен қызметтес, пікірлес, дәмдес болдым. Енді жеткен жастың биігінен қарасам, солардың ішінде өмірімде өзінің айшиқты іздерін қалдырғандары сау-сақпен санаарлық қана екен. Солардың бірі ұлағатты ұстаз, Мәдениет қайраткері, есімі өңірімізге белгілі өлкетанушы, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, бірнеше танымдық кітаптардың авторы Қайролла Мұқанов дер едім. «Білімді өлсе, қағазда аты қалар. Ұста өлсе, істеген заты қалар» деген мақалды дәл осы Қайролла ағай секілді ғибратты өмір сүргендеге айтылған дерсіз. Жаны мен қолының тазалығы, еңбекқорлығы мен адамгершілігі сияқты қасиеттепімен замандастары арасында лайықты құрметке бөлөнген жан еді. Жақсының есімі осылай жүрттың жадында сақталса, қаламгердің қалдырған мұрасы үрпақтың қолында қалып отыр. Мен бүгінгі мақаламда





Қайролла Мұқанұлы хақында аз-кем ой толғағанды жөн көріп отырмын.

1968 жылы мен Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Кривошеково орта мектебін тәмамдаған соң Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтының құрылым-инженерлік факультетіне оқуға түстім. Оқуымның алғашқы екі жылында Қазақстан Ғылым академиясының экономика институтында жұмыс істеп жүрген ағам Аманжол Қошановтың үйінде тұрдым. Мен сол жылдары бәріміз мақтан тұтатын жерлестеріміз Шота Уәлихановты, Кәкімбек Салықовты, Сәлім Құрманғожинді ағамның үйінен жиі кездестіретінмін. Дастанхан басында осы зиялы қауым өкілдерінің әртүрлі тақырыпта келелі әңгіме қозғап отырғанының бірнеше рет күәгері болып едім. Олардың әкем басқаратын Октябрь орман шаруашылығына келгені, ауыл тұрғындарының атақты адамдарды құшақ жая қарсы алғаны да есімде болатын.

Бірде институттағы сабағым біткен соң кешкүрым келсем, ағамның үйінде бұрын мен көрмеген екі қонақ отыр екен. Олар ағаммен мектепте бірге оқыған жолдастары Қайролла Мұқанов пен Қабдірахман Жарылғапов болып шықты. Орта мектепті бітіргендеріне он бес жыл өтсе де үшеуі түн ортасына дейін сол жылдардағы естеліктерімен бөлісіп, қызу әңгіме өрбітті. Дәріс берген мұғалімдерінің есімдерін атап, сыныптарында болған қызықты оқиғаларды естеріне түсіріп, шектері қатқанша күлді. Олардың өздері шығарған қабырға газетінің нөмірлері мен жазған мақалаларын естеріне сақтағанына таң қалдым. Қайролла Мұқановтың мектепте оқушылар комитетінің төрағасы болғанын, окуды күміс медальға



тәмамдағаның олардың әңгімелерінен білдім. Содан кейін бұл адамдармен жолымыз отыз жылдай түйіс-пепті.

Мен 1998 жылы бұрынғы кеңестік кезеңдегі ірі кәсіпорындардың бірі болып саналатын Петропавл қаласындағы «Союзцелинвод» тресінің басқарушысы едім. Қазір есімде жоқ қандай мәселеле талқыланғанын, әйтеуір облыстық әкімдіктің ғимаратында бір алқалы жиын өтті. Жиналыс біткен соң жолдастарыммен әңгімелесіп тұр едім, «Мұрат, халың қалай? Мені та-ныдың ба, кездеспегелі көп жыл өтіпті ғой», – деген орта бойлы, жүзі жылы азамат қолын ұсынды. Екеуі-міз сол жерде біраз әңгіме-дүкен құрып, өткендерді еске алдық. Қайролла ағай осы жылдары шалғайдағы Тимирязев ауданында мектеп директоры, 23 жыл об-лыстық білім бөлімі менгерушісінің бірінші орынба-сары болып енбек етіпті. Қазір облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тарих кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеп жүр екен.

Осы кездесуден кейін Қайролла ағай екеуіміз жүйе-лі түрде хабарласып, отбасымызben араласып тұрдық. Ол өзінің биязы мінезімен, терең әнциклопедиялық білімімен, кез келген мәселеге нақты қөзқарасымен, өмірлік ұстанымен әңгімелескен адамын баурап ала-тын. Қайролла ағай мен үшін туған ағамдай ақыл-шыма айналды десем шындықтың ауылынан алыс кете қоймаспын. Ол менің әкем Қошан Жантілеуовті мектепте оқып жүрген жылдарынан білетін. Ағам Аманжол екеуі демалыс құндері біздің үйге жиі ке-летін. Біздің әuletтің шежіресін ол архив құжаттары арқылы зерттеген, оның мақалалары республикалық, облыстық газет-журналдарда жиі жарық көретін.



2004 жылғы 24 қыркүйек күнгі облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде Қайролла Мұқановтың Абылай ханның оң қолы, өз заманындағы ұлы тұлғалардың бірі Құлеке батыр туралы көлемді мақаласы жарық көрді. Құлеке батыр қазақ халқының жауларымен шайқастарда ерлігімен көзге түсken сардарғана емес, көрші Ресей мен Қытай мемлекеттерімен келіссөздер жүргізген кезде маңызды елшілік міндеттер атқарған белгілі мемлекет қайраткері, Атығай руының ақсақалы болатын. Автор өз мақаласында архивтік деректерді шебер пайдалана білген. 2008 жылы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері Қайролла Мұқановтың облыстық газетте Құлеке батырдың ұлы Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) туралы танымдық мақаласы жарық көрді.

Қайролла ағай өз заманының белгілі тұлғасы Шал ақынның өмірін, шығармашылығын зерттеу бағытында көз майын тауыса отырып еңбек етті деуге болады. 2003 жылы «Асыл мұра» орталығының қызметкерлері «Шал ақын» зерттеу кітабын жарыққа шығарды. Онда ақынның қолға түсken өлеңдері бір жинаққа біріктірілді. 2008 жылдың 18 қаңтарында облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде ақынның ұрпағы, менің әкем Қошан Жантілеуов туралы «Шал ақын жырларын жадына сақтап» мақаласы шықты. Шын мәнінде менің әкем Шал ақынның көптеген өлеңдерін жатқа білуші еді. Жинаққа кірген өлеңдерді авторлар сол кісіден жазып алған болатын. Меніңше, Сергеев ауданының Шал ақын ауданы болып өзгеруіне Қайролла ағай да өзінің сүбелі үлесін қосты деп есептеймін.



Келесі жылдың ақпан айында облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жаңындағы «Асыл мұра» орталығының ашылғанына 20 жыл толады. Бұл орталықтың ашылуы жолында Қайролла Мұқанов пен Ғалым Қадыралин көп еңбек сінірді. Олар төрт жыл бойы тиісті орындардың есігін тоздырып, мұндай орталықтың қажеттілігін табандылықпен дәлелдеп шықты. Сол жылы облыс әкімдігі бюджеттен «Асыл мұра» орталығының штатына қажетті қаржы бөліп, ғимаратпен қамтамасыз етті. Кейіннен олардың қасына өлкетанушы Социал Жұмабаев қосылды. Орталықта қызмет істеген жылдары олар облысымыздың тарихы, белгілі адамдары туралы көптеген кітаптар шығарды, бірқатар ғылыми-тәжірибелік конференциялар, кездесулер өткізді. Бұл орталықтың жұмыстары облысымыздан тысқары жерлерге де мәлім болды. Мен осы үш аз-зат азаматтың әрқайсысымен жақсы таныс болдым, олардың қолтаңбасы қойылған кітаптары менің жеке кітапханамда сақтаулы тұр. Олардың арасында Қайролла ағайдың әр жылдары жарық көрген «Арнаулар», «Өлке тұлғалары», «Ел ардақтылары» кітаптары және өңіріміздегі белгілі ақындары, жыраулары, танымал адамдары мен облыс тарихы туралы жазған туындылары бар.

2012 жылы қаңтар айында бір кездескенімізде Қайролла Мұқанов менің әкем Қошан Жантілеуов туралы кітап жазбақ ойы бар екенін жеткізді. Ол азамат соғысы жылдары колчакшыларға қарсы шайқасқа қатысқан, 1922–1929 жылдары Бәйімбет болысы атқару комитетінің тәрағасы қызметін атқарған. Сонымен қатар, әкем ауыз әдебиетінің білгірі еді, сондай-ақ бүркітімен қансонарда қасқырға, тулкіге, қоянға аңшылық жасауды ұнататын саятшы болған.



Ағам, академик Аманжол Қошанов та әкесі ҳақында кітап жазуды ойлап жүрген болатын. Ортақ мұdde-ге біріккен екеуі болашақ кітап үшін материалдар жинады, архив құжаттарын ақтарды. Бұл жұмыс-қа ағайын-тыстармыз да қосылды. Қазақстанның Өкілетті және Төтенше елшісі Сәлім Құрманғожин, белгілі қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов, мемлекет қайраткері, ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин және басқа да әкемді барлық қырынан жақсы танитын адамдар өз естеліктерімен бөлісті. Оған барлық балаларының, немерелерінің, бауырларының мақалалары қосылды. Олардың барлығын Қайролла ағай әдеби өңдеп шықты, тіпті бірқатарын өзі жазды. Бұл кітап сол жылдың күздінде баспаханадан басылып шықты. «Халқы қадірлекен қайраткер Қошан Жантілеуов» кітабының тұсаукасеріне Алматыдан, Астанадан құрметті қонақтар келіп, көп халық жиналды. Бұл кітапта Құлеке батырдан бастап Атығай руының тарихы, оның белгілі тұлғалары ҳақында танымдық материалдар көп болды. Онда «тар жол, тайғақ кешуден» өткен тұлғалардың өмірі боямасыз берілген.

Сонғы жылдары науқас болғанына қарамастан Қайролла ағай қолынан қаламын түсірмеді. Ол ақ қағазды сызғышпен тиісті бөліктеге бөлген соң маржандай жазуымен өз ойын түсіретін. Біз де қағаз жұмысымен айналысамыз ғой. Ойың шашыранқы болған соң жазғандарыңа түзету енгізіп әлек боласың, кейде шимай-шатақты өзің де түсінбей қалатынымызды несіне жасырамыз. Ал Қайрекеңнің жазуында бір түзету кездеспейтін.

Оның жеке кітапханасындағы архиві деректерге өте бай болатын. Ол барлық мақалаларын соған сүйене отырып жазатын. Сырқаттанып жүрсе де Қайрекен



облысымыздағы білім беру жүйесінің қалыптасуы хақында кітап жазды. Ол бұл туындысын жиырма жыл бойы облыстық білім бөлімін басқарған Виталий Скақунның жарқын бейнесіне, болашақ үрпаққа сапалы білім, тәлімді тәрбие беру жолында аянбай еңбек еткен әріптерестеріне арнады. Қайролла ағайдың еңбекқорлығы, өзіне талап қоюшылығы таңқалдыратын. Ол өзінің артына бай шығармашылық мұра қалдырыды.

Мен Қайрекең сырқаттанған жылдары оның үйіне жі барып тұрдым. Зайыбы Күлзаги жеңгей әрқашан қуана қарсы алатын. Біз мандайымызды шаймен терлетіп отырып, ұзак әңгіме өрбітетінбіз. Сонда қандай тақырып қозғалмасын, Қайрекең өзінің терең білімімен әңгіменің көрігін қыздырып жіберетін. Күлзаги тәтей осы үйдің нағыз отанасы еді. Ол Қайролла ағайға барлық архивтік құжаттарын сақтауға, жұмыс істеуге көп көмектесетін. Тіпті жеке дәрігері іспетті ағайдың барлық ем-домын да ауырсынбай-ақ өзі істей беретін. Алпыс жылдан астам бір шаңырақ астында бақытты ғұмыр кешкен бұл отбасының өмірі жастарға үлгі болары хақ.

Жұмабаев Социал Жұмабайұлы,
оку-ағарту ісінің ардагері, өлкетанушы

ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ҚАЙРЕКЕН

(К. М. Мұқановтың 80 жылдығы мерейтойы
қарсаңында жазылған мақала)



Облыс орыс-қазақ баспа-
сөзі оқырмандарының Қай-
ролла Мұқановтың есімін
білмейтіндегі жоқ десем
артық айтпаған болар едім.
Оқырмандары түрлі тақы-
рыптарға өндіре жазылып
жатқан мақалаларын, зерт-
теулерін қызыға оқып жур-
генмен авторы жайлы жеке
тұлға ретінде аз білуі, немесе
білмеулері де мүмкін. Осы-
ны ескеріп мерейтойы қар-

саңында Қайрекен туралы мақала көлемінде кеңірек
жазуға тырыстық.

Қайрекен 26 қыркүйек 1932 жылы сол кездегі Ок-
тябрь ауданы «Ынтымақ» («Он үш жылдық» колхозы)
ауылында дүниеге келген. Бастауыш мектепті ауылда
бітіргесін туыстары жақын маңайда одан әрі окуга
қазақ мектебі болмағандықтан, бір жағынан орыс-
ша білсін деп, көрші село Дмитриевка жетіжyлдық
мектебінің екінші сыныбына окуға береді. «Ауылдың
бастауыш мектебін (ол кезде төртжyлдық қой) оку
озаты болып бітірсем де орыс тілін білмегендіктен
алғашқыда екінші сыныптың тіл сабактарын оку



қынға түсті. Дегенмен аз уақытта орыс тілін меңгеріп кеттім», – дейді Қайрекен, балалық шағын еске түсіріп.

Қайрекенің балалық шағы Ұлы Отан соғысы кезеңіне келіп, ерте есейді, үлкендермен бірге ма-сақ терді, егіннің арам шөбін жұлды, сегіз жасынан бастап лобогрейкеге жегілген аттың басына мінді. Осындай қын жағдайға қарамай Дмитриевка орыс жетіжкілдік мектебін үздік бітіріп, 1949 жылы сол кездегі Октябрь ауданының орталығы Марьевка орыс орта мектебінде оқуын жалғастырады.

Марьевка орыс орта мектебін 1952 жылы медаль-ға бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университеттіне қабылдау емтиханының түседі. Университеттің тарих факультетін үздік бітірген Қайрекен 1957 жылы облысымыздың Октябрь ауданына қарасты Н. С. Хрущев атындағы совхоз орыс орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, бір жылдан кейін осы мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалады.

1959 жылы осы ауданның Городецкий сегізжылдық мектебінің директорлығына ауыстырылады. Бірер жылдан кейін бұл мектеп орта мектеп болып құрылады.

1971 жылдың желтоқсан айынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалады. Бұл қызметті зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін атқарды. 1995–2001 жылдар арасында облыстық білім жетілдіруду институтының инновациялы педагогика технология кафедрасының аға оқытушысы, 2001 жылдың ақпан айынан бастап Солтүстік Қазақстан облыстық



өлкетану мұражайы жаңындағы «Асыл мұра» орталығының қызметкері болып істеп келеді.

Қайрекеңмен таныс-білістігіміз сонау 1971 жылдан басталып кейін жолдастыққа үласты. Жұмысты қатар істедік, сапарлас болып Омбы, Тобыл, Алматы архивтерінде жұмалап жұмыс істеген уақыттарымыз да болды. «Тоқсан би», «Бір әүлеттің тарихы» кітаптарын бірігіп жаздық. «Асыл мұра» орталығынан шыққан отыздан астам зерттеу кітаптарын Ғалым Қадірәлі үшеуміз бірігіп жаздық.

Қазақтың риза болған адамына «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтін үшқыр сөзі бар, біз де осы сөзді Қайрекеңе арнай отыра бұл кісінің қадір-қасиетін сегізге бөліп жаздық.

Бірінші қыры – ұлағатты ұстаз.

Қайрекеңнің ұстаздық қабілеті, ұстаздық қасиеті Городецкий орыс орта мектебінде директор болып жүргенде танылды. Бұл мектеп Қайрекең басқарған аз уақыт ішінде ауданғана емес, облыс бойынша алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болды. Мектеп басқару іс-тәжірибесі облыс мектеп директорларына таратылды. Мектеп аудандағы методикалық тірек мектебі болып, көптеген методикалық бірлестіктердің мәжілісі осы мектепте өтіп отыратын. Сондықтан да облыстық оқу бөлімі менгерушісі орынбасары қызметіне тандау Қайролла Мұқанұлына түсті.

Бұл уақыт облысымында қазақ мектептерінің қайрандалап, жаппай жабыла бастаған тұсы еді. Қазақ мектептерінің жабылуына барынша тосқауыл қойып, жанашыры бола білді. Облысымында оқу-ағарту ісін басқаруда, ұйымдастыруда көп еңбек сіңірді. Ұстаздық саладағы 44 жыл қызметі ескерусіз қалмады. «Күрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін»,



«В. И. Лениннің туғанына 100 жыл», «Ыбырай Алтынсарин» медальдарымен, «СССР оқу-ағарту қызметкерлерінің үздігі», «Қазақ ССР оқу-ағарту қызметкерлерінің үздігі» белгілерімен, Қазақстан Жоғарғы Советінің, Қазақстан білім министрлігі, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті мен атқару комитеттерінің мақтау қағаздарымен марапатталды.

Екінші қыры – журналист. Қайрекең – Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Облыстық орыс-қазақ баспасөздерінде айында емес, жұмасына бір мақаласы шығып тұрады деуге болады. Газеттерге мақала жазу ісімен ерте араласқан. «Ленин туы» газетінің 1943 жылғы тігіндісінен ауыл тұрмысы жайлыш мақалаларын кездестіргеніміз бар.

Бұл істе де Қайрекеңнің басқалардан ерекшелігі бар. Біріншіден, баспа беттеріне өндіре жазса, екіншіден орыс-қазақ тілдерінде қатар жазады. Мақалаларының негізгі тақырыбы: оқу-ағарту істерін үйымдастыру мен өлкеміздің тарихы. Өлкеміздің ұмыт бола бастаған көне тарихының көзін ашып, есімдері естен шығып бара жатқан тарихи тұлғалар жайлыш жазады. Сондықтан газет оқырмандары тарихи танымы мол мақалаларын қызығып оқиды. Қатар жүрген құрбylanстары жайлыш арнау мақалалары да газет бетіне жиі басылады.

Үшінші қыры – өлкетанушы. Қайрекең өлкетану ісіне зейнеткерлікке шыққаннан бастап түбегейлі кірісті деуге болады. Өлкеміздің тарихын Омбы, Тобыл, Алматы қалалары архивтерінен жұмалап жатып жинастыруды. Облыс тарихына орай жинап жүрген дүниелерін архив құжаттарымен бекітті. Нәтижесінде көлемді-көлемді зерттеу еңбектерін жазды. Алдымен менімен бірігіп «Тоқсан би», «Бір әuletтің тарихы»



кітаптарын жазды. Кейін атақты жерлесіміз, «Алаш» партиясының мүшесі Абылай Рамазанов туралы «Елін сүйген азамат», Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтардың ең жақын пікірлес достары, Петропавл қаласындағы қазақ педагогикалық техникумның тұнғыш директоры Жұмағали Тлеулин туралы «Жұмағали Тлеулин – «Алаш Орда» қайраткері» атты көлемді зерттеу кітаптары Алматы қаласында басылып шықты. Осы екі еңбегі Қазақстан Ғылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және археология институтынан тиісті бағасын алып, Қазақстан тарихына қосылған жаңалық деп танылды.

Қайрекенің «Ұмын сұлу» атты зерттеу кітабы біздің өнірімізде XIX ғасырда өмір сурген оқымысты қызы Ұмын сұлу туралы жазылған. Кезінде Габит Мұсірепов Ұмын сұлу туралы арнайы кітап жазбақ болып, материал жинастырған екен.

Өзінің туған ауылының тарихы жайлы жазылған «Ынтымақ ауылы» атты кітабы да өлкеміздің өткен тарихын қамти жазылған еңбек.

«Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім» атағын алған Қағида Базарбаева туралы жазылған «Ұлағатты ұстаз» атты еңбегі ұстаз жайлы, сол кездегі облысымыздың оқу-ағарту саласына арналып жазылған еңбек. «Тарихи терминдері мен ұғымдарының орысша-қазақша сөздігі», «Солтүстік Қазақстан облыстық халық ағарту бөлімі методикалық қызметінің тарихы» атты кітаптары да облыстың халық ағарту саласы бойынша құнды зерттеулер.

Қайрекең бұдан басқа «Асыл мұра» орталығы мүшелерімен бірігіп, Қожаберген жырау, Шал ақын, Сегіз сері жайлы зерттеу еңбектер жазды. Баян батыр



және Алаш орда мүшелері жайлы көптеген зерттеу мақалалары газет бетінде жарық көрді.

Соңғы кезде Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары облысынызда ел басқарған көрнекті тарихи тұлғалар жайлы «Тағдырлары Қызылжарда тоғысқан» атты көлемді зерттеу мақаласын жазды. Бұл еңбегінде Жұмабай Шаяхметов (1902–1966), Мұқатай Жәнібеков (Угар) (1887–1932), Ныфмет Сырғабеков (1900–1937), Жанайдар Садуақасов (1898–1938), Ұзақбай Құлымбетов (1891–1938), Әбдірахман Байділдин (1891–1931) тағы басқа Қызылжар өнірінде қызмет атқарған азаматтардың өмірдеректерімен таныстырған.

Атақты жерлесіміз Евней Букетов жайлы жазған зерттеулері де біраз дүние. Қазақстан журналистер одағының мүшесі, облыстық өлкетану мұражайы жаңындағы «Асыл мұра» орталығының мүшесі Қайролла Мұқанов Қазақстан Республикасы Минералдық шики затты кешенді қайта жасау Үлттық орталығы РМА



Бас дирекциясы мен Қазақстан Республикасы ми-нералдық қорлары Академиясы Төралқасының 2009 жылдың 23 қыркүйегінде өткен біріккен отырысына арнайы шақырылу құрметіне ие болды.

Бұл отырыс күн тәртібінің бірі – даңқты жерлесіміз, аса көрнекті ғалым, Еңбек Ері, қоғам қайраткері, дарынды жазушы Евней Арыстанұлы Бекетовтың туғанына 85 жыл толу құрметіне ғалымның ғылыми мұралары мен шығармашылығын түсіндіріп тарату, есімін ел есінде қалдыру шаралары және Е. Бекетов атындағы сыйлық лауреаттарын марапаттау болды.

Қайролла Мұқанұлы осы отырыста басқа да көрнекті ғалымдармен қатар сөз алғып, жерлес ғалыммызы Е. Бекетовтың мұраларын, шығармаларын насиҳаттау және есімін ел есінде қалдыру ісі туралы Солтүстік Қазақстан облысында атқарылып жатқан шараларды баян етті.

Облыс және аудан орталықтарының көшелеріне, ғалымның туған ауданы Сергеев қаласындағы бір мектепке, СКГУ-дың бір кабинетіне ғалымның аты берілгенін, 1995 жылы арнайы қор құрылып, 1996 жылдан бері облыс орталығындағы ғалым мұражайының жұмыс істеп келе жатқанын мәлім етті. Бұл мұражайды жабдықтап, оның жұмысын ұйымдастыру ісіне марқұм Ғалым Қыдірәлі мен Қайролла Мұқановтың тер төгіп, еңбек еткенін айта кету керек. Жуырда Петропавл қаласында Бекетов ескерткішінің ашылғанын да мәжіліске қатысушы ғалымдар Қайролла Мұқанұлынан естіп жатты.

Ғылым Академиясында өткен бұл мәжіліске Қайрекен тегіннен қатысқан жоқ. Осыған дейін баспа беттерінде Қайрекенің жерлес ғалыммызыздың өмірі мен шығармалары, артында қалған мұралары жайлы



жыырмадан астам үлкенді-кішілі зерттеу мақалалары басылған еken. Қайрекеңнің Бекетовты тану ісіндегі еңбектері ескеріліп, Қазақстан Республикасы Минералдық ресурсы академиясы президиумының шешімімен академик Е. А. Бекетов атындағы 2008 жылғы «Е. А. Бекетовтың шығармашылығы мен ғылыми мұраларын ел ішінде насихаттау» жұмысы үшін сыйлығы және Е. А. Бекетов медалы қоса тапсырылды. Бұл арада Е. А. Бекетов мұрасын насихаттау сыйлығын жылына екі адамға ғана берілетінін еске сала кетейік.

«Мен Евней Арыстанұлын басқалар сияқты аса қадір тұтып келдім және солай бола бермек те. Ғылыми және әдеби еңбектерін көп оқығандықтан оның ғалым, әрі жазушы ретінде тұлғасы даралынып, биік тұрганын мақтаныш қылышп жүрдік, журе де бермекпіз», – дейді Қайрекен.

Қазір өлкетану ісін одан әрі жалғастыруда. Кезінде Қызылжар қаласының тарихын да кеңінен зерттеп жазған мақаласы да «Солтүстік Қазақстан» газеті бетінде басылған болатын.

Қайрекен орысша-қазақша басылыш шыққан Солтүстік Қазақстан облысы энциклопедиясын құрастырушылар кеңесінің мүшесі. Осы энциклопедияға облыс тарихына байланысты жүзден аса дерек-мақалалар жазды.

Төртінші қыры – әдебиетші. Қайрекеңнің әдебиеттану жайлары зерттеулері бір тәбе. Әсіресе, жерлес ақын-жазушыларымыз Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов, Сафуан Шаймерденов, Иван Шухов, Герольд Бельгерлердің өмірдеректері, шығармашылықтары жайлары көптеген зерттеу мақалалары баспа беттерінде жарық көрді. Мағжан Жұмабаевтың



белгісіз өмірдеректері, шығармашылығы, педагогикалық көзқарасы жайында зерттеулерін жазды. Абай мен Пушкин шығармаларының рухани байланысы, Абайдың Пушкин шығармаларынан аудармасы жайында әдеби зерттеулер жазды.

2002 жылды Габит Мұсіреповтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында «Егемен Қазақстан» газетінің үйымдастыруымен болған «Қызылжар – Жаңажол» жаяу марафоны болып, жолдағы ауылдарға Ғабенің әдеби мұрасы жайлы әңгіме өткізді. 200 шақырымдай осы жаяу марафонға үлгайған жасына қарамай Қайрекен де қатысқан болатын.

Бесінші қыры – ақын. Қайрекенің 2004 жылды Алматының «Жібек жолы» баспасынан «Арнаулар» атты өлеңдерінің жинағы шықты. Осы кітаптың алғы сөзінде өзінің ақындығы туралы былай деп жазды: «Мен кәсіпқой ақын емеспін. Дегенмен ақындарға еліктеп, мектепте оқып жүргенде ұсақ-түйек өлеңдер жаза бастадым. Соғыс кезінде майданда жүрген ағаларға арнап біраз өлеңдер жаздым. Дмитриевка мектебінің 7-ші класында оқып жүргенімде орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы М. В. Самойленко оқушылардың аудандық көрмесіне бір топ өлеңдерімді жібергені бар. Марьевка орта мектебінде оқып жүргенде де әрқылы өлеңдерім орыс тілінде жазылды. Онда біздің класта «Юный поэт» атты газет шығарылатын еді. Сол газетте менің өлеңдерім де шығып тұрды».

Бұл жинақ «Арнаулар» деп аталғанмен әр жылдары әртүрлі тақырыпқа жазылған өлеңдері де бар. Қазақтың атақты шежірешілер үлгісімен өз ата-тегінің шежіресін 80 шумақтан тұратын өлеңмен жазған шежіресі де жинаққа енген. Жинаққа енген бір топ



олендері өзінің туған ауылы – «Ынтымақ» ауылyna арналып жазылған.

Атыңнан айналайын «Ынтымағым»
Көрмесем сені екі-үш ай ынтығамын.
Жүрсемде сенен жырақ алыс жерде
Өзінде мәңгі менің ынтық зарым.

Бауырында Саяғаштың Ынтымағым
Жұртына сәуле берген күншүағым.
Әлемнің қанша жерін көрсемдағы
Өзіндей көре алмадым жер жұмағын,

– деп жырлайды туған ауылын Қайрекен.

Алтыншы қыры – мінез әдемілігі, қарапайымдылығы. Ұлы Абай «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген сөзін дәл Қайрекене арнап айтқан сияқты болып көрінеді. Біраз қатарластарынан білімдарлығы жағынан озық түрған Қайрекенің «мен білемін» деп асып-таспайтыны мінезі де кездесе бермейтін мінез. «Құйса толмайтын, толса аспайтын» дейтін ұшқыр сөзді де осы кісіге арнап айтуға болады. Әркімге жол бергіш Қайрекен осы сияқты мінездерімен де елге сыйлы, елдің құрметтісі.

Жетінші қыры – белсенді қоғамшыл. Қайрекенің облыстық деңгейдегі атқарған, атқарып келе жатқан қоғамдық қызметтеріне арнайы тоқтауға болады.

Кенес үкіметі кезінде Солтүстік Қазақстан облыстық оқу-ағарту және ғылым саласы қызметкерлері кәсіподағы президиумының мүшесі, облыстық атқару комитеті жаңындағы бақылау комиссиясының мүшесі, облыстық табиғат қорғау қоғамы президиумының мүшесі қызметтерін атқарды.



Кейін, жаңа заман кезінде, 1990 жылдан 2006 жылға дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары, 1992 жылдан осы уақытқа дейін облыстық ардагерлер Кеңесінің мүшесі, 1995 жылдан бері Сәбит Мұқанов атындағы облыстық кітапхана-сы жанындағы өлкетану клубының белсенді мүшесі қызметтерін атқарып келеді.

Сегізінші қыры – еңбек сүйгіш. Қайрекенмен қатар жүргенде тағы бір байқағанымыз – еңбеккерлігі. Үнемі іздену үстінде көресін, көп оқиды.

Облыс орталығындағы кітапханаларда, оқу орындарында өтіп жататын түрлі мерекелік жиындарға, телехабарларға облысқа танымал өлкетанушы, сыйлы азамат ретінде шақырылып жатады. Газет-журналдардан да тапсырмалар түсіп тұрады. Қайрекенің осының бәріне уақыт тауып қатынасып, өзінің ойларын бөлісіп жатқанын көресін.

Қайрекенің осы сияқты қоғамдық қызметтері ескеріліп «Женістің 60 жылдығы» және «Қазақстан Конституациясының 10 жылдығы» медальдарымен тағы басқа наградалармен марапатталды.

«Жолдастарыңың кім екенін айтшы, мен сенің өзінің кім екенініңді айттып берейін», – деп айтқандай. Қазақстанның көрнекті академик-ғалымдары тарих ғылыминың докторы Кеңес Нүрпейісов, экономика ғылыминың докторы Аманжол Қошанов, кезінде Қазақстанның бас сәулетшісі болған Шота Уәлиханов, қоғам қайраткері, көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтар Қайрекенің ең жақын жолдастары, достары.

Құдай қосқан қосағың – жарты иманың. Эйел – қашанда отбасының үйтқысы, ер азаматтың ажары, құт-берекесі болса – Қайрекенің жолдасы Құлзағи Ақанқызы дәл осындай адам.



Күлзәғи жеңгей көп жыл үстаздық қызмет атқарған, оқығаны да тоқығаны да көп адам. Үйге келіп жататын қонақтарды күтуден, үй шаруасынан қолы босай қалса, Қайрекенің шығармашылығына кеңесшілік қызмет те атқарады. Отбасында төрт бала өсіп тәрбиеленді, бәрі де өмірден өз орындарын тапты.

Зайберт Виктор Федорович,
доктор исторических наук, профессор,
член-корреспондент Германского археологического
института, Академии социальных наук РК, директор
Центра археологии КазНУ им. аль-Фараби

МОЙ БОЛЬШОЙ ДРУГ

Кайроллу Мукановича я очень ценил и уважал за его неиссякаемый интерес к жизни и науке, моим занятиям, за эрудированность и человечность, он был неконфликтный, мягкий человек. Думаю, ему очень повезло со спутницей жизни, она создавала ему условия для плодотворной работы, сама находясь в тени его многогранной натуры творца. В этом заключается уважение.

Он прекрасный краевед, литератор, безусловно. Чувствовалось, что Кайролла Муканович, мой





большой друг, обладает познаниями в языкоznании, литературе и истории, к тому же он большой патриот. Он всегда проявлял живой интерес к работе областного историко-краеведческого музея и университета – СКГУ им. М. Козыбаева, делился прочитанным. Он был в курсе дел Академии наук и лично знал многих корифеев наук, активно сотрудничал с музеем Е. А. Букетова, консультировался с А. К. Кошановым, К. Н. Нурпеисовым, М. К. Козыбаевым и цитировал их труды.

Также мы часто с ним встречались на публичных мероприятиях: конференциях, по линии Ассамблеи народа Казахстана, на областном и городском уровнях. В Петропавловском пединституте впервые в 1969 году была открыта казахская группа на историческом факультете, со студентами мы открыли Бишкульский, Петровский тип андроновской культуры. Мне импонировало интуитивное понимание культурного контекста.

Он проделал большую поисковую и организаторскую работу вместе с С. М. Пресняковым и другими по составлению замечательного тома-энциклопедии «Северо-Казахстанская область» на казахском и русском языках.

Помимо этого нам довелось участвовать совместно с Советом ветеранов области в издании значимых для общественности книг: «Трагедия и прозрение» о судьбах депортированных в Казахстан народов, немцев в их числе. Это издание было иницировано мною, вплоть до дизайна обложки, на которой изображены силуэты людей, в книгу вошли очерки и архивные сведения о семьях депортированных в Северный Казахстан народов. Наши с ним статьи



есть и в сборнике «Возвращенные имена» о судьбах репрессированных земляков.

Эпоха открытия засекреченных ранее архивов и пробуждения национального самосознания в начале «перестройки» потребовала издания новых учебных пособий. Так, увидел свет наш совместный труд: Кайроллы Мукановича, вашего покорного слуги и Гульнар Кайроллиновны, дочери Кайроллы Мукановича, молодого кандидата наук – «Русско-казахский словарь исторических терминов и понятий» в 1998 году. То был период дефицита подобных словарей, многие термины пришлось изыскивать из материалов Терминологических комиссий. Работа была интересной и полезной для студентов, да и нас, преподавателей.

Кайролла Муканович умел находить общий язык с каждым, будь то ребенок, подросток или взрослый, независимо от национальности. Культура общения ему присуща так естественно, что люди к нему тянулись за советом, зная, что он всегда корректен и окажет помощь по мере возможности. Он, к слову сказать, никогда не выпячивался, однако между тем оставался неформальным, внутренним лидером и словно направлял окружающих своим авторитетом. Если он начинал говорить, невольно все начинали прислушиваться. Это поколение относилось внимательно друг к другу с этической точки зрения.

Его доклады на конференциях, выступления на телевидении и радио, в газетах, статьи в журналах и книги всегда были интересны, убедительны и основаны на фактах, будучи посвящены актуальным темам, воспитывают молодежь и учат терпению и трудолюбию. Такие люди – большая редкость. Нас



родители в большой семье воспитывали на своем примере, и Кайролла Муканович Муканов – мой друг, проявлял все те качества, которые для нас являются проявлениями уважения к другим и порядочности.

Его детям и внукам искренне желаю работать и жить, планируя и достигая целей. Хорошо, что вы продолжаете дело отца, изучаете историю края.

Елеусізов Ескендер Есмақұлы,
Солтүстік Қазақстан облыстық
ардагерлер кеңесінің төрағасы

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ



Біз әдетте есімі ел ауызында жүрген адамдар туралы әңгіме қозғағанда ондай жандардың білімі, ғылыми көзқарасының кеңдігі, немесе адамгершілік қасиеттері жайлышты бола айтамыз. Ал дәүлетті адамдардың бәрі бірдей жомарт бола бермейтіні сияқты, адамгершілік парасат пен білімділікті қатар алғып жүру әркімнің қолынан келе бермейтіні де шындық.

Өзім ерекше жылы сезіммен жиі еске алатын, есімі кеңінен танымал тарихшы, туған өлкеміздің өткенінен сыр шертетін талай еңбектерін жерлестеріне мұра етіп қалдырған Қайролла Мұқанұлы ізгілік пен



терен білімділікті қатар ұштастырған жүргі дар-
қан, ой өрісі кең жан еді. Бұрын облыстық «Солтүстік
Қазақстан» газеті, және басқа басылымдардан мазмұ-
ны терен, ойы салмақты мақалаларын оқып, өзіндік
қолтаңбасынан дүниетанымының кеңдігін байқаған
Қайрекенмен әсіресе облыстық ардагерлер кеңесі-
нің тәрағасы ретінде қызметімді бастаған жылдары
жиірек кездесудің сәті түсті.

Кездесе қалғанда айтатын ортақ әңгімеміз өңі-
ріміздің өткені мен бүгіні, қоғам өміріндегі айту-
лы оқиғалар, рухани тәрбиенің өзекті мәселелері.
Қайролла Мұқанұлының әсіресе өскелен үрпақты
ұлттық құндылықтарымызға құрмет, ғасырлар бойы
қалыптасқан ата-баба дәстүріне адалдық рухында
тәрбиелеу тақырыптарына қатысты ойлары замана
талабымен үндестік тауып жататын.

Ол кісінің «Асыл мұра» қоғамдық мәдени орталы-
ғының алғашқы негізін қалаушылардың бірі болуы
да, осы орталықта ғылыми қызметкер ретінде ұзақ
жылдар жемісті еңбек етіп, өлке тарихынан құнды
деректер беретін еңбектер жазуы да кедейсоқтық
емес деп ойлаймын. Әрине, бұған оның кәсіби тарих-
шы болуы ғана емес, туған өлкесіне деген перзенттік
махаббат та әсер еткені анық. Өйткені, оның өлкетану
тақырыбындағы қандай еңбектерін оқысақ та туған
жерге, жерлестеріне деген ыстық сезім сезіліп тұра-
ды. Өзінің кіндік қаны тамған Ынтымақ ауылы ту-
ралы кітабы, «Ұмсын сұлу», «Өлке тұлғалары», «Тоқ-
сан би», «Қожаберген жырау» сияқты еңбектерімен
қатар сонау сексенінші жылдардың соңынан бастап
ақиық ақын Мағжан Жұмабаев туралы зерттеулері
оның сан қырлы ізденістерін біздің облыста ғана
емес, еліміздің өзге өңірлеріне паш етті. Ардагерлер



кеңесінің республикалық деңгейдегі шараларына, басқа облыстағы жиындарға қатыса жүріп өзге өнір ақсақалдарының Қайрекеңің есімін ерекше ілти-патпен атайдынына талай рет куә болып, оның биік беделін танитынмын. Өз жерлесімнің есімі өнірден тыс жерлерде құрметпен аталатыннына мен де риза болатынмын.

Кейбір кездері әңгіме барысында ұзак жылдар бойы ауылдық жердегі мектептерде ұстаздық етіп, одан кейін облыстық білім беру басқармасында зейнетке шыққанға дейін қажырлы еңбек еткен Қайролла Мұқанұлы ана тілінің жанашыры ретінде де келелі ойларын айтатын.

«Біз қазіргі жастарды қазақ тілін білмейді деп кінәлаудан бұрын ата-аналардың өз үйлерінде бала-ларымен ана тілінде сөйлесуіне көбірек көңіл бөлгеніміз дұрыс болар еді», – деген еді Қайрекен бір әңгімесінде. «Өйткені «бала ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деген сөз бар ғой халқымызда. Бұл істе шыдамдылық керек. Уақыт өте тіл мәселесіндегі бұл түйткілдер де шешіледі.».

Сол әңгімеден бері біраз жылдар өтіп кетіпті. Қайролла Мұқанұлы айтқандай, қазір жастар арасында ана тіліне деген құлышыныс артып, жас буын ұлттық рухани қайнардан сузындауына кең жол ашылды, облысымыздық қазақ мектептерінің саны да артып, ана тілінің тынысы кеңейді. Бұл жетістіктерде өнірімізде ана тілінің өркендеуіне қазақ мектептерінің ашылуына зор еңбек сінірген, Есіл өнірінің тарихи мұраларын, ұлт зиялышарының өмір жолын зерттеп рухани қазынамызды толықтырған Қайролла Мұқанұлының үлесі ерекше дер едім.



Жаны жайсан, жүрөгі дархан Қайрекенді еске алғанда әрқашан толғаныс сезімі туындейды. «Галымның хаты, жақсының аты өлмейді» деп осындайда айтылса керек.

Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы,
әдебиет зерттеушісі, сынши,
филология ғылымдарының докторы, профессор.
Халықаралық Ш. Айтматов академиясының академигі,
Қазақстан жазушылар, журналисттер
одақтарының мүшесі

ЖАЗУЛЫ ХАТҚА АЙНАЛҒАН ҚАРИЯ

Өңірдің өлкетанушы ақсақалы Қайролла Мұқановпен танысқаныма бақыттымын. Қайда барсам да халық сөзін айтатын кісіні іздей жүретін әдетім. Қайролла Мұқанов есімін естігенде елең ете түстік. Өйткені, түртініктеп ізденіп жүретін, тапқанын тиянақтап жаза білетін азамат. Республикалық баспасөз бетінен Қайрекенің мақалаларын талай оқығаным есіме орала кетті. Дастанқан басындағы өзара әңгіменің аяғы ол шығарған кітаптарды қолқалап, бүйымтай райында сұрауға барып ұласты. Ақсақал өзінде қалған азын-аулақ кітаптарынан «Жұмагали





Тлеулин – деятель Алаш Орды» («Жібек жолы», 2005 ж.), «Ұмын сұлу: ақиқат пен аңыз» (Петропавл, 2007 ж.), «Арнаулар» («Жібек жолы», 2004 ж.), «Өлкө тұлғалары» (Петропавл, 2008 ж.), «Ақын ізі. След поэта» (Петропавл, 2009 ж.) аталатын кітап болып басылған еңбектерін тауып берді. Оқып шыққан соң ол еңбектер мені қатты ойландырды. «Ауылында қартың болса, жазулы хатпен тең...» деген сөздің ақиқатына көз жеткіздім. Қазақ елінің әр қырында қарапайым өмір сүріп, өнір, тіпті қазақ мәдениетіне әр деңгейде үлес қосатын өлкетанушылар тағдыры жайында ойландым. Қарапайым мектеп мұғалім Асантай Әлімов мектеп оқушыларымен бірге ауданында тарихи төбелеріне саяхаттай жүріп, жиналған экспонаттарды жинақтайды. Отырар ауданында даңқты «Отырар» мұражайының ашылуына себепкер болғаны есіме түсті. Кеңес өкіметінің қаны жерге тимей тұрғанда В. И. Ленинді жамандап (әшкерелеп) поэма жазып, оны тындаушылардың зәресі зәр түбіне кетіп үрейленіп, кейін кеңес өкіметі құлағаннан кейін «Апыр-ай, біздің Асантай мұғалім әулие еken-ay», деп жағасын ұстап отырған ауылдастарымның кейпі көз алдыма келді. Тамаша орыс жазушысы Д. Н. Граниннің «Обратный билет» аталатын повесі ұлы жазушы Ф. М. Достоевскийдің мұражайын ашуға мұрындық болған қарапайым мұғалім Семенов туралы екені, ұлы орыс ақыны А. С. Пушкиннің мұражайын ашып, оны ұзақ жыл басқарған, атақты «Пушкиногорье-ні» жазған Семен Гейченко еріксіз еске түсіп жатты. Өзімнің Түркістанда «Бейсембай Кенжебайұлының түріктану мұражайын» 20 мыңдық алуан тілді жеке кітапханамның негізінде «Түркітілдес халықтар кітапханасын» ашуды – осындай өлкетанушылардан



алған тәлімімнің негізінде жүзеге асқанын іштей мойындаған отырмын. Міне, осындай жағдайда Қызылжар өнірінің Қайролла Мұқанов, Таңат Сүгірбаев, Социал Жұмабаев сияқты азаматтарының бас біріктіріп, Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ішінен «Асыл мұра» орталығындағы ақсақалдардың тындырымды ісі бірсыныра! Ал сол ақсақалдардың бірі – Қайролла Мұқановтың еңбектерінен риза болып, қолыма қалам алып отырған жайым бар.

Жұмағали Тлеулин туралы кітабы түп-түгелімен – мұрағаттық дерек жинауы, билетін кісілерге жолығып әңгімелесіп кейіпкер жайында мәлімет алуды, сөйтіп қайраткер өмірнамасын қалыптастырудан оның Алашорда қатарында болып халқына қызмет ету арналарына дейін жинақтау және талдау негізінде жазылтымен ерекше ұнады. Тұындыгер қазақ тарихы ғалымына тұлғатану саласына осы еңбегімен үлес қости деп айта аламын. Кітабындағы деректер тың, сол тың деректі бүгінгі зерделі көзқараспен қарап талдау қызықты. Өз басым, Жұмағали Тілеулин туралы кітабын оқып отырып, бір жайды көңілге мықтап түйген жайым бар.

Бір қарағанда Жұмағали Тілеулин – өнірдегі деңсаулық сақтау саласында орта деңгейлі қызмет атқарған адам. Ал Алашорда өкілдерімен байланысып, қазақ ұлты туралы атқарып жүрген істері ұланасыр. Ақыр-аяғы деңсаулық сақтау туралы қалам тарта отырып, медициналық қаншама терминдер алып келген, түсініктер жасаған десеңізші?! Оның Алашорданың ірі-ірі өкілдерімен бір деңгейде ісі қаралып, солармен иықтас тұрып сотталуы да көп жайды аңғартқандай. Орта дәрежелі ғана қызмет атқарған осындай адамның туған ұлты туралы, оның болашағы



жайлы ойлары үлкен, ойларынан туған әрекеті ірі. Бұғінгі күні билік басындағы көп азаматтан азаматтық ойы, ұлттық болмысы анағұрлым жоғары тұр. Соған қарап қайраткерлік, ұлтшылдық азаматтың қызметіне емес, жан байлығына, дүниетанымына байланысты екен-ау деген ойға келесің. Жұмағалидің жазған мақалалары қазақ халқының елдігіне барып сабактасып жатады еккен. Қандай тамаша! Бұғінгі әр деңгейде қызмет атқарып жүрген қазақ азаматтарына осындей көз-қарас, осындей жан байлығы, осындей зерделілік жетпейді ғой. Демек, ұлт қайраткері болу үшін адамға қызмет-дәреже, мансаптың үлкендігі шарт емес, ұлттық ойы, ұлтшылдық әрекеті болуы шарт екен-ау деген ойға еріксіз берілесің. Автор өзі тірнектеп дерек жиып, соны зерек қорытып жазған кітабына осындей ой-өрісі, қайраткерлік болмысы қызметіне байланып қалмаган Алаш ардақтысын «тірлітіп» отыр. Оқыған кісі кешегі тарихтан аңы сабақ алып қана қоймайды, бұғін ұлттымызды үшпаққа шығарады деп жүрген билік басындағы не ана тілін дұрыс білмейтін, не ұлт тағдырына жаны ашымайтын «ас ішіп, аяқ босатумен» келе жатқан азаматтар жайында еріксіз шамырқана ойлайды. Осы орайда Қайролла Мұқановтың «Жұмағали Тлеулин – деятель «Алаш-Орды» аталатын кітабы оқырманың ойға батыратын, санамызға тарихи сапа бітіретін еңбек деп айтамын. Апыр-ай, деп ойлайсың, азаттық аңсаған Алашорда ұлттық болмысы майда азаматтар жоқ екен-ау... Ұлттық болмыс, ұлттық намыс екен ғой оларды ұлттық тәуелсіздікке бастаған.

Қайролла Мұқановтың халқымыздың ғажап акыны – Мағжан Жұмабаев туралы қазақ және орыс тілдерінде жазған еңбегі де ұнады. Әрине, кешегі



кеңестік кезеңде Мағжанды кінәлап күстанаушылар, жазғандарын сынап «ит сілікпесін» шығарушылар, ит жеккенге айдатушылар, өзі атылып кеткен соң ақталған ақынды «азаматтық ақталу рухани ақта-луға жатпайды» деп, әдеби мұрасының ортамызға оралуына қарсы болғандар бірсыптыра. Көзін көрген, алдынан тәлім алып, Мәскеуде үйінде жіңі болып, көңіліне өшпестей етіп, келбетін қалыптаған Бей-сембай Кенжебайұлы сынды бірен-саран азаматтарғана кеңестік кезеңнің өзінде естелік мақала жазып, оны ақтап алу үшін жанқиярлық әрекеттерге бара алды. Жанынан қорқып Ғабит Мұсірепов ағамыз ақын жары – Зылиханы үйіне кіргізбегендеге Бейсекең жылап қарсы алып, женге тұтып төріне оздырып күткеніне куә болғанбыз. Бүгінде жүрттың бәрі Мағжаншыл Кеңестік кезеңде Мағжанға қарсы болған азаматтардың тәуелсіздіктен соң әзелден Мағжаншыл болып сөйлегенін, алға түсіп, мадақтап мақала жазғанын да көзіміз көрді. Бертінде ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаев жайында бірсыптыра көңіл көншітерлік еңбектер жазылды. Ал Қаролла Мұқановтың ұлы ақынызы жайындағы еңбегі түп-түгел жаңалық деп айта алмаспсыз. Алайда, ақын өмірі мен шығармашылығын бар деректер негізінде дұрыс баяндаған, кей сәттері Омбыдағы өмірбаяны жайында мұрағаттан тапқан тың деректерін қоса, көз-көргендердің естелік (олар да тың) материалдарын ғылыми айналымға түсіре сөйлеумен «Ақын ізі. След поэта» өзін-өзі ақтайтын, аса қажет еңбек болып шығыпты. Қазақша жазылған ойлардың кейбірін тұжыра орысша жазып кетуі – Қайрекендей азаматтың артықшылығы дер едік.

Өз басым, жарты ғұмырымды қазақтың Сәбит Мұқановтің жазушысының өмір тарихын,



шығармашылық лабораториясын зерттеуге жұмсаған адаммын. Ол қаламгердің өмір жолы, шығармашылығына қатысты қызықты тағдыр иелеріне бейтарап қарай алмаймын. Ұмсын сұлу – Сәбенә жаза бастап аяғына жеткізбей қалдырған бір кейіпкері. «Өмір мектебінде» Ұмсын сұлу жөнінде, Күләмай жайында бірсыныра қызықты әңгімелер айтылады. Сәбенә баяндайтын Ұмсын сұлу сюжеті өрістеп, композициялық шешімге ие болған дербес көркем туынды деуге келмейтін. Ауызекі әңгіменің шебері саналған Сәбенің мемуарлық шығармасында баяндалған тағдыр өзінің қызығылықтылығымен дербес жазатын тақырып екен-ау дегізери хақ. Сәбенә жарықтық өмір-баяндық шығармасында эпизодтық кейіпкер ретінде әңгімеленетін Ұмсын сұлудың дербес көркемшығармалық тақырып екенін аңғарып кейін либретто жазған. Ол әдебиетте айтыла бермейді. Белгісіз туындылары қатарында қалып келеді. Мұрағаттан көрген соң айтып отырмыз. Қайролла Мұқановтың қолына да ол шығарма түсे қоймаган екен. Аталған кітапта кездеспей отыр.

Сәбит Мұқанов «Ұмсын сұлуды» неге жариялатады? Шамасы жазушының өз шығармасына көnlі толмаған болуы керек. Кейін оралып ширатармын деген туындыны қайта оралуға мүмкіндігі болмады ма, әлде қажетсінбеді ме, әйтеуір, Қазақстан Республикасы Орталық мұрағатында сақталатын жеке қорына өткізіп жіберген. Біз сол қордан таныстық. Ол дербес мәселе. Тақырыпқа қатысты болған соң жол-жөнекей әңгімелеп отырмыз. Ал мына қолымыздың кітапта («Ұмсын сұлу») Қ. Мұқанов ізденісі оқырманың тың деректерімен қызықтыра түседі.



Ол бір білімді жаратылып, бірақ бағы жанбай өткен мұндық тағдыры.

«Өлке тұлғалары» – еліміздің солтүстік өңірінде тіршілік кешкен үлкенді-кішілі тағдыр иелері жағында деректі очерктерден бастап заманымыздың тамаша ғалымы, дарындылығы үшін-ақ құғын көрген Евней Букетовке дейін атын естісек естіген, тіпті атын да естімеген небір айтулы азаматтар жайында тың мәліметтер аламыз. Әмірбяндық очерктерге ол өзінің ағартушылық ойларын, өлкетанушылық ұсыныстарын да қосып оырыпты. Қай-қайсысы да оқырманың ойландырады.

Ағартушылық дегеннен шығады, Қайролла Мұқанов зейнеткерлікке шыққанға дейін қарапайым мұғалімнен мектеп директорлығына дейін, облыстық оқу бөлімі бастығының орынбасарлығына дейін өсе қызмет атқарған жан екен. Жазу – жандүниеңді апайқын көрсететін айна іспетті өнер. Жазбаларына қарап Қайрекенің шынайы ұстаз болғанына, шын ағартушы бола алғанына күмән қалмайды. Орта мектеп, ұлт мектептері проблемасын Қайрекен қандай нәзік түсініп, буынынан ұстап тұрып көтереді дейсін. Жан Жак Руссоның: «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өз уақытынды аямау, өзгенің бақытын аялау» дейтін қанатты сөзі көпке мәлім шығар. Шамасы, ұзақ жыл ағартушылық (ағартушы сөзін арзандатып алғанымызға көп болды, мен бұл сөзді сол ескі де есті мағынасында қолданып отырмын) міндеттінде болған Қайрекен талай жас өркеннің бағын ашқан-ақ шығар. Енді, міне, зейнет демалысына шығып алып, өлкетанушылық міндеттіне жегіліп келеді екен. Біле-білген кісіге өлкетанушылық – жан байлығы мол, білімді азамат



қана атқара алатын мамандық. Оған бір саланың ғана емес, әр саланың білімі қажет. Ол тарихтан туындал жазушылықта ұласып, өшпес өнеге, тозбас тағыым тұғызып жатуы керек. Әңгімені өлкетанушылардан бастап, солтүстік өңірдің бір зиялдысы – Қайролла Мұқанов қаламынан туған еңбектерге сабактастыра сөйлеуімізде үлкен мән бар. Қайролла Мұқанов өзі өмір сүріп, тіршілік кешіп келе жатқан Қызылжар өнірі тарихын қаузап, оның ұлылы-кішілі тұлғалары тағыымын жинақтай әңгімелуеүімен-ақ тұтас қазақ еліне жұғысатын тағыымды іс тыңдырып отыр. Біз соған сүйсінеміз. Өлкетанушы райында ол тарихқа қызығып әңгіме бастап, қолына түскен материалды филологша талдайтындығымен сүйсіндіреді.

«Солтүстік Қазақстан» газеті, 26.10.2010 ж.

**Каримова Гульмира Райынбековна,
руководитель Управления образования
Северо-Казахстанской области**

МНОГОГРАННАЯ ТРУДОВАЯ БИОГРАФИЯ

Кайролла Муканович более 20 лет работал заместителем заведующего Облоно Северо-Казахстанской области, под его непосредственным руководством было реализовано множество образовательных мероприятий и проектов, с его именем связывают активный период открытия интернатов в селах, кроме того, он был сподвижником создания и развития школ с казахским языком обучения.



Кайролла Муканович родился 26 сентября 1932 года в ауле Ынтымак. В детстве он рано лишился матери, отца в начале войны забрали на тыловые работы в Петропавловск. Воспитывался у бабушки. Кайролла Муканович закончил начальную аульную школу на казахском языке. Затем учился в Дмитриевке. Семилетняя школа была с русским языком обучения, поэтому он был принят во второй класс. Позже он продолжил обучение в Марьевской средней школе, которую закончил с серебрянной медалью и поступил в КазГУ им. С. М. Кирова на исторический факультет.

Молодой преподаватель истории в 1957 году поехал работать в родные края. Свою трудовую деятельность начал учителем истории в школе совхоза им. Хрущева Северо-Казахстанской области, а уже в следующем году его назначили завучем школы. За умелое руководство позже назначили директором средней школы в Городецком совхозе. За 12 лет работы, благодаря его энтузиазму и таланту, школа стала одной из лучших. В декабре 1971 года его назначают заместителем заведующего областным отделом народного образования. При нем восстанавливались ранее закрытые казахские школы, открывались интернаты, увеличивалось число детских дошкольных учреждений.

За большой вклад в народное образование К. М. Муканов был награжден орденом «Знак Почета», знаками «Ыбрай Алтынсарина», «Отличник просвещения





СССР», «Отличник народного образования Казахской ССР» и медалью «За доблестный труд».

Интересная трудовая биография была продолжена в Институте усовершенствования учителей на кафедре инновационных педагогических технологий.

В 2002 году накануне 100-летнего юбилея Габита Мусрепова с группой работников газеты «Егемен Қазақстан» он участвовал в пешем походе от города Петропавловска до родного аула писателя Жаңажол, встречался и беседовал с жителями населенных пунктов о жизни и творчестве «мастера чеканного слова».



Большим увлечением Кайроллы Муканови

ча является краеведческая работа. Еще работая в Городецком, он исследовал историю этого села и школы. Много беседовал со старожилами, собрал богатый материал о переселенцах, которые основали село в 1909 году.

Он одинаково хорошо владеет казахским и русским языками. В статьях на русском языке часто использует малоизвестные русскоязычному читателю материалы, переведенные им с казахского, что делает его статьи особенно ценными.



С 2001 года при историко-краеведческом музее открыт научно-исследовательский центр «Асыл мұра» («Драгоценное наследие»). Цель создания: исследование жизни, деятельности знаменитых земляков, сбор материалов о них и издание книг. Кайролла Муканович вместе с Г. Кадралиным и С. Жумабаевым стоял у истоков создания центра. За годы его существования К. М. Муканов подготовил и издал книги «Елін сүйген азамат» («Человек, любящий свой народ») о знаменитом земляке, члене партии «Алаш», репрессированном Абылае Рамазанове, «Жумагали Тлеулин – деятель «Алаш Орды» о первом директоре Петропавловского Казпеттехникума – друге Мыржакыпа Дулатова и Мажана Жумабаева, «Ынтымақ аулы» – об истории родного аула и другие. Всего более 30 книг.

Им написано около 90 статей для энциклопедии «Северо-Казахстанская область», он участвовал в издании книги «Петропавловск: время, события, люди», сборника «И светлых мыслей красота». А еще К. Муканов увлекается поэзией. Сам пишет стихи. Выпустил сборник стихов «Арнаулар» («Посвящения»).

Светлая память о нашем старшем коллеге, Учителе по призванию и творческом незаурядном человеке навсегда в сердцах многотысячного отряда педагогов области, которым есть чему учиться на примере жизни и подвижничества Кайроллы – аға.

**Козыбаев Сагымбай Кабашевич,
доктор исторических наук, профессор,
президент Академии журналистики РК**

ПАМЯТИ КАЙРОЛЫ-АГА

Дежурных фраз стараясь избежать, хочу мысленно вернуться к его неповторимому творчеству. Явлением в литературной жизни можно назвать его книгу-исследование, книгу-размышление, повествование о гenie Магжане. Отзыв мой под заголовком «Болдинская осень Магжана» вышел на страницах республиканского журнала «Мысль» в январском номере 2015 года.

Эту книгу я прочитал за один присест. И вот почему: книга не о ком-либо, а о светиле национальной поэзии – Магжане Жумабаеве. Есть книги, которые хочется перечитывать. Они словно напитаны свежим воздухом и согреты солнечными лучами, как чистый родник, дающий душе живительную влагу. Секрет прост – в них мудрость жизни и кладезь знаний. Они выношены сердцем и абсолютно лишены претенциозности. Простая правда снисходит на тебя как данность, и ты становишься чуть добре, утихаешь извечная суeta. Ты мысленно стоишь перед поэтом из поэтов, как на исповеди, прикасаешься к его нежной и одновременно пламенной, музыке стиха...





«По следам Мажана». «Мағжан ізімен» – так назвал автор Кайролла Муканов свою книгу не случайно. Подняться до понимания поэта – большой труд, движение, даже подвигничество. По крупицам восстановить его путь, через тернии, ввысь – дорогого стоит. Радость от первых изданий стихов поэта, переизданий прозы, переводов, обнаружения архивных документов – сопереживание и вовлечение в поиск все новых последователей и единомышленников. Словом, колоссальный труд, чуткость, а увлеченности Кайролле Мукановичу не занимать, дает право отнести его к когорте самых преданных Мажану биографов.

Выверенный стиль, ясно выраженная мысль, убедительные аргументы и доказательства снискали К. Муканову известность среди краеведов, литературоведов, исследователей истории и культуры Казахстана. Его книга – итог многих лет труда, поиска; это сейчас мы привычно говорим о лидерах «Алаш» и цитируем их. В недавние 80-е и 90-е трудно было найти томик Мажана, уточнить некоторые данные его биографии. Приходилось даже отстаивать и аргументировать, почему его имя должно украсить здание, где он трудился, мемориальную доску на доме, где он жил с женой Зылихой, установку скульптур в северном регионе. Поездки, сборы подписей под ходатайствами, мероприятия... Замысел книги Кайроллы Муканова рождался, по-видимому, еще тогда, в преодолении косности сограждан, на тернистом пути отстаивания истины.

Не берусь пересказывать содержание книги. Да это было бы нечестно по отношению к читателю, который откроет для себя любопытные страницы истории.



В книге есть эссе под названием «Болдинская осень Магжана», интересное для почитателей таланта поэта. В 1922 году Магжан Жумабаев по приглашению лидеров Совнаркома Туркестанской Республики Турада Рыскулова и Султанбека Кожанова приехал в Ташкент. Поэт стал преподавать в Казахско-Киргизском институте просвещения. Одновременно сотрудничал с газетой «Ак жол» и журналами «Сана», «Шолпан», публиковал в них свои стихи, рассказы и научные статьи. К этому периоду относятся туркестанский и сырдаринский циклы его стихов. В них поэт воспевает старое доброе время, когда тюркские народы жили дружно, а Туркестан (в старину – Туран) был объединяющим центром. Туркестану Магжан и посвятил свое признание в любви, известное ныне во всем тюркском мире.

Магжан в Ташкенте писал рассказы и научные литературоведческие, исследовательские статьи. Большую ценность представляют его труды об Акан сері, Базар жырау, Абубакире Диваеве. Материал о жизни и творчестве знаменитого акына и певца Акана сері он собрал еще летом 1922 года, находясь в командировке в Kokчетавском уезде с целью оказания помощи голодающим (в то время поэт работал заместителем председателя Акмолинской губкомиссии помощи голодающим).

В Ташкенте Магжан исследовал творения акына-импровизатора Базар жырау. Он познакомился с известным собирателем фольклора, этнографом Абубакиром Диваевым, профессором Среднеазиатского университета (САГУ), преподававшим казахский фольклор. Поэт целиком окунулся в общественную работу. Так, в декабре 1922 года было организовано

культурно-просветительское общество «Талап», в деятельности которого наряду с М. Тынышпаевым, М. Ауэзовым, А. Диваевым активное участие принимал Магжан Жумабаев. Одновременно с этим, вместе с Х. Досмухамедовым, М. Тынышбаевым, М. Есболовым, М. Ауэзовым поэт активно участвовал в работе учебной комиссии Наркомпроса Туркестанской республики.

Магжан пробыл в Ташкенте около года: с ноября 1922-го по сентябрь 1923 года. За этот период им проделана колossalная интеллектуальная научная и творческая работа. Кайролла Муканов в своей книге справедливо заключает: «Если проводить, пусть даже условную, аналогию, то этот период творческой жизни поэта по праву можно назвать «Болдинской осенью Магжана». С этим нельзя не согласиться – ведь затем последовал период мытарств поэта.

Кайролла Муканович приступил к написанию книги «По следам Магжана» после тщательного изучения архивных документов. Ему довелось отыскать редчайшие свидетельства эпохи. Например, с болью читаешь сохранившееся в фонде губкома партии





Северо-Казахстанского областного архива письмо за подписью заведующего «Кирлито» Кондратова Акмолинскому органу цензуры (гублито) от 11 марта 1925 года. В нем содержится директива: «По имеющимся сведениям в «Кирглавлите» по Акмолинской губернии имеется в обращении сборник стихотворений на казахском языке Магжана Жумабаева, издание «Туркгосиздата» от 1923 г. В отношении такого издания примите решительные меры по изъятию из обращения. Изъятые экземпляры храните до особого распоряжения». На документе наложена резолюция агитпропотдела губкома партии: «Тов. Иванову. Для срочного исполнения. В первую очередь изъять в Кирпредтехникуме, средних школах, библиотеке».

В то время Магжан перебрался в Москву, познает ширь русской словесности и поэзии, знакомится с Брюсовым, Мандельштамом. Его оценили по достоинству, и, несмотря на гонения, годы, проведенные в Москве, были для Магжана временем творческого роста. В этот период расширился его кругозор, появились друзья из среды известных русских поэтов и писателей того времени.

Весной 1927 года Магжан вернулся в Петропавловск. Впереди его ждали новые испытания. Автор заботливо собрал фотоснимки о достопримечательностях города, в котором поэт провел лучшие годы молодости, где встретил свою любовь, трудился и творил. Редкие изображения зданий, которые не пощадило время, виды мечетей начала 20 века перемежаются с памятниками поэту, установленными благодарными потомками. Книга богато иллюстрирована фотоснимками самого Магжана, его близких, родственников, учителей. Редкие фото запечатлели кызылжарского



имама Мухамеджана Бегишева, в медресе у которого учился будущий поэт, уфимских педагогов (Галимджан Ибрагимов и др.) и однокурсника-башкира Сайфи Кудаша. Возлюбленные Магжана: Гульсим-сулу, Зылиха – в юном и почтенном возрасте. Руководители «Алаш».

Ощущение, словно эпоха проходит перед глазами – во время погружения в эту книгу, пронизанную искренней любовью и состраданием к Магжану-человеку и восхищением неординарным его талантом. Чего стоят комментарии к искрометным эпиграммам Магжана!

«Магжан Жумабаев имеет для казахского народа такое же значение, какое для англичан – Шекспир, для русских – Пушкин», – писал в свое время академик Алькей Маргулан. Совершенно справедливо.

Добавлю лишь: никогда не поздно в очередной раз прикоснуться к наследию гения и рыцаря поэзии. И вновь перечитать мудрые и добрые книги Қайролла-ага.

Кондратова Валентина Ивановна,
директор областной школы-интерната
для детей-сирот,
Заслуженный учитель Казахстана

КАЙРОЛЛА МУКАНОВИЧ

(статья, посвященная 80-летию К. М. Муканова)



Кайролла Муканович является для меня и наставником, и руководителем, и методистом, и старшим товарищем.

Моя трудовая деятельность началась в далеком 1963 году в школе № 41 г. Петропавловска (ныне – лицей № 1). В эту же школу пошли учиться и дети К. М. Муканова. Так состоялось наше первое знакомство. А когда вскоре меня назначили завучем, а затем и директором этой же школы, то по всем возникающим вопросам я всегда консультировалась у Кайроллы Муканови-
ча.

Спокойный, интеллигентный, эрудированный, досконально знающий все формы и ступени образования, он легко и доходчиво разъяснял любые проблемы.

В 1979 году меня назначили заведующей Кировским районом г. Петропавловска. Здесь уже К. М. Муканов стал моим непосредственным начальником. Его работа – это своеобразная учеба для начинающих



руководителей. Он спрашивал строго, но корректно, никогда не унижая и не обижая.

В те годы нам часто приходилось ездить на съезды, слеты, семинары в разные города. И всегда чувствовалось с каким уважением относятся к Кайролле Мукановичу работники Министерства просвещения, республиканские коллеги. К его выступлениям всегда прислушивались. С его мнением считались.

Последние почти двадцать лет моей трудовой деятельности я работала директором областной школы-интерната для детей-сирот. Курировал интернатные учреждения от облоно К. М. Муканов. Здесь мне его помощь особенно пригодилась. Несмотря уже на большой мой педагогический стаж к тому времени, с работой интернатных заведений я не сталкивалась. Кайролла Муканович, всесторонне знающий эту работу, разъяснял, учил, наставлял, возил на семинары к прославленному в те годы директору Мамлютской школы-интерната, Народному учителю СССР Г. М. Кубракову.

Благодаря наставничеству Кайроллы Мукановича, школа-интернат для детей-сирот вскоре стала одной из лучших в республике. Ей было присвоено звание «Теплый дом». Я, как его директор, за это время получила много наград. Несомненно, большая заслуга в этом и Кайроллы Мукановича, благодаря его таланту наставника, педагога, терпеливого и грамотного учителя.

Кайролла Муканович уже много лет на заслуженном отдыхе. Но праздно отдыхать этот человек не умеет. Его интереснейшие статьи на разные темы мы постоянно читаем в местных газетах. Он активно участвует в общественной жизни области. Его ценят и уважают.



Кайролла Муканович – прекрасный семьянин. Вместе с супругой Клавдией Акановной они воспитали четырех прекрасных детей. Все они получили высшее образование и являются уважаемыми людьми. Подрастают внуки. Жизнь продолжается.

**Күзембайұлы Аманжол,
тарих ғылымдарының докторы, профессор**

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖЫЛНАМАШЫСЫ



ауылдың тарихын зерттеу.

Мақаламыздың арқауы болып отырған тұлға қазақ тарих ғылымында микротарих жазудың қас шебері Қайролла ағай Мұқанұлы. Ұстаздардың ұстазы атанған Қ. Мұқанов тек соңғы жылдары зейнетке шыққаннан кейін отызға жақын еңбек жазған.

Бүгінгі Европа тарихнамасында микротарих ғылымының жаңа бағыты рейтингінде танылып отыр. 1970-ші жылдары Италия тарихшылары Дж. Леви, К. Гинзбург, К. Пони, Э. Гренди микротарих бағытында бірнеше еңбектер жазды. Микротарихтың ерекшелігі тарихшы жаһандық тарихтың кішкене бөлшегі – бір адамның тарихы, бір күннің тарихы, бір



Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Кеңес үкіметтің жүргізген зобалаң саясатының салқыны қазақ елінің ішіне орасан зор зардап әкелді. Оның әсіресе қазақ ұлтына зияны мол болды. Міне осындай заманда қазақ даласының теріскейінде, қараашек педілердің көп деревняларының қоршауында қалған кішкентай ғана «Ынтымақ» ауылында 1932 жылы Қайролла есімді маңдайы торсықтай үл дүниеге келіпті. Оның келешекте өз елінің белгілі жылнамашысы болатынын, әрине, ешкім білген жоқ.

Тұған ауылдың бастауыш мектепті ана тілінде бітірген ол қалғанын орыс тілінде оқуға мәжбүр болды. Орыс мектебін үздік бітірген Қ. Мұқанов 1952 жылы сол кездегі қазақтың маңдайына біткен Алматыдағы жалғыз университет – Қазақ университетінің философия факультетіне оқуға түсті. Бірақ факультеттің жабылып қалуына байланысты 1957 жылы тарих факультетін бітірді.

Ол 13 жылдай ауыл мектептерінде тарих пәнінен сабак берді, өз оқушыларын өзінің туған жерін сүйуге тәрбиеледі, жергілікті жердің тарихы жөнінде материал жинады. Қатардағы мұғалімнен мектептің директоры қызметіне дейін өсті. 1971–1995 жылдар арасында Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының бастығы орынбасары қызметін 25 жылға жақын атқарды.

Зейнекерлікке шыққаннан кейін де Қайролла ағай қарап отырған жоқ. Облыстық мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтында өзінің көп жылдық педагогикалық тәжрибесін жас мұғалімдермен бөлісті.

2001 жылы Солтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Қажмұрат Ыбырайұлы Нагымановтың мұрындық болуымен облыстық өлкетану музейінің



жанында «Асыл мұра» ғылыми-әдістемелік орталығы ашылды. Орталықтың жемісті қызмет атқаруына әкімнің орынбасары, қазақтың зерделі де зейінді азаматы, отанышыл, тұған халқының өткен тарихына зор құрметпен қарайтын Куат Есімхановтың көмегі тиді. Орталық жұмысына Қазақ гуманитарлы-заң Академиясының Солтүстік Қазақстан филиалы да өз көмегін аяған жоқ. Орталықта қаржы жағынан, көрші облыстарға экспедиция ұйымдастыруға қолқабыс етті.

Орталық өлкө тарихын терең билетін ақсақалдардың басын қосып, шағын шығармашылық топ құрды. Топтың негізгі мақсаты солтүстік өңірдің тарихы, осы жердің белгілі тұлғалары туралы материал жинау, оны насхаттау, кітап жазу сияқты іс-шаралармен айналыса бастады.

Тұған жер – әр адам үшін қастерлі де қасиетті ұғым екендігі белгілі. «Тұған елге деген махабbat әр адамды алға жетелеп отырады. Кешегі өткен заманда ата-бабаларымыз мынау байтақ жеріміз үшін аянбай күресіп, тер төккен. Білектің күші, найзаның ұшымен жерімізге көз алартқан жаулардың әрдайым бетін қайтарып, тойтарыс беріп отырған», – дейді Қайролла аға. Ол өзінің тұған ауылы «Ынтымақ» жөнінде 2006 жылы 188 беттен тұратын еңбек жазды. Кітап «Шежіре», «Ауыл тарихы» атты екі бөлімінен тұрады. Кітапта қазақ оның ішінде керей шежіресі туралы құнды мәліметтер бар. Тұған ауылының тарихы, елінің біртуар азаматтары жөнінде жылы лебіз білдіреді. Кітаптың құндылығы мұрагаттан алынған тарихи деректерді орынды пайдалануында. Оны оқырман қауым зор қуанышпен қабылдады.



Қайролла аға жеке тұлға тарихына, тұлғатану ғылымына үлкен үлес қосқан зерттеуші. Өз өмірі туралы «Өмір белестері», Жұмағали Тлеулин, Евней Бұкетов, Қошан Жантлеуов, ағайынды Барлыбаевтар туралы шығармалары қазақ тұлғатану ғылымына қосылған үлес екендігі талас тудырмайды.

Әсіресе қалың жұртқа есімі беймәлім «Жұмағали Тілеулин» атты еңбек Алаш қайраткері, Қызылжар өңірінде білім және денсаулық сақтауды үйімдас-тырушылардың бірі, өлке тарихы мен мәдениетінің жанашыры, көсем-сөзші қалам қайраткері Жұмағали Тілеулиннің өмірі мен қызметіне арналған еңбек.

Петропавл қаласында 2008 жылы «Асыл мұра» орталығы грифімен «Ақын ізі» («След поэта») деген атпен екі тілде Қайролла ағаның бүл кітабына халқымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев туралы әр жылдары баспасөз бетінде жарияланған зерттеу мақалалары енгізілді. Кітап оқушылар мен студенттерге, оқытушылар мен әдебиетшілерге, жалпы оқырман қауымға арналды.

Қайролла Мұқанов бір өзі 20 кітаптың, әріптестерімен қосылып 30 шығарманың авторы. Шағын мақалада оның шығармашылығына талдау жасау мүмкін емес екендігі белгілі. Оның ғұмырнамасы мен шығармашылығы өз зеттеушісін күттеде.

Қадыралин Ғалым,
ардалер-ұстаз, өлкетануышы

АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ

Қайролла Мұқанов осы жасқа жетіп отыrsa да, қылау шалған шашы жоқ, тіпті самайы да ағармаған. Ішкі дүниесінде бірден байқала қоймайтын қасиеттер баршылық. Оны бірге болған әріптестері, жолдастары ғана аңғарар. Иі жұмсақ, мінезі ауыр. Нақтылы және тиянақты сөйлейді, аса асқақтамайды. Қайрекен қүйса толмайтын, толса аспайтын дейтін адамдар қатарына жататын кісі. Қысқасы, арық айтып, семіз шығатынның өзі. Әрине, мұндай қасиеттер әр адамның пешенесіне жазыла бермейді. Шау тартып, жасы жетпіске келсе де, адал ниетпен өзінің еңбекқорлығын әлі де көрсетуде, а ниетін жастардың бойына сініруде.

Қайрекенің қабілеті, еңбекшілдігі жайында институтта бірге оқыған жолдасы тарих ғылымдарының докторы Кеңес Нұрпейісов Алматыда кездескенімізде былай деген еді. «Қайролла Мұқанов институтты бітіргеннен кейін Алматыда қалса, бұл күндері бізден бұрын академик болып отыратын еді ғой...» Осы сөзді бір мектепте оқыған досы академик Аманжол Қошанов та, ақын Қәкімбек Салықов та, дипломат Сәлім Құрманғожин да, архитектор Шота Уәлиханов та қайталаган еді. Осындай белгілі адамдармен шынайы дос болып, игі қарым-қатынаста жүруінің өзі Қайрекенің дәрежесінің жоғары екенін байқатады.

Әрине, ол шын көңілмен ден қойып, ғылыммен тікелей айналысса, үлкен нәтиже шығарарына ешкім де күмәндانا қоймас. Бірақ адамды әрқашан



тұрмыс билейді ғой, елге оралуының да себебі бар шығар. Өз қабілетін осы жерде де сарқа пайдаланып, облысымызға елеулі еңбегін сіңіре білді. Облыстың оқу жүйесін басқарушылардың бірі бола отырып, мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту, қазақ мектептерінің санын, сапасын арттыру, тіл-ді дамыту сияқты күрделі мәселелерді байыппен, ақылға сыйымды, жылы сөзімен кеңес беру арқылы шешіп отырды. Қызмет болған соң қыыншылықтар да кездеседі. Соның барлығына көнбістікпен қарап, ұстамдылыққа бағындырады. Мықтылармен тізе тенестіруді, біреуге кек қайтаруды, алдынан көлденен шығуды білмейді. Бірақ облыстың оқу бөлімін өгіздей өрге сүйреді деп айта аламыз. Сөйтіп, осы қызметті табан аудармай 23 жыл атқарып, құрметті демалысқа шыққан екен.

Қайролла Мұқанұлының балалық шағы – бал дәурен кезі аса жайлы өтті деп айта алмаймыз. Үш жасында шешеден айырылады. Осы кезден бастап кәрі әжесінің қамқорлығында, тәрбиесінде болыпты. Ынтымақ ауылы (Тимирязев ауданы) – бұрынғы Октябрь ауданында «Қазақстанның 13 жылдығы» атындағы колхозы болған таза қазақ ауылы. Онда бастауыш мектеп қана бар, Қайрекең сол мектепке түсіп, тәмамдайды. Соғыстың қайнаған шағы. Экесі Мұқан Қызылжар қаласындағы әскери зауыттардың біріне жұмысқа алынды.


Әскерге жарамды деген ел азаматтары соғысқа аттанып кетеді. Солардың қатарында Қайрекенің бүкіл ағайын-туыстары да бар. Ауылда кәрі-құрттан, бала-шаға, жесір жеңгелер ғана қалады. Қайрекең бастауышты бітіргеннен кейін тұрмыс жағдайына байланысты әрі қарай оқи алмайды, бір жыл отырып



қалады. Тек Хамза деген ағасы соғыстан жараланып, елге оралғаннанкейін ғана жағдай түзеле бастайды. Ол ауылдан 7 км жердегі Дмитриевка селосынан пошта таситын болып орналасады. Орыстармен сауда-саттық жасап жүреді, таныс болып араласа келе жас Қайролланы Дмитриевка селосындағы орыс жеті жылдық мектебіне орналастырады. Ондағы мақсаты бала орыс тілін үйренсе, келешек өз нанын өзі тауып жер деген ойы еді. Орыс тілін білмеген баланы 5-сыныпқа алмай, кері шегеріп 2-сыныпқа отырғызыды. Орыс үйінде пәтерге орналасады. Тұрмыс төмен болса да, үйден келген азғантай нан мен орыстың картобын талшық қылып күн көреді. Сенбі, жексенбі күндері үйде болады. Дегенмен сабактан қалмайды, үйренеді, талпынады, бірте-бірте ілігіп те кетеді. «Жығылған үстіне жұдырық» деп сол кездері әжесі де дүние салады. Экесі тек 1946 жылы ғана оралады. Бірақ Қайрекең оқуынан қалмайды, қандай қыыншылық болса да оқудан күдер үзбейді. Ол жастайынан зерек болды, ол мектепке бармай тұрып хат таныған, «Ленин туы» газетін мұдірмей оқитын болған.

Сол орыс мектебінде оқып жүргенде Абайдың, Әбділда Тәжібаевтың, Пушкиннің, Лермонтовтың өлеңдерімен танысып, құмартқан Қайрекең өзі де өлең жазуға машықтанады. Сол бала жігіт шағында егін ору, шөп шабу, отын жинау, масақ теру сияқты күнделікті күйбелен җұмыстарын атқарып, соғыс ауыртпалығын үлкендермен бірдей көтереді.

Орысша жеті жылдық оқуды тәмамдағаннан кейін әрі қарай оқу іздеп, орта білім алудың қамын қарастырады. Сөйтіп 1949 жылы аудан орталығы Марьевка селосындағы орысша орта мектептің 8 сыныбына келіп түседі. Екі тілді қатар менгерген Қайрекең 1952



жылды осы мектепті күміс медальмен бітіріп шығады. Сол кездегі айтулы мектепті ұздік бітіріп шығу әркімнің қолынан келе бермейтін жәйт. Академик Евней Бекетов, одан кейінірек академик Аманжол Қошанов, т.б. атақты адамдар бітірген мектеп еді бұл. Эрине, Қайролла Мұқановтың бар мақсаты оқу, жоғары білім алу болса, одан ол еш тайынған жоқ. Қазақ мемлекеттік университетінің философия факультетіне қабылданады. Кейін бұл факультет жабылып, студенттер сол университеттің басқа факультеттеріне ауыстырылады. Ал, Қайрекең тарих факультетіне ауысып, оны 1957 жылы жақсы бітіріп, дипломын алады.

Одан кейін туған еліне оралып, Октябрь (қазіргі Тимирязев) ауданының Комсомол орта мектебінде еңбек жолын бастап, тарих пәнінің мұғалімі болып орналасады. Келесі жылды мектеп директорының



оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалады, одан кейінгі жылы сол аудандағы Городецк мектебіне директор болады. Сол мектепті табаны күректей 12 басқарады. Атқарған қызметінің зая кетпегендігінің күесі – 1971 жылдың аяғында облыстық оқу бөлімі менгерушісінің бірінші орынбасары болып тағайындалуы еді. Соңғы қызметті 23 жыл атқарып, содан зейнеткерлікке шығады. Алайда ол қол қусырып үйде отыра алмады. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында, одан кейін «Асыл мұра» орталығында істеді.

Қайролла Мұқанов тыныш адам болса да, тынымсыз жан. Оның қоғамдық жұмыстары да бастан асып жатыр. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының алқа мүшесі, ақсақалдар алқасының, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, облыстық табиғат қорғау қоғамы президиумының мүшесі. Осы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өзінің іс-тәжірибесін, білімін бере білді.

Қайрекен әдебиетпен де шұғылданды. Жазғандары республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жиі-жій шығып тұрады. Мектеп қабырғасында жазып жургендерінен бастап есептеген болсак, жүздеген мақалалары, ондаған әңгімелері, бірнеше өлеңдері жарық көрген, ондағы көтерген мәселелері әр қылы болып келеді. Оның ірі-ірі саяси, тарихи, әдеби мақалалары көптеген жинақ кітаптарға да енді. Олар – С. Мұқанов, F. Мұсірепов, Е. Бекетов, А. Пушкин, М. Жұмабаев, Қожаберген жырау, Б. Ізтөлин сияқты ұлы тұлғаларға арналған жинақтар. Соңғы жылдары бағдарлама, сөздік, тарихи-әдеби тақырыптарға көлемді еңбектер жазып, олар кітап болып шықты. Мәселен, «Тарихи



ұғымдар мен терминдердің» қазақша-орысша сөздігі. Авторлары К. Мұқанов пен Г. Мұқанова «Қазақстан тарихының бағдарламасы». Авторлары К. Мұқанов пен С. Жұмабаев «Тоқсан би».

Қысқаша айтқанда, Қайрекеңнің қасиеті алдымен-нен білімділігімен анықталады. Оқу, білім, әдебиет саласында саналы өмірін сарп еткен адам. Мінезі, тілі, білімі, қабілеті жағынан алғанда төрт аяғы тең жорға дей аламыз. Өзінен өресі көп жоғары екенін білмесең, ығына кеткенінді байқамай да қаласың дегендей, Қайрекеңнің осы сегіз қырлылығын бүтінгі зиялыш азаматтардың көвшілігі біледі, үлкен құрмет тұтады.

Қайролла Мұқанұлы Мұқановтың осындай ұлан-ға-йыр еңбегі аз да болса бағаланды. Ол «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Кеңес Одағының және Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі, Ұбырай Алтынсарин атындағы т.б. медальдармен, Оқу ми-нистрлігінің грамоталарымен марапатталды.

Жаңұясына келсек, жұбайы Кулзаги жоғары білімді ұстаз, қазір зейнеткер, 4 баланың анасы.

«Солтүстік Қазақстан» газеті, 24.09.2002 ж.

Қали Ожан Қалиұлы,
журналист, ақын, суретші

АСЫЛ ЖАН

(К. М. Мұқановтың 80 жылдығы мерейтойы
қарсаңында жазылған өлең)



Оу, Қайролла!
«Ынтымақ» тұған елден атальпсың,
Атадан аруакты бата алышсың
Биігін ерке Есілдің жайлаған ел,
Жоғарғы Самай-Керей атанышсың.
Тұышсың орман-тогай ортасында,
Сонан ба, көркемдік бар бір басында
Тағы да, тыңдал өскен сабыр бар-ая,
Тәлімді тәрбиенің арқасында.

Өсіпсің табиғаты тамаша елден,
Жасынан жақсылардың соңынан ерген.



Жерінде ат аунаған түк қалады
Деген бар бәрі дағы туған жерден.

Мектебің өнерлі орта өрбे болды,
Сондықтан өнімі мол жеміс болды.
Жүйелі білім алу арқасында, Меніңше,
көк жиегің тегіс болды.

Өттіңіз өмірінде талай сыннан,
Нәр алған түп-тегіңің жалғасынан.
Жәй емес, төркініңде тек нәсіл бар,
Шықтыңыз ғұламалар ортасынан.

Жүққан бар Ебінейден өлең деген,
Жүққан бар Аманжолдан – ойың терең
Жүк артып қайда салсаң қайыспайтын,
Жазудан жалыу пайтын жасыл емен.

Таңдадын өмір жолын санаң ұқты,
Содан соң өжет талап мықты.
Жасыңан армандаған ақ көңілмен,
Ұлағат тұтқан едің ұстаздықты.

Аудардың шәкірттерге көңілігді
Арнадың 20 жылдай өмірінді.
Алдыңан мың сан бала білім алыш,
Ақтадың армандаған сенімінді.

Қайыспай қыындыққа жасымадың,
Кездескен қыындыққа тосылмадың.
Биліктің биігіне шықсандағы,
Кеуделеп, кеуде қағып тасымадың.



Бұл деген адамшылық алға бастар,
Құран да, Хадистер де, Құдай қостар.
Жүргенде ізгіліктің ізін танып,
Әрқашан ақ жолынды Құдай қостар.

Қашан да ізгі жолдың болар құны,
Ескерді аудан, өнір елеп мұны.
Көтерді облысқа билік қостап,
Ұстазы мұғалімдер мұғалімі.

Талпынған талабынды Құдай қолдай,
Секіру шың басына болған сондай.
Мектептен облысқа бірақ шығып,
Басқардың мұны дағы жиырма жылдай.

Келгенің басшылыққа дәп болғаны,
Әкімдер, барша ұуым көп қолдады
Бүйірған мұндай жерде көп отыру,
Өйткені істерінде мін болмады.

Қайролла қолға алса жұмысынды,
Ескеріп ойға алмайды тұрмысында.
Өйткені ту сыртында Күлзагидай
Сенімді серік түр ғой тұмысында.

Ежелден құдай берген тылың мықты,
Күлзаги жастайынан сырынды үқты.
Зырлайды дөңгелегің алға қарай,
Берген ғой берік қылып мұрындықты.

Білімді-әрқашанда нұр сезімді
Түсірген жарық сәүле күн көзіндей.



Ақтарған ақжаулығың сансыз кітап
Сондықтан оқымысты дәл өзіндей.

Жәй емес қатардағы ақжаулығың
Өрбітті өріске айдал он саулығын.
Көрікті, көркем сұлу, сыншы-мінші,
Сондықтан мықты сенің денсаулығың.

Сара, Роза дәл өзіндей үстаз болды,
Таңдаған тәрбиелі тұра жолды.
«Қыздардың қызығы мол» дегендейін,
Кеңейген өрісіне көніл толды.

Гүлнәрің ғылым жолын қуалаған
Мәнерлеп өмір жолын сырғанаған.
Тарихпен тамырланған Қыдыр ата,
Тіл жағын шешендікке дуалаған.

Мараты ата-ананың жолын ұқты,
Оқуға талабы зор болды мықты.
Өнердің Құдай берген арқасында,
Алып ел-Ресейден бірақ шықты.

Әртіннен ақыл-оймен ақтарғаның,
Откеннен алтын аршып сақталғаның.
Қопарып қажымастан қабат-қабат,
Тарихтың шөгіп жатқан қатпарларын.

Қыын ғой бүл жалғанда сез өнері,
Байқалар сөйлегенде, өз кемері.
Қай күнде қыындықтан алып шығар,
Білімі, табиғаты, өз өнері.



Өлкені шолдың алыс дүрбіменен,
Қыырлай қол ұстаса қыдырменен
Асырып жақсылықты аспандата
Шоқпармен жамандықты гүржіледің.

Тарихқы сілтедің сен ұзын құрық,
Кей кейде жазсың-ау тізілдіріп
Кітаптар қатарынан шығып жатыр,
Қойғандай конвейерге тізілдіріп.

Бұл күнде адамдарда көп сынайды,
Кейде бұрыс, кей-кейде дөп сынайды
Ал сенің табиғатың мүлде бөлеқ,
Сыпайы сыр мінезің көпке ұнайды.

Қайролла осындай жан асыл маган,
Көңілін ешкімнің де қалдырмаған
Әлі де айтары мол айтылмаған.
Қаймағы қалың тұрып шайқалмаған.

Тарихы қандай қыын болсын мейлі,
Қопарып туп тамырдан іріктейді.
Анығын тауып алып архивтерден,
Бошалап майын шағып жіліктейді.

Қайрекең осы біздің болды қандай?
Дегендер болса егер шөлі қанбай.
Сойғандай жаңа соғым ішіп жарып,
Айтайын шек-қарынын ақтарғандай.

Дәлдігі сөзге берік ант сияқты,
Немістің ғұламасы – Кант сияқты.



Кім болса да, ол болсын еріп кетеді,
Көсіп ап шайға салған қант сияқты.

Адал жан ноқаттай бір қылауы жоқ,
Сөздерге өркеш-өркеш алмайды кек.
Сондықтан артық сөзді айту обла
Парқына өз-өзінен тоясың тоқ.

Сөйлесе жайлап бағып еппен сөйлер,
Қаралар болса дағы өңкей дқйлер.
Аспаннан ажал келсе асықпайды
Тау құлап, тасып жатса өзен, көлдер.

Жүргенде салмақ сала екі аяққа.
Ешқашан жалтақтамас екі жаққа.
Бет алған бағытынан бір аумайды,
Бұрылыш қарамайды кей саяққа.

Күлгенде еппен ғана езу тартар,
Өзіне сабырлықтың жүгін артар.
Көрінген жарқылдаққа қарамайды,
Үйіне бұрылмастан тұра тартар.

Іздесе бір мәселе түптен қазар,
Қопарып қабаттарын – табан тозар.
Көңілі көзі жетсе көншиді оның,
Табылса сонда ғана тыныш табар.

Айтқанды бұл Қайрекең екі етпейді,
Қыртысын ерінбестен өтектейді.
Аманатқа қиянат болған емес,
Анығы-танығына жетектейді.



Таныса-ең әуелі жасын үғар,
Табылса-содан кейін досын сынар.
Деймін-ау Құдай біледі деп айтайын,
Қасың жоқ барлығы да досың шығар.

Бұл деген жібектей мінезінен,
Болжаймын не болмаса төзімінен.
Қарайтын әр адамға әр қырынан
Көкірек көзі ашық көзіменен.

Келсе де сексен жасқа жеңіл жүрет,
Қандай ғана іс болсын жеңін түрет.
Жер айынан жер майын жеткіз десен,
Ойланbastan алар еді темір курек.

Өкені аралады бір тынbastan,
Жерінде де болған ғой сүр құм басқан.
Ойы озық бәрі дағы алақанда,
Танушы жоқ өнірді бұдан асқан.

Сексенің құтты болсын келген бүтін,
Өмірдің арқаладың талай жүгін
Бейнетпен зейнеттен сарай соқтың
Ылайым ашық болғай келер күнің.

Немене сексен деген-бұл бесін де,
Көзді сал күні ертеңге келесіге
Сексеннен тоқсан асып жүзге қарай,
Тарта бер тіршіліктің кемесінде.

Қасенова Ағайша,
тұнысы

АПА-ЖЕЗДЕМ

Мына суретткө 1974 жылы тамыз айында түскенбіз. Петропавл қаласына оқуға түсуге келгенбіз. Өмір деген ағып, одан да 47 жыл өтті. Ол кезде жездем Қайролла Мұқанович, апам Құлзағи Чайковский көшесінде тұрған. Сол жылы төртеуміз: Гульшат, Алма, Фалия, мен оқуға түсіге келдік. Жездем мен тәтем біз үшін уайымдап, оқуға түсіп кетсеңіздер жақсы болады деп, айтып отыратын. Содан емтихандарды жақсы тапсырып, оқуға түсіп біз қуанып кете бардық.

Бізді шығарып салып тұрғанда, жездем айтқан: «Бізді ұмытпай, келіп тұрындар». Мен оқып жүргенде жұма сайын барып тұрдым. Бір жұмада бармай қалсам, ізделп отыратын. Келгенде күліп қарсалып, кеткенде күліп шығарып салатын еді апа-жездем. Барғанда, ақылдарын айтып, өмірде болған қызық оқиғаларын, әнгімелерін айтатын.





Жездем өте ақылды, кішіпейіл, сауатты, мейірімді болды ғой. 8 Март – наурызда тұған күніме сыйлық жылда дайындал қоятын. Есімде қалған сыйлық – маникюрный набор, түсі қоңыр. Ол кезде сотовый телефон деген болмайтын, оларға хат жазып, открытка жіберіп отыратыңбыз. Жездем де ерінбей мерекелерде открытка жіберіп отыратын, өзі әдейі құттықтап.

Жатқан жерлері жарық болсын, жандары жәннатта болсын. Эрине, жақсы өмір сүріп, жақсы жасқа келді, балаларына сол жастары жұғысты болсын енді. Барлық жақсылықты балалары көріп, жақсы күндерін балаларына берсін. Елеп-жебеп жатыңыздар.

Тағылымды ағамыздың жарқын бейнесі әрқашан жадымызда.

Кошанов Аманжол Қошанұлы,

КР ҰҒА академигі, КР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер

Телеграмма / Жеделхат
«Қадырменді Күлзағи, айналайын балалар!

Ардақты азамат, белгілі мәдениет, білім, қоғам қайраткері, менің бір үядан ұшқан қимас бауырым Қайролла Мұқановтың орны толмас қазасына тебіреніспен өзім және жанұямның атынан Жаратушыдан қайырын тілейміз. Иманы сәләмат болғай. Қайролла Мұқановтың





ғибратты өмірі, халықына арналған игілікті еңбегі бізben бірге жасамақ.».

Академик Қошанов А. К. 05.07.2020 ж.

АҒАРТУШЫ – ҰСТАЗ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

(К. М. Мұқановтың 80 жылдығы мерейтойы
қарсаңында жазылған мақала)

Елуінші жылдары Қазақ Мемлекеттік университеті айтулы білім ордасы болатын. Сол үлкен жоғары оқу орнына республикамыздың түкпір-түкпірінен талапты жастар астанамыз Алматыға білімге құштарлығына дәнекер боларлықтай орталыққа тоғысатын. Солардың бірі, бірегейі біздің бүтінгі ел ағасы, белгілі ұстаз, мәдениет қайраткері Қайролла Мұқанов.

Менің өз басым Қайрекенде деген көңіл-ықыласым ерекше. Себебі біз бір заманың (дәуірдің) түлегіміз, бір мектепте оқып, бір мұғалімдер ұжымынан тәлім-тәрбие алдық. Одан бетер әкелеріміз бір-бірімен сыйласып өткен досжар адамдар болатын. Бір мектепте тәрбиеленіп, сол кезеңдегі басым идеологияның позитивті-ұранышыл тағылымдарына барынша сеніп, келешек бақыт кілті оқуда, білімде деген қағиданы толық қабылдап, қоғамшылдық бағыт, халыққа қызмет ету деген үрдіс (қазіргі әркім өзі үшін деген қағидаға кереғар) шамасы бізben ажырамас саналық ұстаным болып кетері күмән туғызбаса керек.

Қайрекен тегінен қабілет дарыған әулеттеген болуы керек, мектепте санаулы дарынды оқушылар санатында болды. Онымен қатар жүдеп-жадап жүріп оқысада (ол кездегі халықтың түрмисы, ауылдан келіп



оқыған балалардың жағдайы айтпаса да белгілі), ол сабакты ұқыпты, табиғатынан алымды зердесімен қабылдап, жүйелі пайымдайтын. Әлі есімде, орыс әдебиетінің Нина Степановна деген мұғалімі Қайрекенің «Софыс және бейбітшілік» (Л. Н. Толстойдың) романы бойынша жазған бір шығармасын таңырқап, бір ыснып жоғары оқыған бізге улғі ретінде алдымызыға тартқаны есімде қалыпты. «Ауылдан кеше келген «Қайралла» (өзі осылай атайдын оқушысын) қалай ғана соғыс алаңында жараланып жатқан князь Куракиннің өлім мен өмір арасындағы қиял-арманына бойлап, терең түсінуіне таң қалмасқа, тіптен де таңданбасқа мүмкін емес» дейтін бізге бір кезде жаңа ұғым, сезім әлемінің есігін ашқан қарапайым селолық ұстаздарымыздың бірі.

Қайрекен оқушы кезінен-ақ білім бұлағы кітапты көп жинап, оқитын. Біздің кезімізде теле-компьютер, айпад жүйелері мүлдем жоқ, тіпті радио-газеттің өзі тапшылық кезеңде Ш. Айтматов айтпақшы: «Адамзаттың құндақталған рухани болмысының кілті – кітап әлемі» ғана шырағдан болатын көкірегі ояу жастарға Қайрекенің үйінен әкелген аузы құлытпаулы, тозығы жеткен ағаш сандықшасы болатын, іші кітаптарға толы. Тесік қалтадағы соңғы тыындары дүкенге түскен кітаптарға жұмсалатын. Қазір ойлап қарасақ, мектеп кітапханасы мен осы кітап әлеміне құмарлық жас азаматты келешекке бағыттаған рухани көпірлердің бірі болғаны күмән туғызбаса керек.

Қайрекенің табиғи дарыны оқуда да, мектептегі (1200 оқушысы бар, аудан орталығындағы бүкіл аудан балалары 7-інші сыныптан кейін келіп оқитын жалғыз оқу орыны болатын) қоғамдық, ұйымдастыру қабілетімен де ерекше танылғанды. Онымен қатар біз – бір топ қазақ оқушылары ұлттық сезіміміз ерте



оянып, мектеп қабырғасында «Абай атындағы жастар үйымын» күрып, окуда, мектеп өмірінде алдыңғы шепте болуымыз керек деп ол кездегі «Жас гвардия» романы мен сол аттас киноға еліктеп ант алғанымыз да есімде. Осының басы қасында Қайрекен қөшбасшы болатын. Келешектегі айтулы, ұлағатты педагогтың ұстаздық жолы осы бір жылымшы мөлдір бұлақтан бастау алды десек қателеспеген болармыз.

Иә, Қайролла Мұқанұлы ең алдымен талантты, ғасыр қыындығы мен озық ағартушылық идеяларды басына сініріп, әрдайым өсу жолындағы қалыптасқан ұстаз, педагог деп тануымыз қажет. Тіпті университет қабырғасында озат студенттердің қатарына көбіне үлгі болғанын менімен тете Қазақ Ғылым академиясында қызметте болған айтулы ғалым-академик Кеңес Нұрпейісов, белгілі философ Марат Сужиков әрдайым реті келгенде Қайролла Мұқановты ілтипатпен еске алатын (әсіресе менің мектептес жолдастым екенін білгенде): «Ғалым болатын келешегі бар еді, шамасы тұрмыстық күрмеуінен аспирантураға келе алмады-ау» деп шамалайтын.

Қайролла Мұқанұлының ғылымда, білімде өз таңдауы болды. Өзінің туған өлкесінде көп жылдар ұстаздық қызметте ірі-ірі мектептерге басшылық етті, ширек ғасырға жуық облыс көлеміндегі оқу жүйесін басқарды. Абыройлы, халық құрметіне лайық ағартушы-ұстаз дәрежесіне көтерілді. Жалпы Қайролла Мұқанұлының ұстаздық тағылымы екі ғасыр тоғысындағы талай курделі қыындыққа толы дәуірде, Шоқан Уәлиханов сөзімен айтқанда: «Шын мәнінде білім мен ғалым әр адамның санасын, ар-ожданын менде-мейінше, ол халықтың бостандық пен тәуелсіздікке жетуі мүмкін емес» деген қагидаға жету жолындағы



сирек кездесетін курескер жолы. Соңғы алпыс жылға таяу уақытта ұстаздық-педагогтік әлемде, Солтүстік өңірде жас үрпақ, тәрбиесіндегі Қайрекең тұлғасы өзінің айрықша жемісті үлгісімен ерекшеленеді десек қателеспейміз.

Халықтың ұлы болмысы келешегімен тікелей байланысты бұл қызметте Қайрекең үлгі-тәжірибесі мен үшін біздің өнірдегі ұлы ағартушылар Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Жантелин, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуовтердің рухани жалғасы іспетті. Әсіресе 60–80 жылдар аралығында өлкедегі қазақ мектептерінде тікелей қамқорлық жасап, жебеуі көптің көнілі мен жадында.

Қайрекеңнің табысты жылдары республикамыздың тәуелсіздік алған жылдарымен сәйкес – өлкеміздің рухани-мәдени қазынасын зерттең, халық иғлігіне жарату саласындағы жемісті енбектері. Арнайы құрылған бастамашы топтың қызметі негізінде еліміздің мәдени, қоғам, тарихи қайраткерлерінің баға жетпес қазынасы халқымен қайыра қөзайым болып қауышуда. Шал ақын, Қожаберген жырау, Құлеке, Мағжан ақын, Шоқан әuletін, Евней Бекетов сынды арманда кеткен ұлы азаматтарды кешегі XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы өлкеміздегі танымал қайраткер Қошан Жантілеуов жайында зерттеулер жаңа заман талабы, рухани сұранысымызға лайық. Міне, осы енбектері үшін Қайрекең кешегі Одақ кезіндегі байрақтарымен қатар Республикаға еңбегі сіңген қайраткер атағына ие болып, Евней Бекетов атындағы белгімен марапатталғанын біз, қазақ зияллылары, дән разылық сезіммен қабылдадық.

Қайролла Мұқанұлымен арамыздағы сыйластық, азаматтық достығымыз тағдырдың өз алдына бізге



дарытқан сыйы. Ақ пейіл, азаматтық қарым-қатынасымыз, сыйластығымыз, әкелеріміздің досшар көнілдерінің айғағындай міне алпыс жылдан аса еш кінәратсыз жалғасуда. Менің жеке архивімде осы жылдар ішінде, сонау студенттік шақтан ең көп сақталған информация – шамасы Қайрекенің маған жолдаған хаттары. Бұл деректерде өмірдің әр кезеңіндегі әртүрлі тілек, қындықтар мен жетістіктер, достық ақыл-кеңестер, алдағы міндеттерде мәжбірлеу, рухтандыру (Қайрекен ақыл-кеңес сызуға, шамасы, алдына жан салмайды, көбі оптимистік, позитив бағытта болады), т.б. қамқорлық жәйіттер. Бұл, әрине, шын пейіл, бір-екі жас үлкендігін ескергенде – ағалық нұсқаулар іспетті.

Әкем Қошан Жантілеуұлымен аракідік хат жолдалап, менің жетістіктеріммен бөлісіп, құттықтап қоятын кезінде. Ақ ниетпен жазылған хаттарды қабылдалап Тәтем (әкемізді солай атایтынбыз) елге барғанымда разылық сезіммен: «Осы жолдасың жарайды. Жақсы лебіз жарым ырыс деген. Тегіне тартады ғой» – деп отыратын Тәтем.

Әкем Қошан ақсақалды етene танып, жақсы білгендіктен, ол кісінің солтүстік өңірдегі мемлекеттік қоғамдық қызметі турасында арнайы естелік кітап шығару жөнінде Қайрекен көбінен есімізге салумен болды. Әсіресе менің жан-жақты бітпейтін қызметім көп мұршамды келтірмей, тартыншақтай берсем керек. Дегенмен биылғы жылы сәті түсіп, Қайрекен өзі бастамашы болып, «Халық қадірлеген қайраткер Қошан Жантілеуов» деген көлемді де келімді кітап жарық көрді. Қоғам, ел барша разы, «Тағы да бір өніріміздің ұлағатты қайраткері тарихтағы өз орнын, «Қалауын тауы қаланды» дегендейін. Біз, әulet Қайрекене алғысымызды білдіреміз.



Бұғінде Қайрекең сексеннің сенгіріне аяқ басып, сан-салалы тынымды еңбегінің арқасында халқы-мыздың таңдаулы азаматтарының санатында. Халық руханиятына арналған өмірдегі сапарыңыз ұзағынан болғай деген тілекпен академик жолдасың Аманжол Қошанұлы.

Куантаев Ахметжан Кәрімұлы,
журналист, «Асыл мұра»
орталығының қызметкери

ЖАЙСАН ЖАНДАРДЫҢ ӨМІР ҮЛГІСІ



Қайролла ағамыздың есімі облыс жүртynes бұрыннан жақсы таныс болатын. Әсіреле үстаздар қауымында қалыптасқан пікір бойынша жоғары қызметіне, биік беделіне қарамастан ауылдың адамдарына жақын тұрып, қолынан келетін көмегін аймайтынын естітінбіз.

Алайда көзбе-көз кездесіп танысу реті екі мыңышы жылдардың басында

ғана тұсті. Ол кезде Фалым Қадыралин, Қайролла Мұқанов пен Социал Жұмабаевтар жуырда құрылған «Асыл мұра» орталығында қызмет істей бастаған. Зейнеткер ағаларымыз алдына зор мақсат қойып, өлкенің өшіп кеткелі тұрған тарихын, тұлғаларын,



ұлт құндылықтарын жаңғырту жұмысына кірісіп еді. Сол кезде бұл орталықтың Евней Бекетовке арналған мақалалары баспасөз бетінде, баспадан кітаптарі шығып, өнір жүргітын бір серпіндіріп тастаған уақыт та.

Арасында інілік парызымды өтеп, сәлем беруге ол уақытта «Асыл мұра» орналасқан С. Мұқанов атындағы кітапханаға соғып тұратынмын. Міне сол кезден Қайрекенді жақын тани бастадым. Бірінші кездескенде, анамды білгесін бе, ағамыз сын көзімен шолып, алыстан сұрастырып, бір уақыт көңіл аударды. Бірақ көпке бармай, жалпы әңгімeden шеттеп, алдында жатқан қағаздарға үңіліп, жұмысына оралды. Содан кейін Ф. Қадыралинмен, С. Жұмабаевпен жалғасқан әңгімемізге бойлай қойған жоқ.

Бастапқыда, қарындаш, сызғышты алып ақ қағазды мұқият түзу сыйықтармен толтыратыны таң қалдыратын. Бұл әдетіне әбден үйренген қасындағы жолдастары арасында әзілдеп қоятын. Қағаз тапшы жылдарда мектеп табалдырығын аттағандықтан қалған, не болмаса, мінезінің қажеттігінен туған дағды ма еken – кім білсін. Қызы Гүлнәрдің айтуынша, Қайролла ағамыз кітаптарды, газет-журналдарды да қолына қарындаш пен сызғыш алып өқыған. Бір гажабы, мақалалардың астын сызған жерлерін ұмытпай, әрдайым есте сақтайды еken.

Осылай кездесулерден кейін ағамыздың бос сөзден аулақ тұратынын, іске жауапты, кісінің ой өрісіне мән беретінін түсіне бастадым. Жанашырлығы болса керек, қызметтің құнделікті әбігерінен босай қоймайтын маған, ата-бабаларымыздың өткенінен, өлкенің айтылмай келе жатқан өмірінен, жасырылған сырларынан қысқаша әңгімелеп беретін. Әрине ол кезде ел ағасы жасына келген өзім де біраз нәрседен



күр алақан емес болсам да, Қайрекеңнен естіген біраз мағлұматтар жаңалық болып, біразы білгенімді арқаулап, толықтырып, ойларымды түйіндеуге көмектесті.

«Асыл мұра» орталығының бағасы жетпес еңбегі жайында аз айтылып жүрген жоқ. Ғ. Қадыралиннің, К. Мұқановтың, С. Жұмабаевтың Қожаберген жыраудың есімін, ұлттымызға жасаған бағасы жетпес ерлігімен еңбегін насихаттауға арналған қажырлы да, нәтижелі кітаптары, мақалалары ерекше. Сонымен қатар, ұмытылып бара жатқан ұлттық сананың жарқын ұлгілері болған Сегіз сері, Тоқсан би, Шал ақын есімдерін өмірге қайтарған еді. Бүтін олар ұлттымыздың тарихында, мәдениетінде тиісті орындарын алып, қазақтың жүргегінде таспен басылғандай.

Қайролла Мұқанұлы терең ойлы зерттеуші, зиялы деңгейін көрсеткен еңбектері оңаша әңгіменің арқауы болады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың отызыншы жылдары өмір сүрген, сол кездің ең сауатты және іскер азаматы, Меккеге 14 рет қажылық жасаған Абылай Рамазанов туралы «Елін сүйген азамат» және «Жұмағали Тілеулин – Алаш орда қайраткері» кітаптары Ұлттық Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы тарих және археология институты тарихи жаңалық деп таныды. Өніріміздің зиялы қауымын елең еткізіп, риза қылған еңбектерінің ішінде «Ұмсын сұлу» кітабы. Ол XIX ғ. өмір сүрген, Каирда діни білім алған өніріміздің оқымысты қызының өмірін суреттеген шығарма. Кезінде Ұмсын туралы F. Мұсірепов кітап жазбақшы болған екен. Осындағы өзгеше адамдарға Қағида Базарбаеваға «Ұстаз тағылымы», Қошан Жантлеуовке «Халқы қадірлеген қайраткер» кітаптары арналды. Ал



«Мағжан ізімен» деген шығармасында ұлы ақынның Қызылжардағы өмірінің бұрын белгісіз деректерін жарияланып, оны білген, қарым-қатынаста болған бар адамдардың есімдері аталған. «Ынтымақ ауылы», «Жалтыр ауылы», «Самай керей шежіресі», «Таз керей шежіресі» туындыларында туған және аталас ағайындар тұратын ауылдардың тарихы, әuletтерінің шежірелері баяндалған.

Әрине, ұзақ өмірінде жеке автор болып, басқалармен қосылып жазған елу шақты кітаптарын шолып өтудің өзі көп орын алады.

Бұл үлкен азаматымыз туралы көңілімде түйін-делген пікірлермен бөліссем, мынадай қорытындыға келер ем. Қайролла ағамыз, сөзсіз, еңбек адамы. Ерінбей, жалықпай нәтижелі еңбектенген адам. Еңбек кітапшасында ҚазМУ-да оқыған уақыты қосылып 60 жыл еңбек стажы есептелген болу керек. Алайда, соғыс кезінде қаршадайынан егістікте өгіз жетелеп, шөп жиып жүрген жылдарын, денсаулығына байланысты 81 жасында «Асыл мұра» орталығынан кетседе, кунінің ақырына дейін стол басынан тұрмай жазумен өткізгенін есептесек, 88 жасының 80-ні еңбекпен өткен екен.

Қайролла Мұқановтың өмірі, меніңше, қайсарлық, қунделікті ерліктің үлгісіне жатады. Кәрілік бойлап, сынықтың салдарынан он шақты жыл үйдің ішінде де балдақпен жүрге мәжбүр болған ағамыз жан серігі қаламын өмірінің соңына дейін сауытына қадаған жоқ. Тек былтыр күзде бір барғанымда әңгіме барысында «болдым» деген сөзін естідім. «Көз нұры тайды, құлақ шалағайланды, – деп ойланып қалды да, қайтадан, – Болдым. Ойымдағының бәрін орындаған сияқтымын», – деп түйіндеді. Кейін түсінгенім,



бұл өміріндегі бар міндеттін атқарып, өмір қорытындысына қанағаттанған адамның сөздері екен.

Өзі айтқандай, Қайролланың көлеңкесінде жүрген Кулзағи апамыз оның өмірдегі ең мықты тірегі болған. Пейілді адам еді. Қашан барсанда қуана қарсы алып, тәптіштеп амандықты сұрайтын. Қайрекеңмен әңгімелесе бастағанда білдірмей шығып кететін. Ал жұмысты бітіріп, кетуге бет алғанда: «Шай жасаулы тұр. Дәм татып кет», – деген талабын айтатын. Ауыл тәрбиесінде өскесін, қанша қауырт жұмысының болса да, дастарқанды аттай алмайсың. Ал дастарқанның басында әр әңгімелердің кезегі келетін. Бірде, ас бөлмесінде екеуміз ғана қалғанда: «Әй, Ахметжан-ай, көп сүргеннің де керегі жоқ екен», – деді. Тұсінбей қараған маған: «Көрілік қажытады екен. Әр қимылыңа шаршайсың. Бүтін кетсем де ризамын. Тек мына шалды тосып жүрмін. Менсіз не болады? Бұл кетсе мен де кешікпеспін», – деп, қайран қалдырыған сөздерді айтты. Енді ойласам, айтқаны шындық екен: ағамыз дүниеден өткесін Кулзағи апамыз 16 күннен кейін көзін жұмды.

Осында, өмідергі міндеттерін борышсыз атқарған жайсан жандардың топырақтары торқа болсын!

Құсайынов Серікбай Бәриұлы,
ардалер-ұстаз, күші

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЖАДЫМЫЗДА

«Галымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» демекші, саналы ғұмырын үрпақ тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз Қайролла Мұқановтың білім саласына сінірген еңбегі ұшан-теңіз. Марқұм тіл және руханият жанашыры ретінде де қоғамның көкейкесті мәселе-леріне үн қатып, өз пікірін білдіруші болғанын білеміз. Туған өнірдің тарихын зерттеп, өлкетану саласының дамуына да атсалысқан бірегей жан болатын. Газет беттерінде жарық көрген мақалалары мен өлеңдері де аз емес. Оның ұлттық мәдениет пен өнерге деген құрметі, өнер адамдарына жанашырлығы ерекше еди.

Өмір көшінде талай адамдармен араласып, дәмдес болдық. Жақсы адамдармен жолықтырған тағдырға ризамын. Көзі ашық, көкірегі ояу Қайролла Мұқанұлымен таныстығымыз әрі қарай достыққа ұласты. Арада қанша жыл өтсе де ұлағатты ұстазбен алғашқы рет танысқан сәтім 1969 жыл, күні кешегідей көз алдында. Бірде мен түрған пәтерге Петропавл мұзыкалық училищесінде математикадан сабак берген әрі халық аспаптар бөлімінің класс жетекшісі Ескен Қабиұлы ерте келген екен. Жас жағынан екеуі тетелес.





Бұл ұлағатты ұстазбен менің тұнғыш жолығым болатын. Ол кезде мен аталмыш училищенің 2 курс студентімін. Домбыра сыныбында оқитынымды естіген Қайролла Мұқанұлы бірер күйлер орындауды өтінді. Оның өтінішін жерге тастамай, бірнеше күй тарттым. Өнерім ұнаса керек, ол жақсы пікір білдіріп, ризашылығын жеткізді.

1970 жылы оқушылар арасында республикалық фестиваль үйімдастырылды. Оған домбырашылар ансамблі де қатысты. Айтұлы додаға біздің өнерпаздар қызу дайындалды. Біраз еліміздің әр өңірінен баратын үміткерлерде сан жоқ. Сондықтан біздің өңірден баратын бес адам ғана жолдама алды. Ал ансамбльдің құрамында домбырашылардан басқа түрлі аспаптарда ойнайтын 8 адам бар. Сөйтіп, Қайролла Мұқанұлының араласуымен 13 өнерпаз баратын болды. Әйтеуір, бізге сенім артқан ағамыздың үміті ақталды. Намысқа тырысып, Алматыдан жулделі орынмен оралдық.

Бірде қоңырау шалып, жолығымыз қажет екенін жеткізді. Облыстық мәдениет басқармасы тарапынан филармонияға көркемдік жетекші болып тағайындалатымды айтып сүйінші сұрады. Балалар музика мектебінде нәтижелі жұмыс істегенімді алға тартып, ағалық ақылын айтқан ол енді жаңа ортада бағымды сынауға сәттілік тіледі. Осындай ағалардың қамқорлығын көрген мен бақытты екенмін. Кеңес өкіметі тұсында министрліктен бүйрық алу үшін Алматыға бару керек. Сөйтіп, Алатаудың баурайына аттанып, басшылықтын сынынан сүрінбей өттім. Жоспардан тыс келісімге қол қою, қаржы мәселелеріне қатысты кейбір тұсінбейшіліктер орын алды. Екі аптадан кейін кетіп қалдым.



1982 жылы Қайролла Мұқанұлының елу жылдық мерейтойы атап өтілді. Сол тойда қала, облыстың иғі жақсылары, зиялыштың қауым өкілдері болды. Ұстаздың құрметіне жақсы тілектер айтылып, кеш жоғары деңгейде өтті. Той тарқағаннан соң, өзіміз арқа-жарқа болып, әңгіме-дүкен құрдық. Қайролла Мұқанұлының сөзіне жазылған «Ынтымағым» атты әнді зайыбым Нагима орынданап берді. Мен домбырамен сүйемелдейдім. Ән ағама ұнады. Өкінішке қарай, бұл әннің бағы жанбады. Өйткені бүтінге дейін шырқалмай келеді.

Ел егемендік алып, азаттық таңы атқан шақта «Сиқырлы қазан» республикалық байқауының облыстық кезеңі әр өңірде үйымдастырылды. Біздің облыста өткен байқауға әр ауданнан келген қазақ мектептері қатысты. Аталмыш байқаудың төрағасы Қайролла Мұқанов болды. Ол бұл доданының әділ және жоғары деңгейде өтуіне бар күш-жігерін салды.

Бізге Жамбыл, Есіл, Аққайын, Шал ақын ауданда-рынан қатысқан үміткерлердің өнері ұнады. Кезек қаладағы № 2 қазақ мектеп интернатына да келіп жетті. Байқауға қатысатын балаларды сабактан бір аптаға босату туралы Қайролла Мұқанұлы бүйрек берді. Дайындық қызу жүрді. Көркемдік жетекшісі Баян деген бастауыш сынып мұғалімі қазақ тілінің маманы еді. «Сиқырлы қазан» көріністеріне қарай күйлер мен әндер таңдап алынды. Сөйтіп, сайыс қорытындысы бойынша аталмыш мектеп бірінші орын алды. Облыстан жеңімпаз атанған өнерпаздар республикалық сайысқа жолдама алды. Шымкент қаласына аттандық. Бізді Нұрмұқанов Орынбай бас-қарып барды.

Бұл додада да үздіктер қатарынан көрініп, елге жеңіспен оралдық. Өнер көрсеткен оқушылардың



арасында Күнсұлу Шаяхметова, Әйгерім Салиеваның есімдері ерекше аталды. Қазір олар биік белестерді бағындырып, өнер саласында жемісті еңбек етуде.

Ақтық демі үзілгенше Қайролла Мұқанұлымен сыйластырымыз жарасып, жақсы қарым-қатынаста болдық. Отбасылық жынын-тойларда да тәбе көрсетіп, әрқашан жылы сөзімен жанды жадырататын. Өлең де арнап, мерейімді үстем еткен сәттері аз емес. Бірде «Асыл мұра» орталығына барғанда жолымыз түйісті. Конституция көшесі бойымен Н. Погодин атындағы орыс драма театрға дейін үзак әңгімелестік. Ол кісінің дауыс көтеріп сөйлегенін көрген емес-пін. Өзін бірқалыпты ұстаушы еді. Аз-кем көргенімді- білгенімді, көкейге түйгенімді қағазға, шежіре құрастыруға кеңес берді. Екеуіміз Қантай руының шежіресін бірлесе жазуға уағдаластық. Сонда оның кішіпейіл, сабырлы қалпына тағы бір көз жеткізіп, қарапайымдылығына қайран қалғаным бар. Содан Қантай шежіресін жазу үшін Қайролла Мұқанұлы, Социал Жұмабаев және мен Жамбыл ауданындағы Баян ауылына бардық. Мектепте ұстаздармен кездесу өткізіп, келген себебімізді айттық. Сөйтіп, 2007 жылы Қантай шежіресі жарық көрді. Қайролла Мұқановтың қамқорлығын көп көрдім.

Қызмет бабында жұмысы қауырт болса да, оқушылардың эстетикалық тәрбие алуына ерекше назар аударды. Әсіреле, қазақ сыныптарында оқитын балаларға айрықша назар аударды.

Ағамның үйінде үш домбыра түрушы еді. Бірде соларды маған жөндөтіп алды. Ақиық ақын Қадыр Мырзалиев жырлағандай «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» демекші қазақтың әрбір шаңырағында домбыра ілгүлі тиіс екенін айттып, қасиетті



аспапты ерекше қадірледі. Маған қолына тұскенде домбыра туралы кітаптарды сыйлайтын. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» монографиясын, «Құрманғазы күйлер» жинағын, Жұмагелді Нәжі-меденовтың «Домбыраның қоңыр үні» тағы басқа кітаптары бар.

Күлзағи жеңгеміз де ел-жүртқа қадірлі адам еді. Қашан барсаң да дастарханы мол жайюлы тұратын. Ықылас-пейілі кең еді. Қос бәйтеректен тараған ұрпағы еліміздің дамуына үлес қосқан жоғары білімді мамандар. Қызы Гүлнэр – ҚазҰУдың профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты. Ол Петропавл балалар музыка мектебінің түлегі. Артына өшпес із, өлмес мұра қалдырған Қайролла Мұқанұлының есімі өнірімізге өтене таныс. Тұған-туыстардың, дос-жаңаңдардың, құда-жекжаттың арасында сыйлы, кішіпейіл болды. Тағдырға не шара? Ағамыз бер жеңгеміз о дүниелік болды.

Аллаға да жақсы адамдар керек шығар. Өмірі өнегелі, тағдыры.

**Лебедевы Татьяна Васильевна,
Владимир Степанович,
выпускники Городецкой СШ 1970 года, педагоги**

«УЧИТЕЛЬ, ПЕРЕД ИМЕНЕМ ТВОИМ...»



Перекрестки жизни. Они такие разные на встречи, на память, на судьбу. И огромное благо, если на этом перекрестке встречаются значимые, судьбоносные люди. Нам, как и другим мальчишкам и девчонкам красивого и большого села Городецкое, несказанно повезло. В 60-е годы к нам в восьмилетнюю школу приехал директор Муканов Кайролла Муканович.

Новый человек на селе – это целое событие. Все как-то ненароком старались с ним встретиться, случайно столкнуться в магазине, на улице, чтобы поближе разглядеть, какой он, как говорит, держится, во что одевается. Тем более, что село наше – в большинстве своем русскоязычное, многие приехали с Украины – и более десятка семей немцев-переселенцев. А тут директор школы – казах с высшим образованием, с женой, с детьми!

Был у нас казахский аул недалеко от Городецкого, вторым отделением совхоза – это Баганаты, сегодня мы гордимся «нашей Баганаткой», которая дала миру прославленного ученого-химика, литератора, академика Евнея Арыстановича Букетова.



Городецкая восьмилетняя школа находилась в нескольких барабанного типа корпусах, с отдельностоящей мастерской, и в ней теперь – новый директор школы.

Нам тогда трудно было понять и оценить работу директора школы, учителей, но с приходом нового руководителя как-то по-особому ожила школа. Она стала по-настоящему эпицентром общественной жизни села. Заработал спортзал, проводились встречи со знаменитыми людьми села. Благодаря Кайролле Мукановичу был восстановлен памятник участникам гражданской войны с именами героев.

Запоминающимися были встречи со старейшими жителями села, очевидцами и участниками роковых событий в годы репрессий и Великой Отечественной войны. Воссоздавалась история нашего села и края из скучных документов, из домашних архивов, по-желтевших фотографий. А главное – из воспоминаний старейшин. В центре этой работы стоял неутомимый, ищущий, профессионал Кайролла Муканович. Кстати, он нам представился как Николай Муканович. Таким он и остался в наших сердцах: незабываемый Николай Муканович!

Нам невероятно нравились его уроки, он открывал нам мир прошлого (от истории древнего мира) и концентрировал внимание на окружающей нас современности (уроки новейшей истории и обществознания). Он формировал в нас пытливую личность со своими взглядами на происходящие события в стране и мире, влиял на взаимоотношения в коллективе, обществе, с одноклассниками.

Николай Муканович стал для нас легендой труда-любия и познания. Школу и университет он закончил на русском языке, родом из казахского аула, не зная



ни слова по-русски, подростком русский язык он освоил удивительным образом: переписывал романы классиков. Однажды он после урока литературы спросил, что мы изучаем. Мы в один голос: «Анна Каренина». А он так загадочно: «А с каких слов начинается роман?» Как мы засуетились, кто за учебник, кто за роман и директор с таким замысловатым хитроватым прищуром глаз, выдал: «Все смешалось в доме Облонских...». Нас это по большому счету действительно шокировало. И позже он не уставал удивлять, когда называл страницу, цитату из какого-то текста, с каких слов начинается абзац.

То был интеллектуальный фокус, казалось нам, и это был кропотливый труд Николая Мукановича по изучению русского языка и еще феноменальная память. Он невероятно много читал методическую литературу, специальные журналы по предметам, делая закладки и передавая учителям-предметникам. «Прочтите, это интересно, пригодится вам в работе». Так он выводил в «настоящие мастера» своих коллег.

С особой отеческой заботой относился к молодым. Вспоминает моя сестра Ольга Степановна: «Я пришла в Городецкую восьмилетнюю школу в 1971 году. Директор сразу предложил мне должность организатора по воспитательной работе. Много было сомнений, но он каждое мое «нет» превращал в плюсы. «У Вас, говорит, есть еще от студенческой неуспокоенности, поиска, новизны. Я вижу, как к Вам тянутся дети, Вы даете на уроках больше школьной программы». Он смог меня убедить и я согласилась. С его легкой руки у меня началась «кипучая» педагогическая жизнь. В школе появилось больше интересных мероприятий, тематических вечеров. Благодаря Кайролле



Мукановичу я стала отличником просвещения, была приглашена в Чехословакию по обмену опытом».

Таким он был, приглядывался пристально к каждому, стараясь раскрыть «потаенный» потенциал личности. А его невероятный магнетизм и пылкое сердце учителя располагали к творческой работе. У него был огромный авторитет и какое-то всеобщее неравнодушие ко всему. Технический персонал школы с уважением относился к шефу и как-то до безумного неприличия было бы не выполнить его поручение или плохо сделать свою работу.

Директора нашего часто можно было видеть во время уроков под дверью какого-нибудь кабинета. Просто чтобы не смущать своим присутствием на уроке, он таким образом познавал педагогическое мастерство коллег, а потом давал советы, мастерски предостерегая от ошибок.

Сенсационным было то, что в сельской глубинке, в одном выпуске оказалось сразу два «золотых» медалиста – это Ажар Абильтаева и Константин Рыб. Они были предметом особой гордости Николая Мукановича.

Он мог мотивировать нас на неуспокоенность, поиск, рост. Однажды на уроке директор принес томик А. Твардовского «За далью – даль» и после комментариев поэмы так просто и весело добавил: «Человек должен быть покорителем! Взобрался на одну вершину с трудом, оглянись! Ведь с нее видна другая, более интересная вершина. Покори и ее! А там видна следующая, и следующая – и все они манят к себе всех, кто открывает и покоряет мир».

Так просто и убедительно Кайролла Муканович нацеливал нас на будущее, на самостоятельную поступь в мир познаний себя и поиска своего места в жизни.



В конце 60-х годов стали появляться ученические производственные бригады, для нас это была такая радость участвовать в коллективном труде вне школы. Именно участники производственных бригад на областном слете были удостоены встречи с летчиком-космонавтом, нашим земляком В. А. Шаталовым. Вот тогда мы воочию убедились, прикасаясь к великому «звездному», если будешь покорять вершину за вершиной, то добьешься многого.

Мы с Таней учились все десять лет в одной школе и наши чувства крепли и культивировались именно здесь. О нас, безусловно, знали одноклассники, преподаватели и, конечно же, сам Кайролал Муканович. Часто на уроке спрашивали меня, и если я не мог ответить, то тут же он говорил: «Таня Бондаренко, дополни» и ни разу он не упрекнул, что мы вечером прогуляли. Но нам было совестно невероятно!

Наш союз – это прочный брак, это уже 45 лет совместной жизни, это два сына и пять внуков!

Тане повезло. Николай Муканович и Клавдия Акановна жили по соседству с их семьей, как соседи семья Мукановых была порядочными, трудолюбивыми и хлебосольными людьми! Они открывали секреты национальной кухни, принося вкусные баурсаки, бешбармак и всегда хвалили высокие пышные булки маминого хлеба, выпеченного в печи, будто соседство Мукановых – Бондаренко было замешано и настояно на самом дорогом – на хлебе!

Всегда приветливая, очень приятная, кроткая Клавдия Акановна была очень открыта и ценила советы моей мамы – Степаниды Леонтьевны.

Клавдия Акановна была настоящей хранительницей домашнего очага, уюта и доброты.



Одно время Николай Муканович преподавал нам астрономию, открывая нам Млечные пути и прокладывая среди звезд пунктиры жизненных ориентиров. И сегодня все его воспитанники гордятся тем, что в их жизни есть высочайшая гражданская вершина, прочный утес, уходящий туда, где ярко мерцает Млечный путь! И имя ему – Муканов Кайролла Муканович!

Муканова Гульнара Султановна,
индивидуальный предприниматель

ПРОСВЕТИТЕЛЬ

Впервые Кайроллу Мукановича я встретила, будучи студенткой тогда ордена Трудового Красного Знамени Петропавловского педагогического училища в 1982 году.

На тот момент Кайролла Муканович работал в областном отделе образования. В Петропавловском педагогическом училище с богатой историей часто проводились республиканского и областного значения мероприятия, литературные встречи и вечера, посвященные знаменитым землякам, преподававшим и работающим в училище. В училище активно действовал музей. Кайролла Муканович всегда поддерживал начинания и вносил вклад в развитие





музея, так как краеведческая работа была его большим увлечением. Он с большим энтузиазмом, увлеченно рассказывал студентам о биографии и творчестве именитых земляков: Магжане Жумабаеве, Иване Шухове, Габите Мусрепове, Сабите Муканове.

Слушать его было очень интересно, время пролетало незаметно. Мне всегда импонировала манера рассказа Кайроллы Мукановича, неторопливо, очень вдумчиво, с большим уважением, со знанием он мог часами рассказывать о становлении творческого наследия области.

Тепло семейного очага всегда хранила уважаемая супруга Кайроллы Мукановича Кульзаги Акановна – верная спутница, соратница. Интеллигентная, всегда подтянутая, красивая.

Будучи студенткой исторического факультета Северо-Казахстанского университета, мне посчастливилось заниматься изучением исторического наследия под руководством дочери Кайроллы Мукановича, кандидата исторических наук Мукановой Гульнар Кайроллиновны. Мне хотелось бы отметить, что свою педагогическую жилку, чуткое отношение к своим ученикам, творческий потенциал Кайролла Муканович и Кульзаги Акановна передали своим детям.

В СКГУ очень часто встречались с Кайроллой Мукановичем на круглых столах, творческих встречах, где всегда он делился очень интересным, бесценным материалом, что нам, как историкам было очень поучительно и интересно. Для нас, как историков огромное значение имеет научно-исследовательский центр «Асыл мұра», у истоков которого стоял Кайролла Муканович.



Богатое литературное наследие оставил всем нам педагог, краевед, писатель и поэт Муканов Кайролла Муканович. Такие люди, как большие звезды, освещают путь идущим вперед, ищущим знания, желающим сохранить самобытность и творческое наследие своего народа.

Благодарна судьбе, что в моей жизни было знакомство с таким Просветителем.

Мурзалинова Алма Жакимовна,
*доктор педагогических наук,
профессор, директор филиала НЦПК «Өрлеу»
по Северо-Казахстанской области*

ЛЮБИТЬ СВОЮ ПРОФЕССИЮ...

Я работаю в системе образования почти 40 лет и это – мой осознанный выбор, на который в свое время значительно повлияла мама – Зура Исламовна Мурзалинова. Она – профессиональный бухгалтер, экономист и никогда не преподавала. Но учительство – это ее жизненная мечта, которую удалось воплотить мне, младшей дочери.

В отношении трех своих детей мама была и остается первым и непревзойденным учителем: каждого





из нас неустанно сопровождала в школьном и вузовском обучении.

Папа – Жаким Калымбекович Мурзалинов прожил профессиональную жизнь финансиста (много лет проработал в Министерстве финансов Казахской ССР). Он тоже никогда не преподавал, но вместе с тем ненавязчиво, но наглядно, на своем примере, сумел убедить меня в ценности таких качеств, как преданность профессиональному долгу, ответственность за содержание и результаты работы, безукоризненная добросовестность в исполнении, трудолюбие и совершенствование профессионализма, неустанная помошь коллегам. Значит, и папа сумел стать моим учителем, содействуя развитию в профессии.

Культ учительства отличал многие советские семьи. Он был присущ и нашей семье, где старшая сестра Алтын учились на инженера-металлурга, а брат Онгарбек – на инженера-механика. Культ учительства сформировал у нас, поколения 60-х годов, ценностное отношение к педагогическим работникам.

Именно поэтому я хочу рассказать о некоторых профессиональных чертах и личностных свойствах Кайроллы Мукановича Муканова, моего земляка, педагога, автора статей, очерков, книг по истории образования.

Считаю это необходимым по некоторым причинам. Во-первых, жизнедеятельность К. М. Муканова – яркий пример состоятельности в педагогической профессии и преданности ей. Во-вторых, в силу преемственности, я, будучи педагогом, могу и должна охарактеризовать педагогическое наследие своего старшего и мудрого коллеги. В-третьих, нас объединяет региональное образование Северо-Казахстанской области, нашей



малой Родины. В-четвертых, меня всегда привлекал аксиологический аспект в образовании, то есть духовное начало педагога, которое определяет имя, авторитет, статус, имидж. Когда говорят «кадры определяют все», хочется уточнить: качество системы образования во многом определяется профессионализмом личности, основанным на этосе – системе принципов и ценностей, нравственном авторитете.

Кайролла Муканович родился в 1932 году. Был учителем и директором сельской школы. Но его имя я услышала впервые (с той поры слышала часто) и гораздо позже от тети – Куляш Исламовны Алибековой, которая работала с ним в областном отделе народного образования (облоно). Кайролла Муканович почти четверть века (1971–1995 гг.), как сам вспоминает, «работал заместителем у четырех заведующих областного отдела народного образования» (В. И. Сакун, К. Г. Загореев, И. И. Тимошенко, В. Н. Крайнов). Есть в этой стабильности (в противовес сегодняшним постоянным кадровым перестановкам, в том числе среди руководителей системы образования) залог постоянства требований и надежности результатов, с одной стороны доверия к руководителю и надежности производственных связей, с другой стороны. Так, Виталий Иванович Сакун 22 года работал заведующим Северо-Казахстанского облоно.

Итак, я училась в те годы (1976–1981 гг.) в Петропавловском педагогическом институте им. К. Д. Ушинского, на филологическим факультете. Основательно готовила себя к профессии учителя русского языка и литературы, благо, был отличный (безукоризненный и мотивирующий в профессионально-личностном отношении) профессорско-преподавательский



состав: В. А. Вецнер, Ф. А. Сим, Т. А. Рот, А. В. Эсаулова, М. В. Ткачева, М. Н. Горбачева, Ф. М. Косых, А. А. Холдков, А. Е. Синеруков, Л. А. Морозова, З. П. Табакова, Н. К. Поляева, Л. А. Капитанова, Д. Х. Вагапова и многие другие. Поэтому чутко прислушивалась к разговору двух сестер – Куляш Исламовны и Майи Исламовны (которая работала учителем истории). Тогда я впервые узнала, как много значат в педагогической среде такт, культура, образованность, интеллигентность, которые из личных качеств Кайроллы Мукановича переросли в производственные и стали основой образа руководителя.

В августе 1995 года К. М. Муканов был переведен старшим преподавателем кафедры областного Института усовершенствования учителей, где проработал до 2000 года.

Мы продолжали работать в те годы в «параллельных мирах»: в этот период я работала доцентом кафедры Северо-Казахстанского университета. Но с 2013 года работаю в филиале НЦПК «Өрлеу» по СКО, который был в свое время организован путем многочисленных преобразований – на базе ИПК и ППК (бывшего ИУУ).

Таким образом, в сложные 90-е годы имя К. Муканова продолжало способствовать моему становлению, тем более что я уже встречала и знала этого человека. В тот период он запомнился мне синтезом отеческой мягкости и принципиальности в требованиях, превосходного владения казахским языком и практикой педагогического менеджмента, проницательного взгляда и общечеловеческой мудрости суждений. Это был образ руководителя с человеческим лицом (так я могу выразить гамму восприятия).



Примечательно, что Кайролла Муканович так пишет о тех годах службы: «За 23 с лишним года работы в облоно и пять лет работы в областном ИУУ я не имел никаких взысканий или замечаний со стороны руководителей. Служил честно и добросовестно, во благо развития и совершенствования народного образования».

Так написано в книге К. Муканова «Из истории народного образования Северо-Казахстанской области» /Петропавловск: Издательство «Северный Казахстан», 2015. Дарственная надпись от 15 сентября 2016 года гласит: «Областному институту дарю эту свою книгу с большим уважением и добрыми пожеланиями». По-мужски скромно, но искренно и емко.

На мой взгляд, хорошая книга – душа автора.

В этой книге самые частотные слова – служить и народное образование.

Педагог – гражданский служащий, и в этом смысле служит делу, профессии, обществу. А еще народу – отсюда такое близкое и понятное нам «народное образование».

«Служить» в этой книге сопоставимо с «отдавать долг».

Педагог Кайролла Муканов созданием книги отдавал свой долг уважения и памяти руководителям отделов народного образования (управления, департамента), руководителям областного института усовершенствования учителей. Написал о тех, с кого начинается история образования области (например, Виктор Германович Барлебен, 1895–1938 гг., с 17 января по 20 марта 1920 года заведовал Петропавловским уездным отделом образования), о тех, кто продолжал



ее дальше, о тех, с кем работал, и даже о тех, кто работает в нынешнее время.

Для этого несколько лет исследовал материалы Государственного архива Северо-Казахстанской области, несколько раз поработал в Центральном государственном архиве Республики Казахстан (г. Алматы), использовал данные архивов облоно, ИУУ, личного архива.

В такой скрупулезной работе чувствуется, в первую очередь, историческое образование, которое Кайролла Муканович получил в КазГУ им. С. М. Кирова (1957 г.). Еще – чувство долга, которым всегда отличался наш замечательный земляк. Ведь он 12 лет работал научным сотрудником историко-просветительского центра «Асыл мұра» при областном историко-краеведческом музее. Возможно, реализовал свою постоянную познавательную потребность знать как можно больше и полнее о знаменитых людях родного края (автор книг «Жумагали Тлеулин – деятель Алаш-Орды», «Өлке тұлғалары», «Мағжан ізімен. По следам Магжана»).

Благодаря исследовательскому труду К. М. Муканова, сегодня мы знаем о малоизвестных фактах. Например, именно Есенбаев Камен, заведующий в тот период Северо-Казахстанским облоно, устроил летом 1936 года вернувшегося из ссылки Магжана Жумабаева вначале лектором на курсах повышения квалификации учителей, затем, в сентябре, учителем русского языка и литературы в семилетнюю школу № 5 им. А. С. Пушкина г. Петропавловска. Или: в 1943 году уроженца ныне района Шал ақына СКО Сергея Петровича Беева назначили заведующим облоно. Именно он через считанные годы ставит перед Министерством просвещения республики вопрос



об открытии в Петропавловске Института усовершенствования учителей, обосновывая свое ходатайство: «Слабый состав учительства области, три четверти которого не имеет соответствующей педагогической подготовки, крайне нуждается в повышении своей квалификации. Поэтому организация постоянно действующего ИУУ является самым насущным мероприятием, способным решительно двинуть по пути прогресса школы Северного Казахстана». В марте 1948 года был утвержден штат ИУУ.

Историк Кайролла Муканов сделал свое дело – оставил нам историю становления регионального образования.

Но это не просто объективная, основанная на фактах история. В портретных зарисовках руководителей, выполненных коллегой-руководителем и педагогом К. М. Мукановым, дорог ценностный, смысловой аспект.

Интересно, какие профессиональные качества автор отмечает как существенные, с позиций современных требований – стратегического менеджмента, лидерства, проактивности? В этом случае можно применить прописную истину: скажи мне, что ты ценишь в людях, и я скажу, каков ты.

«Где бы и кем бы ни работал Сергей Петрович Беев, он трудился честно, добросовестно». «Проводя сложную работу по организации просвещения республики, Александр Васильевич Щербаков находит время для занятия наукой». «Постоянные деловые контакты с учительством области были характерной чертой стиля его руководства. Сакун В. И. ... сумел создать коллектив вдумчивых и преданных делу единомышленников». «Константин Геннадьевич Загореев был



человеком начитанным и хорошим организатором». «Его [Крайнова Владимира Николаевича] всегда отличали широкая эрудиция, высокая внутренняя культура, интеллигентность, добропорядочность, внимание и чуткость к людям, огромная любовь к детям».

К. Муканову, как подсказывает мой опыт профессионального общения с ним, как подтверждают многочисленные оценки его професионализма, данные коллегами разного возраста (Кайролла Муканович умел находить язык с человеком любого возраста и статуса, оставаясь при этом собеседником «на равных»), свойственно умение постоянно учиться у окружающих, впитывая их лучшие качества. Поэтому многое из того, что Кайролла Муканович отмечал в коллегах, характеризует и его: искренность и честность в отношениях, уважение к учителю и преданность педагогическому делу, профессиональное чутье к инновациям, интеллигентность и образованность.

Сегодня карьерно-образовательный рост, сопровождающийся профессиональной самореализацией, мы объективно считаем одним из механизмов укрепления статуса педагога.

В профессиональной деятельности К. Муканова отчетливо прослеживается такой рост: выпускник КазГУ им. С. М. Кирова в 1957 году возвращается в родной район, где вначале учительствует, затем, через считанные месяцы, работает завучем единственной средней школы среди целинных совхозов Октябрьского района. Вскоре перевод директором Городецкой школы того же района, где за 12 лет работы сложилась практика руководства, проявившаяся в строительстве нового школьного здания, становлении дружного работоспособного коллектива, достижениях учеников



на районных и областных олимпиадах, спортивных соревнованиях, обобщении и распространении опыта, золотых медалях выпускников школы...

Надо хорошо знать взвешенность кадровой политики 60–70-х годов прошлого века, чтобы представить, как директора сельской школы, минуя продвижение по вертикали (районный или городской отделы образования) перевели («перевод» означал особое доверие) заместителем заведующего облоно.

Время доказало правильность решения. А еще это доказал сам Кайролла Муканович.

Он принимал непосредственное участие в организации и реализации стратегически важных решений: рационализации школ области для перехода ко всеобщему среднему образованию, слаженной работе вечерних и заочных школ, учебно-консультационных пунктов, повышении качества учебно-воспитательного процесса, повышении учебно-материальной базы образовательных учреждений, улучшении жилищно-бытовых условий педагогов.

К. М. Муканов руководил таким архиважным, но щепетильным участком деятельности государственного органа, как комплексная проверка организаций образования. И здесь его отличали врожденное чувство такта, чувство меры и «чувствование» педагога. Во всяком случае об этом всегда говорили в те годы мои старшие коллеги и не случилось ни одной скандальной истории (как бывает до сих пор, к сожалению, в системе образования).

В 80-е годы, а затем в годы «критического десятилетия» ему пришлось делать возможное и невозможное, чтобы обеспечить устойчивое развитие системы образования нашей области. Обеспечивать горячее



питание в школах, организовывать создание авторских школ (Мамлютская санаторная школа-интернат) и трудовых объединений школьников (в 1979 году опыт ученических производственных бригад области признан лучшим в республике), поддерживать движение педотрядов (СШ №№ 1, 2, 32 г. Петропавловска), отстаивать лучшие педагогические идеи учителей, работающих «на доверии», разбираясь в организации кабинетной системы обучения и ученического самоуправления (опыт СШ № 35 рассмотрен на коллегии ведомственного министерства), контролировать строительство новых школьных зданий (в 1986–1990 гг. в среднем за год сдавалось по 10 типовых школ).

Особая заслуга К. М. Муканова – развитие казахского языка и казахских школ, что позволило увеличить число казахских детских садов с 4-х в 1986 году до 28-ми в 1991 году; охватить обучением в школе на родном языке 34,3% детей.

Методист – особая категория педагогических работников. Качественная методическая работа – это работа мастера высокого уровня профессионализма, связанная с учебно-методическим и научно-методическим сопровождением педагога в его профессиональном развитии.

Кайролла Муканович сумел стать и признанным методистом, работая в областном Институте повышения квалификации и переподготовке педагогических кадров (1995–2000 гг.).

По собственному опыту знаю: чтобы поддержать реформирование казахстанского образования, нужно методически сопровождать главного исполнителя – педагогов.



У Кайроллы Мукановича было все: педагогическая практика, опыт, авторитет, чтобы педагоги постоянно обращались к нему за методической помощью: советовались по применению подходов в преподавании, разработке методической литературы, консультировались по вопросам государственной образовательной политики, отрабатывали совместно свои инновационные проекты...

Кайролла Муканович начинал свою педагогическую деятельность с уроков. Теперь он вновь читал лекции и вел практические занятия для слушателей курсовой подготовки.

Что помнят до сих пор обучавшиеся у него педагоги? Глубокое знание предмета, широкую эрудицию, интеграцию теории и практики, педагогические убеждения, педагогическую толерантность, умение расположить к себе, способность оценить по достоинству имеющийся опыт педагога.

Система образования во все времена нуждалась в преобразующем наставничестве. В особенности в настоящее время, когда, с одной стороны, необходима консолидация профессионально-педагогических усилий для системных и масштабных реформ, с другой стороны, мы видим разрыв поколений педагогов.

При этом педагогическое наставничество должно быть не сервисом, который предоставляется педагогу, не образовательной услугой, а социально важным целостным и многогранным процессом его сопровождения в эффективной профессиональной деятельности, стремлении к самореализации и саморазвитию. Педагогическое наставничество – это преобразующее педагогическое взаимодействие с перспективой развития в особую деятельность персонализированного



общения, когда субъекты становятся взаимно притягательны.

Кайролла Муканович Муканов сумел стать большим наставником для нескольких поколений педагогов, в том числе и для меня. Его наставничество было и остается преобразующим, в силу притягательности образа нашего Учителя, его профессионализма, направленного на то, чтобы любое его педагогическое окружение стремилось любить свою профессию и достигать в ней совершенства.

Мұқанов Олжас,
үлкен жиені

АТА МЕН ӘЖЕ



Жақындарым туралы бірінші рет өткен шақта жазып отырмын.

Мен үшін ата мен әже кім болған? Олар менің өмірімде қандай мағынаға ие болды? Мен олардан қандай жақсылықтарды «алдым»?

Менің ойымша, атам еңбеккор, зиялы әрі патриот болған. Өйткені, тек нағыз патриот әрі зиялы азамат өзінің жақындары мен

туыстарын қазақтың салт-дәстүріне, тіліне, халқына, Отанына деген сүйіспеншілікті таныту рухында



тәрбиелеп, нағыз патриот әрі зиялыш азамат өз-өзін шынайы бағалап, айналада болып жатқан оқиғаларға өзіндік көзқарасын білдіре алады.

Ата мен әже баладай аңқау, қонақжай, жанашыр, парасатты, адап болған. Менің ойымша, бұл қасиеттер олардың туыстарына, атамның шәкірттеріне және олармен бірге болған адамдардың бәріне де берілген сияқты. Dana әжемнің «қанатты» сөздері әлі күнге дейін біздің жүргегімізде және ойымызда.

Ата нағыз ұстаз, тіпті оны ұстаздардың Ұстазы да айтута болады. Ол тұған жерге, қызметіне, отбасына, достық қарым-қатынаста адап кісі болды. Ата өзінің студенттік кезінен бергі достықты шынайы бағалай білді. Ал оның адап достары: Шота Үәлиханов, Кәкімбек Салықов, Аманжол Қошанов, Нұрғожа Бектұров, Қабдырахман Жарылғапов оған да сол шынайы достықпенен жарап берді.

Осыдан сегіз жылдан астам уақыт бұрын, менің атамның және біздің бүкіл отбасымыздың өмірі 2012 жылдың 10 қарашасында атаммен болған жазатайым жағдайдан «бұрын» және «кейін» болып екіге бөлінді. Ата қайта өмір суруді үйренуге мәжбур болды: баяу қозғалу, балдақтарға бейімделу, сүйікті жұмысына бармау. Алайда, бұл сынақтан ата өте алды. Мақалалар, жазбалар, кітаптар жазуды жалғастырды, өзінің орасан зор тәжірибесін басқаларға жеткізіп үлгерді, ақыл-кеңесін де берді.

Ата мен әжемнің жатқан жерлері торқа болсын!
Жандары жәнната болсын!

АТА И ӘЖЕ

Впервые пишу о ком-то из своих близких в прошедшем времени.

Кем были для меня ата и әже? Что они значили в моей жизни?

Что хорошего я «взял» от них?

Ата и әже всегда были готовы помочь другим, они были порядочны, честны, открыты. Каждому из нас, а также ученикам деда, и всех тех, кто был до конца с ними, думаю, передались эти качества в той или иной степени.

Дед был «пахарем», интеллигентом, патриотом. Так я считаю.

Потому как лишь истинный интеллигент и патриот стремится воспитывать своих родных и близких в духе любви к Отчизне, своему народу, языку, традициям. Ата, как настоящий интеллигент и патриот имел чувство собственного достоинства и свою точку зрения на происходящее.

Верный дружбе, родному краю, работе, семье, данному слову, скромный. Именно это и ценилось в деде его старыми проверенными Друзьями: Шотой Валихановым, Кәкімбеком Салықовым, Аманжолом Қошановым, Нұрғожай Бектұровым, Жарылғапом Қабдрахмановым и многими другими.

Ата был настоящим Педагогом, как говорится от «души и сердца».

Его до сих пор называют Учителем учителей. И это – чистая правда.

Добиваться успехов в работе деду конечно же помогал надежный семейный тыл, который создавался благодаря нашей әже. «Крылатые» слова мудрой әже



до сих пор в наших сердцах и мыслях. Она была иногда по-детски наивна, добра и отзывчива, об ее гостеприимстве знают многие, далекие и близкие. Она могла найти общий язык с каждым, много читала.

Более восьми лет назад жизнь деда и всей нашей семьи разделилась на «до» и «после» несчастного случая, произошедшего с ним 10 ноября 2012 года. Он начал учиться жить по-новому: медленнее двигаться, приспосабливаться к костылям, естественно не ходить на любимую работу.

Однако, это не сломило его, ата продолжал писать статьи, заметки в газеты, выпускать книги, консультировать, передавать громадный накопленный годами опыт другим. Все это говорит о крепком внутреннем стержне, наличием которого и отличались Люди той эпохи – Люди, которые были готовы отдать последнее ради великой Цели, общего дела, Друзей, будущих поколений.

Буду стараться не подвести вас!

**Муканова Гюльнар Кайроллиновна,
кандидат исторических наук,
профессор кафедры издательского дела и дизайна
КазНУ им. аль-Фараби, ответственный редактор
Международного научного журнала «Айқап»**

ӘКЕ-АНА



Сөз табыла ма, осындай жақын адамдардан айырылғанда?! Уақыт өткелі ғана, уайымың кішкене басылады еken, бірақ бәрі кешегідей, көз алдымда. Сондықтан қысқа ғана ішімдегіні қағазға түсірсем, айып етпеніз. Шығармашылық жұмыспен көп айналысқаннан ба, көп сөз біртүрлі жараспайды деп ойладым. Қайғы күшінді азайтады еken, өмір де жалғасып

кете барады, немерелер өсіп келе жатыр, сондықтан – бекем болуға кеңестерді айтқан жандарға құлақ түріп, тіршіліктін жолындамыз. Амал не? Көндік.

Жақсы адамдарды еске алу міндеттіміз. Міне Айтмағамбет ағамыз да бүл дүниемен қоштасты, бізді әр мерекемен құттықтап отыруши еді, жарықтық. «Ләйлә» деп кеткен ағасын, анашымды, бізді де бала кезімізден жақсы көрді Айтқоқ, ол да жоқ жұбататын. Үйдің қабырғасы опырылып құлағандай, сезінеді біртүрлі. Бірақ мұнаюға жол бермейміз. Артымызда жастар келе жатыр, оларға енді біз үлгі. Бекем болайық.



Анашым... Өте мейірімді жан болатынсыз, әрбір адамды түсінуге тырысатынсыз, әңгіме басында алдында отырған тұлғанын мінезін бағалап, сөйлеген сөздерін ұфып, кейін адами қорытынды жасап, сол түсінігінен қайтпайтынсыз. Жүргімен тындайтынсыз деуге де болады. Өйткені өмірде көп көрген, өз еңбегімен жетілген, кісіні түсінуге қасиеті дамыған тұлға едініз. Ерекше едіңіз, ақырынғана басып, көп жұмыс атқаратынсыз үйде де, бүкіл Шабан әулеті анашым Сізді ерекше сыйлады десем, қателеспеймін. Өйткені ақсақал, қария болсын, абысын, інілер-сінлі болсын, Анашым сөз тауып, кей кездे мақтап, кейбір кездерде қаттырақ естіртіп те, тек қана абыройлы, тік жолмен жүруге бағыттағансыз.

Сіз жалықпай, бізді де, төрт баланы, сол қағидаларға үйреттіңіз. «Тек қана еңбегіңмен жағасын, әрдайым адал бол, енбек ет» деген сөздеріңіз әрдайым құлағымда. Анашым еңбеккор, қарапайым, өмірде де көзі ашиқ, алға ұмтылған, халықты сүйетін адамдарды күшті қабылдайтынсыз. Өзіңіз үнемі қолыңыз тисе, газет-журналдарды көп оқып, олардан ұнаған мәліметтерді жазып алатынсыз. Сондықтан жиындарда сөйлеген сөздеріңіз де өте көркем және мағыналы болатын.

Анашым «бір қалыпты болу» әдетін бізге жиі айтатын да, өзі де оны бекем ұстайтын. Тілектері орындалса, құлпырып жүретін, ішінен тағы да жақсы жаңалықтарды армандал. «Ақ ниетіме» деп әрбір жақсы хабарды шын жүрекпен қабылдайтын. Осындай әдет өзіңізге жарасатын. Халқымыздың салт-дәстүрлерін, қонақтарды күту, құда-жеккәт қарсалу, т.с.с. жас кезінен ағзасына сініп, ықыласпен ұстайтын. Өзі же тім, репрессияға ұшыраған және соғыстан оралмаған



әкесісіз өссе де, киын жағдайда жүрген адамдарға өз қамқорлығын ешқашан аямайтын. Әкесі Ақанның ағасы Ақпантай-атаны жиі еске алып, раҳметін айтып отыратын. Ол кісі (Ақпантай) Жалтыр ауылда тұрғанда анашымды ерекше жақсы көрген, оқуға-білімге жетелеп, жетімділігін білдіргізбей өмірге ақылмен баптаған екен.

Анам тірі болса оған осы әнді айтып берер едім:

«...Күттің бе гүл-қызыңды
Алыстан нүр жүзінді
Танимын жаулығыңнан желбіреген.
«Құлыным сағындым» деп
Жүрсін-ау жаның жүдеп,
Айналым жүрегінен елжіреген.

Бойдағы бәрін берген,
Ақ сүтін нәрін берген,
Бақыттын бәрін берген
Аяулы Ана...
Үлгі ғой адалдығын...

Шаттанып қуансам да,
Жабырқап мұнайсам да,
Жағдайын Сен түсіндің жан күйімнін...»

Анамыз ылғи да айтатын: «Әкеңі сыйландар» деп, екеуі сондай жарасып журді. Әке-Анашым! Кәрілік те Сіздерге сондай жарасты, ақ орамал мен тақияңыз да. Ақылды, сыпайы, мейірімді, құшағыңызды қалай ұмыттамыз? Ұмытпаймыз. Әрдайым есімімізде.

Әке... Сіздің орыныңыз әрқашан бөлек дейді, ол рас.



Әкеміз жұмысқа, әсіресе халықтың жұмысына қаты берілген адам болатын, жас кезімізден әкемізді сыйлап, уақытын көп алмаға, ренжітпеуге тырыстық. Жұмысы ауыр болды, халықтың арасында, бірақ шаршаса да көрсетпейтін, құлағанша жұмыс-жұмыс деп, бүкіл ойы сол мақсатта болды.

Әкеміз бақытты тұлға болды деп ойлаймын, жоғары білімді, педагогика саласында еңбегі зор, шәкірттері де көп, әріптестері де тамаша адамдар. Бізді көрсе, еске алып, әкеміздің жақсы міңезін айтып, жұбата алады. Бұл да анық көрсеткіш деп түсінуге болады.

«Яблочко от яблони» демекші, әкемізге үқсан, өзім де тарихпен айналыстым. Оның ғылымға көзқарасы сондай терен, жақсы болған сон, ғалымдар туралы «Жизнь замечательных людей» сериялық кітаптар үйде көп табылатын, оларды жас кезімізде оқып, үлгі алатынмын. Софья Ковалевская, Мария Склодовская-Кюри, т.с.с. Ғылыми ізденіс, космос әлемі, атом табиғаты, жүйе түрде ойлау қабілетіміз қалыптасқынына осындай кітаптар көп әсер етті. Және А나шым бір кезде қалалық мектепте кітапханаши болып істеп жургенде, жақсы оқулықтарды маған оқысын деп әкелетінсіз. Сондықтан анашым менің ғылыми-әдістемелік бапкерім болдыңыз деуге де ھұқым бар. Эрине, Ана өз баласын тек жақсыға баулиды. Тамақ пісіру, іс тігу, сәнді, таза жұру де анашымыз көрсете білдіңіз.

Әке-шешеміз табиғатты ерекше сүйетін: қолдары бос болғанда, қала сыртында «Учитель» серікtestігінде шағын, әкеміз өз қолымен салған дачаға баратыңбыз. Қokenістерді өсіру, суару, жидектерді жинау бала кезден бізді осындай жұмыстарға үйреткен. Ауылға



бізді жиі апарып, көбінесі жазда, мектепте каникул басталғанда Ынтымақ ауылына, ата Мұқан – апамыз Фалияның үйінде жаз айларымыз өтетін. Ауасы таза, ормандары жидекке толы ауылымыз, адамдары қандай ашық, ақкөніл, үйымшыл! Осындай жақсы орта, жас өспірімдерге нағыз табиғи мектеп болуға әбден лайық болды, әсіресе салт-дәстүрді тану-білу, ана тілімізді құрметтеуге, тұған-туысқандармен қарым-қатынасты үзбеуге.

Достық. Сіздердің достарыңыз әлі де бізben байланыста, ақыл айтып, жол көрсетіп, ақ баталарын беріп жүр. Аман болсын олар да, ұрпақтары да. Әкеанашым достықты өте құрметтіңіз, үзбей сырласып, жаңалықтарын біліп, қуаныштарымен бөлісіп, қайғыларына ортақ болып жүрдіңіз. Достарыңыздың суреттері альбом болып үйде тұратын, телефондары өзгерсе де әкеміздің кітпашаларында жазулы болатын. Дос десе, ішкен шайын жерге қойып, әкеміз гостиница-вокзал-автобус болсын, өзі барып қарсалатын. Дәм татқызып, көңіліндегісін актарып, ақылын айтып, көмегін беріп, қолдан. Мектеп-студент кезінен достарыңыз қандай! Достыққа берілген, әрдайым өз жұмыстарымен абыройлы, халыққа танымал, бетке ұстар азаматтар мен азаматшалар! Сіздерге қарап, біз де өстік, ұмтылдық, үлгі алдық. Сіздердің немере-шөберелерді өсіруге ықыласпен көмек бергеніңізді ешқашан ұмытылмайды.

Осындай мықты отбасында дұрыс тәрбие алдық деп өзім ойлаймын. Әрі қарай біздің балаларымыз, кейінгі ұрпақ, ыңтымағы мол Мұқановтар отбасылық иігі дәстүрлерді ықыласпен жалғастыра алады деп сенімдемін.

**Мұтанов Ғалымқайыр Мұтанұлы,
КР УА академигі, Солтүстік Қазақстан
облысының Құрметті азаматы**

Жеделхат

«Қайролла ағамыз иманды болсын! Өте білімді, қайырымды адам еді, жақсы үрпақ тәрбиеледі. Есімі, жасаған жақсы істері елдің есінде сақталады. Өмірдің заңы – ешкім мәңгі жасамайды, адамдарға жасаған жақсылықтарымен үрпағымен мәңгі жасайды! Үрпағы аман болсын».

06.07.2020 жыл

БІЛІМ САРДАРЫ

«Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер» – деп ұлы Абай айтқандай, өмір жолы деген жаһандық көште ел ағаларының үлтүміздың дамуында алар орыны ерекше болып қалмақ. Әр өңірдің келбетін айқындайтын, сонымен қатар болашағына ерекше ықпал ететін қауым, ол ел ағалары. Осындай тұжырым, ол әр уақытта еліміздің бірнеше аймағында (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, облыстары, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында) қызмет атқарған кезеңдердегі жинаған өмірлік тәжірибелінің жемісі деп ойлаймын.





Мен 1995 жылы Қызылжар қаласында ректорлық қызметкес кірісken кезде, алғашқы күндердің бастап, жергілікті ел ағалары – Ніл Адғамұлы Болатбаев, Мәжікен Ғаббасұлы Ғаббасов, Қаттай Бектасұлы Кеншінбаев, Жақсылық Ғабдуллаұлы Искаков, Қайролла Мұқанұлы Мұқанов, Қосыл Абдрахманұлы Омаров, Мұтәлләп Мұхамадиұлы Қанғожин, Шаймұрат Сұмағұлұлы Сұмағұлов, Мәлік Жақыпұлы Мұқанов сияқты алдынғы толқын, сол ағалардың ізін басқан, кейінгі буын Құдайберген Қалиұлы Қалиев, Қабдырахым Өксекбайұлы Жақыпов, Сайлау Ғаббасұлы Өтеев сынды өнірдің сыйлы азаматтарымен жақын қарым-қатынаста болғанымды өзіме зор мақтаныш тұтамын. Мына қелтірілген ұзак тізімде кейбір ағаларды атамай кетсем, кешірім өтінем. Бірақ, осы ағаларды атай отырып, Солтүстік өнірдегі барлық ел ағаларына өз күрметімді жеткізгім келеді.

Ол уақыт егемендігіміздің алғашқы жылдары еді. Жасыратыны жоқ, Қазақстанның тәуелсіз ел болып қалыптасуына күмәнмен қарағандар болғаны анық, әсіресе терістік өнірде. Ел ағаларының көп ұлтты жергілікті халықтың арасындағы биік абыройы, парасаттылығы, елге жасаған ерекше еңбектері тәуелсіздігіміздің нығайуына көп септігін тигізді. Солтүстік Қазақстан университетінің қарыштап дамып, аймақта руханият орталығына айналуына ел ағаларының қосқан үлесі зор. Университеттің халықтың арасындағы биік абыройының белгісі- осы уақытқа дейін өнірдегі бірден-бір, жалғыз жоғары оқу орыны болуы. Болашаққа сенім, адами құндылықтарға негізделген таза орта қалыптасуына сол ағаларымыздың еңбегі ерекше болғанын айтуда қажет. Соның бір көрінісі ретінде, айрықша мысал, жеті жыл ректорлық қызмет



уақытында менің атыма, немесе маған қатысты бірде бір домалақ арыздың болмағаны. Мен үшін Солтүстік Қазақстан облысы тумасам да, туған өлкем болып кеткен өнір.

Өкінішке орай, қазір сол ағалардың біразы ортамызда жоқ. Уақыт өте айтарым, олардың әрқайсысы слім, жерім деп өткен, тәуелсіздігіміздің негізін қалаған ұлттымыздың ардақты азаматтары, өмірде жас үрпаққа өнеге болған азаматтар.

Мен үшін, ерекше сыйлайтын сол ағаларымның бірі Қайролла Мұқанов ағамыз еді. Қайролла ағамыз бар ғұмырын білім саласына арнаған тұлға. Солтүстік Қазақстан облысының шалғай ауылында өмірге келіп, орта мектепті үздік аяқтап, қара шаңырақ Қазақ ұлттық университетіндегі жоғары білім алды. Еңбек жолын ауыл мұғалімі болып бастаған Қайрекен, бар өмірін ұстаздыққа арнады. Қажырлы еңбек, білім мен біліктіліктің арқасында қатардағы мұғалімнен облыстың білім басқармасының орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Солтүстік Қазақстан облысының білім саласы жақсы дамып, қазіргі уақытқа дейін жақсы санатта болуына құрметті ұстаз Қайролла Мұқанұлының еңбегінің зор үлесі бар. Осы орайда атап өтетін бір жәйт, Кеңес заманында Солтүстік Қазақстан облысы ең көп Ұлттық академия мүшелері шыққан өнір. Академик-жазушылар Ғабит Мұсірепов, Сәбит Мұқанов, әлемге танымал ғалымдар – Евней Букетов, Мұрат, Нагима Айтхожиндер, арамызда жүрген ардақты ағаларымыз Зейнолла Молдахметов, Еренғайып Шайхутдинов, Аманжол Қошанов, Ораз Баймұратов, т.б., барлығы он бестен адам осы облыстың тумалары.



Қайрекең өмірінің соңына дейін ұстаздық, ағартушылық жұмыстан қол үзген жоқ. Ол Ғалым Қадырәлі ағамызбен бірігіп өлкенің тарихын зерттейтін «Асыл мұра» ғылыми-зерттеу орталығын құрды. Өңірдің терең тарихын, ұлы тұлғаларын насиҳаттап, жариялада көпшілікке жеткізуге ерен еңбегін сіңірді. Облыстық энциклопедияның шығуна ат салысып, 80 нен астам құнды мақалалар жариялады. Тәуелсіз елдің жаңа тарихын жазуға өз үлесін қости, жиырма төрт кітаптын авторы.

Өзі өтсе де, адамның атын өшірмейтін елге жасаған жақсы істерімен қатар, оның дұрыс тәрбие берген үрпақтары. Қайролла Мұқанұлы, Күлзаги жеңгемізбен жақсы үрпақ тәрбиелеп өсірді. Осы жан-ұяның қызы Гүлнар Қайроллақызымен Солтүстік Қазақстан университетінде, кейін әл-Фараби университеттерінде қызметтес болғанда өз балаларының тәрбиесіне көп мән бергеніне көзім жетті. Гүлнар Мәскеу шығыстану институтының тулагі, өте білімді, өз ісінің маманы, ұлтжанды. Әкесінің жолын қыуп, ұстаздық қызметті тандаған жан. Қайрекең сияқты облыстық білім басқармасын басқарды, қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің белді профессоры, халықаралық «Айқап» журналының жауапты редакторы.

Алдағы жылы Қайролла Мұқановтның туылғанына 90 жыл толмақ. Мерейтой қарсанында Қайрекең сияқты елге еңбегі сіңген азаматтарды еске алып, оларға құрмет көрсету, көзін көрген, еңбегін білген адамдарға парыз. Иә, уақытпен бірге өмір көші жағаса бермек, ешкім оны тоқтата алмайды. Бірақ, сол



көште алдыңғы толқын ағалардың игі істерін келесі үрпаққа аманат етіп отырсақ, келешегіміз кемел болмақ.

Нәсиев Қажымұрат Нәсиұлы
Еңбек ардагері, КР оқу ісінің үздігі,
СҚО Мамлют ауданының құрметті азаматы

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Адамзат тарихында күні бүтінге дейін үш мыңға жуық кәсіп-мамандық бар екен. Осы мамандықтардың ішіндеңгі ең қасиеттісі, мамандық атаулының атасы – мұғалім мамандығы дер едім. Осы қасиетті де, қадірлі, абырайлы да, жүгі ауыр мамандыққа қырық жылдан астам саналы ғұмырын арнаған Қайролла ағамызды ұстаздардың ұстазы дейміз.

Екі дәуірді, екі жүйені көрген Қайролла ағамыздың өмір жолы қындықтарға толы болса да, бір адамның басына берілетін бақытты өмір кешкенін айтамыз. Сонау өткен ғасырдың 30–40 жылдарында Қазақстанда «Кіші Октябрь» жасамақшы болған Голощекиннің кесір саясатының нәтижесінде болған аштықтың салдарынан, қазақ халқының басына түскен зобаланды, қырғын-сүргінді балалық жүргімен анық сезінбесе





де, ата-анасының, ағайын-туыстарының тартқан зардабын бірге бастаң кешірді. Кейін Ұлы Отан соғысы деп аталатын ауыр кезеңді өз қатарластарымен егіс даласында өгіз жетектеп, масақ теріп жүріп өткізді. «Бәрі де майдан үшін, Женіс үшін» деген ұранымен жастайынан оқуын еңбекпен ұштастыруды.

Өзінің «Өмір белестері» деген кітабында кеңестік дәүірдегі қыыншылыққа толы балалық шағы туралы тебірене жазады. Сол кезеңнің қыындықтарға төтеп беруге, алдына қойған мақсатына жетуге, шыдамды болуға, адамдармен тез тіл табысуға, қыын жағдайда жора-жолдастарға, ағайын-туысқа қол ұшын беруге үйретіп тәрбиелегенін айтады. Алғашқы қыындығы Ынтымақ деген туған ауылында қазақша бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басталған еken. Ол кезеңде біздің өнірде орта буынды қазақ мектептері жоқтың қасы еді. Өз ана тілінде қазақша оқуды жағастыруға мүмкіндік болмағандықтан, амалсыздан Дмитриевка селосында орысша оқуға баруына тура келеді. Дмитриевка селосы тарихта азамат соғысымен, тап күресінің шиленісуімен аты шықкан еді. Орысша білмейсің деп, Қайролла ағамызды төртінші сыныптан екінші сыныпқа төмендессе де, оқуға деген ынта жігері оны мойытпай, өзінен төмен балалармен қатар оқуға тура келеді. Намысқа тырысып, өзінің зеректігі мен табандылығының арқасында орыс мектебін күміс медальға бітірген Қайролла ағамыз КазГУ-дің тарих факультетіне оқуға түседі.

Туған жерге деген сүйіспеншілігі, оған қызмет ету, еліміздің болашағы – жас үрпақты тәрбиелеуді армандаған ағамыз алғашқы ұстаздық жолын туған елінде бастауды жөн көреді. Қатардағы мұғалімнен оқу ісінің менгерушісі, одан кейін мектеп директоры



қызметіне дейін көтерілген Қайролла ағамыз ұстаздық жолдың барлық сатысынан өтіп, мол тәжірибе жинайды. Кеңестік кезеңді біз кей уақыттарда шымқай қарамен жазамыз, бірақ та сол кезеңнің кейбір іс-тәжірибелерін бүтінгі күнге дейін қолданатынымыз бар. Әсіресе, кеңестік партиялық саяси идеологиясының мықты, жүйелі болуы. Сол кезеңдегі ата-әжелеріміз бен аға-апаларымыздың рухының биіктігіне, олардың социализм идеясына беріктігіне бүтіндері қайран қаласың. Ең бастысы барлық билікті қолға алған коммунистер партиясының идеология, шаруашылық-мәдени салаларда қатаң тәртіп орнату арқылы, партиялық бақылаумен, әсіресе кадр мәселелеріне қатты көніл аударуын жоққа шығаруға болмайды.

Облыстық партия комитеттерінде арнаулы ғылым және білім бөлімі болды. Аудан, облыстағы білім саласының басшылық кадрлары партиялық бөлімнің елеушісінен өтетін. Ұйымдастырушылық қажырлы енбегімен көзге түсken Қайролла ағамызды обкомның ғылым және білім бөлімінің келісімімен облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары қызметіне тағайындалды. Қайролла Мұқанұлы қыындығы мол, осы жауапты қызметті жиырма төрт жыл бойы үзбей атқарды.

Қайролла Мұқанұлы солтүстік өнірдің білім саласының дамуына ұзақ уақыт бойы еңбек еткен, бірден-бір басқарушы деп айта аламын. Қайролла ағамыздың облыстық білім саласына басшылық қызметке келу уақыты қазақ ұлтының сана сезімінің ояна бастаған, рухани ояну кезі деуге болады. Ақын Олжас Сүлейменовтың «Азия» кітабының жарыққа шығуы тарихи танымымызды өзгертіп, бұрыннан бері түркі жұрты,



оның ішінде қазақ тарихына қатысты соны, тың пікірлер айтылып, оған қарсы шовинистік көзқарастағы кеңес тарихшыларының Олжасқа шабуылы басталған уақыт еді. Бір сөзben айтсак, ұлттық мәдениет пен білімге деген кеңестік саясаттың бағытына жарықшақ түсіп, қалың орысы бар біздің өлкеде қазақ мектептерінің жағдай, оның материалдық базасын көтеру мәселелері партия және кеңестік үйымдардың жиналыстарында күн тәртібіне қойыла бастады. Қоғамда басталған осындай демократиялық лептің сезілу кезеңінде Қайролла Мұқанұлы тарапынан қазақ мектебінің басшылары қолдауға, көмекке ие болды. Кеңестік құйтырқы ұлт саясатының қызындығына қарамастан, ұлттың болашағы – жастарды тәрбиелейтін ұлт мектептерін дамыту, оның сапалы кадрлық құрамын қалыптастыру жұмыстары Қайролла Мұқанұлының басты назарында болды.

Кеңестік дәуірдегі қазақ ұлттының дамуына жасалынған қастандықтардың бірі «совет халқын қалыптастыру, оның біріңгай тілі – орыс тілі болу керек» деген жоспарды іске асырудың нәтижесінде ұлттық мектептер жабылғанын білеміз. Осы жайды нақтылад мысалмен, дәлірек айтсам, өткен ғасырдың 70–80 жылдары Бескөл ауданындағы (қазіргі Қызылжар ауданы) үш қазақ ауылды болған еді. Олардың ішіндегі тұрғындар саны жағынан үлкені Бостандық ауылды еді, аудандағы жалғыз қазақ мектебі жетіжүйлдық, кейіннен сегізжүйлдық мектеп болды, ал көрші Ушкөл-Торбие (Кеңес Одағының батыры Әбу Досмұханбетовтың туған ауылды, кезінде «оңтайландырып» таратылды, орыс селосына қосып жіберген) және Бексейіт ауылдарында тек бастауыш мектеп болды. Екі ауылдың балалары Бостандық мектебіне

қатынап, ағайын-туыстардың үйіне жататын немесе пәтер жалдап оқитын. Өткен ғасырдың 70-жылдары жаңа «Андреев» совхозы құрылып, онда жаңа типтік мектеп салынына байланысты, «оңтайландыру» саясатынан арылмаған кеңестік басшылық Бостандық мектебі оқушыларын орыс мектебімен қоспақшы ойда болды.

Осындай қын-қыстау кезеңде облыстық білім басшысы Қайролла Мұқанов ағамыздың тарапынан біз қолдау тауып, туған ауылымызда қазақ мектебін сақтап қалуға мүмкіндік алдық. Сондай-ақ, ауыл балаларының 100 шақырым жердегі облыс орталығындағы жалғыз қазақ мектеп-интернатына азаптанып бармауы үшін, Бостандық ауылында арнаулы мектеп-интернат ашылып, қосымша гимараттың салынуына Қайролла ағамыздың көмегі тиген еді. Ушқөл, Бексейіт ауылдарының оқушылары осылай қындықтан құтылып, жайлы интернатта тұрып оқытын болды.

1991 жылы тәуелсіздік таңымен қатар, Бостандық ауылында жаңа типті 160–180 орынға шақталған мектеп ғимараты пайдалануға берілді. Талай рет осы жаңа мектептің материалдық-техникалық базасын жинақтап қалыптастыру үшін (сол кезеңде «Глобус» деген арнаулы жабдықтау дүкенінен кедергісіз уақыт үнемдеуде) Қайролла ағамыздың көмегін көп көрдік. Қайролла Мұқанұлының біз сияқты облыстағы қазақ мектептерінің дамуына, қалыптасуына жасаған баға жетпес еңбегін айту біздің бүтінгі парызымыз.

Ендігі бір айтарым, кадр саясатындағы озбырлықтың болуы, қазақ ұлты өкілдерінің мемлекеттік қызметте екінші қатарға ысырылуы, мемлекеттік қауіпсіздік өкілдерінің қатаң бақылауында болуын Қайролла ағамыз да өз басынан өткізді. Кеңестік



кезенде мемлекеттік органдарда негізінен бірінші басшы «ұлы халық, аға» ұлт өкілдерінен болуы заңмен бекітілмесе де, іс жүзінде тапжылмастан орындалды. Білімі жағынан болсын, адамгершілік қасиеттері жағынан болсын, халықпен жұмыс істеуде де, орысша, қазақша екі тілге де жетік болса да әріптерестерінен бір-саты жоғары тұрған Қайролла Мұқанов ағамыз ширек ғасыр бойы облыстың білім басқармасы бастығының орынбасарынан жоғары лауазымдарға көтерілмеді. Бұд жағдай ағамыздың мансап қууды басты мақсат етпегенін көрсетеді. Осындай мысалдар сол кезендеңі кеңестік кадр саясатының әділетсіздікке жол бергенін көзге ұрып көрсетіп тұрады. Осы жылдары мол тәжірибесі және әрқылы мінездері бар В. И. Сакун, И. И. Тимошенко, В. Е. Загареев, В. Н. Крайнов сияқты жиі ауысқан бастықтармен бірге жұмыс істеп, үнемі олармен тіл табысып, сол кезендеңі білім жүйесінің қызындықтарын бірлесе шешіп отырғанын білеміз. Көбіне оқыту, тәрбие беру мәселелеріне қатысты шешімдерді тікелей бастықтар емес, тәжірибесі мен білімі мол орынбасары Қайролла Мұқанұлының қабылдаған құндерін жүртшылық жақсы біледі.

Өзінің турашыл, адал мінезімен Қайролла ағамыз жағымпаздануды білмейтін, тамыр-таныстыққа жол бермейтіндігімен көзге түсетін. Қарамағындағы әріп-тестерінің еңбегін әрқашаңда әділ бағалай білді. Кадр мәселесін таңдауда өзіндік көзқарасы болды, ұлттық кадрларды тәрбиелеуге баса назар аударып отырды. Облыс қөлемінде көзге түскен тәжірибелі мамандарды облыстық білім бөліміне арнаулы таңдайтын Қайролла ағамыздың көзінے түскен сондай азаматтың бірі – Петропавл пединститутының түлегі Сағандыков Асхат Өмірзакұлы еді. Ол Ақтас ауылында орыс



тілінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Кеңес дәүірінде қазақ ауылдары мектептерінің оқу-тәрбие жұмысы, материалдық базасы бес жылда бір тексеріліп тұратын. Осындай тексеріс барысында, білімділігімен көзге түскен Асхат Сағындықовты Қайролла Мұқанұлы өз қасына алдырып, білім басқармасының инспекторлығына ұсынады. Шын мәнінде Асхаттың педагогикалық білімінің терендігін, орысша, қазашаға жетік, өлең жазуға машиқтанатынын мен жақсы білетінмін. Біз Асхатпен бес жыл бойы студенттік өмірде бір жатын бөлмеде бірге тұрған едік. Бірде облыстық білім басқармасына жұмыспен бара қалдым, ол кезде мен Бостандық ауылы, Бескөл ауданындағы жалғыз қазақ орта мектебінің жас директоры едім. Ауданымыз облыс орталығына өте жақын болған-дықтан білім басқармасына жиі соғамыз. Осындай бір кезекті шабыста білім басқармасындағы Асхат Сағындықовтың кабинетіне мектеп мәселесі бойынша ақылдасу үшін барған едім, бөлмеге Қайролла ағамыз кіріп келді. Мен болсам, оқыстан кірген адамды көріп, ыңғайсызданып қалдым, себебі жұмыс уақыты ғой, «не қылып жүрсің», – деп айта ма деген ой келді. Бірақ, Қайролла Мұқанұлы сабырлы қалпымен маған жымия қол созып амандақаннан кейін, аудандағы қазақ мектебінің жағдайын егжей -тегжейіне дейін сұрап болғаннан кейін, «Сіздің мектебіңізде қазақ тілінің жақсы маманы бар дейді, ұмытпасам Нұрмұқанов Орынбай Аманбайұлы деген мұғалім, өзінде кадр мәселесі жеткілікті болса, біз оны қазақ мектептерін бақылайтын инспекторлыққа бекітер едік», – деп бірден ұсыныс жасап, кейіннен Нұрмұқанов Орынбайды жұмысқа орналастырды. Болашақта қазақ мектептерінің санын облыс бойынша



арттыруды көздеген Қайролла Мұқанұлы осылайша білім саласының ұлттық кадрларын қалыптастыра бастады, кейіннен облыс орталығында қазақ мектептерінің саны көбейгенде, бұл саясаттың жеміс бергенін көрдік.

Қайролла Мұқанов ағамыздың: «Мектептегі оқушылардың білім сапасын жақсартқың келсе, ең алдымен өз туған ауылыңнан шыққан кадрларды дайындаудың керек, ол үшін мектебінде ұстаздық бағыттағы кәсіби бағдарды тоқтаусыз жүргіз, жоғарғы педагогикалық оқу орындарына түскен мектеп түлектерін елге қайтарумен айналыс», – деген ақыл кеңесі осы күнге дейін құлағымда. 1972–1990 жылдары Бескөл ауданындағы Бостандық орта мектебінің педагогикалық ұжымы тек өзінің мектеп түлектері арқасында толықтырылып отырды, бір ерекшелігі, ер мұғалімдердің үлесі басым болғанын айтуға болады, бұл жас буынның ер мінезді болып тәрбиеленуіне қажет нәрсе еді. Кейіннен Бостандық мектебінің тек жергілікті өз кадрларымен толықтырылуы өзінің жемісін де берді, мектеп жоғарғы оқу орындарына түсіү және ҰБТ қорытындысы бойынша республиканың үздік ондық мектебінің қатарынан көріне білді.

Қайролла Мұқанұлы зейнетке шыққаннан кейін облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдіскер болғанда және облыстық мұражай жанынан өлкетану жұмысы бойынша «Асыл мұра» зерттеу орталығында жұмыс істегендеге ақыл-кеңес алуды, байланысымды тоқтатқаным жок.

Қайролла Мұқанұлының облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдіскер болған кезі облысымызда кеңінен ашылып жатқан қазақ мектептерінің тарихшы ұстаздарына мол көмегін берді,



себебі тарих пәні бойынша қазақша жазылған әдістемелер аз еді. Осы жағдайды ескерген Қайролла ағамыз арнаулы орысша-қазақша тарихи сөздікті құрастырды, қосымша өлкетану материалдары мен сабакқа пайдалануға қажетті әдістемелік сипаттағы мақалалары газет- журнал беттерінде жарық көрді.

Ұстаздардың ұстазы Қайролла ағамыздың зерттеушілік бейімділігімен қатар ақындық-жазушылық қырының болғанын да айта кету керек. «Асыл мұра» тарихи-зерттеу орталығын педагогика саласының ардагері Қадыралин Ғалым және ұстаз, әрі газет саласының маманы Жұмабаев Социал сияқты зиялыш қауым өкілдерімен бірлесе отырып, құрады. Шаң басқан архив мұраларын көз майын тауысып, мұқият ақтарып, көшпілікке белгісіз болып келген арғы бабаларымыз Қожаберген жырау, Сегіз Сері, Тоқсан би, Ұмсын сұлу сияқты, бергісі тенденсі жоқ ақын Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин, Евней Бекетов сияқты т.б. тарихи тұлғалар өмірінен сыр ақтарған кітаптарды жарыққа шығарады. Бір қызығы, қазақ классикасының алыптары Сәбит Мұқанов, Габит Мұсіреповтер солтүстік өңірдің тарихында ерекше із қалдырған қазақ қызы Ұмсын туралы кітап жазуды жоспарлаған, бірақ белгілі себептермен іске асыра алмаған. Қайролла Мұқанов көп ізденудің арқасында ағаларының ісін жалғастырып, «Ұмсын сұлу» туралы тамаша естелік тарихи кітап жазды. Кітапты оқи отыра, ағамыздың жазушылық талантына риза боласын, жан-жақты білімі кімді болсын, тандандырмай қоймайды.

Қайролла Мұқанұлы бастаған «Асыл мұра» қоры 30-ға жуық кітап шығарды, соның ішінде 20 шақты кітапты Қайролла Мұқанұлы өзі шығарып,



«ақтаңдақтарға» толы қазақ тарихының беттерін толықтырған, оның ішінде орыс тарихшыларының әдейі ұмыт қалдырып жазбаған, жасса да бүрмалап жазған солтүстік өнірдің тарихы қайта жазылып, жас буынға табысталды. Зерттелмей кенде қалған солтүстік өлкенің тарихын орыстілді зерттеушілер М. Бенюх пен М. Морозовтың аздаған сыңаржақты жеткіліксіз тарихи материалдарынан ғана білеміз. Петропавл педагогикалық институтының тарих-педагогика бөлімінде бес жыл оқыған кезде, тек соңғы бесінші курсында ғана Қазақстан тарихын арнаулы екі айлық курстық лекция аясында жедел оқыған едік. Тарих факультетінде оқып, өз тарихынмен толық таныспау дегенің нағыз кемісітушілік болды. Тек, Тәуелсіздіктің арқасында Қайролла Мұқанов, Ғалым Қадыралин, Социал Жұмабаев бастаған Қызылжар өлкесінің белді де, зиялды өкілдері солтүстік өлкенің толықтай тарихына жол ашты.

Қайролла Мұқанұлы ағамыздың өлкетану жұмысы біз сияқты қатардағы мектеп тарихшыларына үлгі болып, өлке, ауыл тарихын, шежіре жинақтау ісімен айналасуға түрткі болды. Ағамыздың қандай да тарихшы болмасын өз туған ауылдының, ата-бабаларының отан қорғау жолындағы, бейбіт өмірдегі ерлігін жас буынға үлгі етіп, рухы биік, ұлтжанды азамат болып есүіне қажетті мұра қалдыру қасиетті борышы деген ескертпесін тыңдаған өзімнің де «Ауылым – алтын бесігім», «Туған жерім – Ушкөлім», «Құтты мекен – Бексейіт» атты кітаптарым дүниеге келді.

Қайролла Мұқанов тарихшы-ұстаз ретінде шежіре жазу мәселесіне де көп көніл аударды. Солтүстік өнірді мекендерген, қазақ халқының, кейіннен ұлттың негізін құраған Керей, Арғын тайпалары, оның ішінде



Ашамайлы Керейдің Тарышы тармағы (Самай) рула-ры жөнінде кең материал-шежіре жинады. Тайпалық-рулық жүйені дәріптеу емес, керісінше тарихымызды түгендеуде шежіренің де пайдасы барын ұғындырыды. Міне, осы жағынан да Қайролла ағамыздың шежіре саласындағы еңбегі құнды.

Ұстаздардың ұстазы Қайролла Мұқанұлы Мұқановтың жас ұрпақты тәрбиелеудегі сінірген ерен еңбегі бізге үлгі, оның қаламынан туған тарихи-ғылыми зерттеу еңбектері бізге қалдырған баға жетпес мұра.

**Нұрмұқанов Орынбай,
халық ағарту ісінің ардагері**

МІНЕЗІ ЖІБЕКТЕЙ

Нам было интересно на уроках истории и обществоведения Кайроллы Мукановича, где освещались и возрождались события древнего мира, мифы и легенды. Это одухотворялось эрудицией учителя. Я до сих пор помню, что такое спартанское воспитание, лаконичный стиль, Фермопильский проход, кто расшифровал египетские пирамиды, как называли бога Солнца. Но важно было другое. Нас учили мыслить, проводить анализ исторических фактов, отыскивать движущие противоречия, сопоставлять исторические и нравственные оценки личности и событий. Насколько это сложно и неоднозначно, иллюстрирует, например, эпилог романа Л. Толстого «Война и мир», где он интерпретирует закономерности в истории и роль личности.

Позже я знакомился с работой Дайра «Развитие мышления на уроках истории» и осознал, насколько этим владел и грамотно применял сей метод Кайролла Муканович. Как философ, а начальной его специальностью была философия, он учил нас логике, аргументации при построении доказательств, умению защищать свою точку зрения. А как личность он учил нас активной жизненной позиции, ответственности за свое становление и результаты труда. Он сам окончил Марьевскую школу с серебряной медалью и университет с отличием.



Кайролла Муканович привил нам любовь к книгам. Конечно, детские книжки с картинками были для меня праздником и ранее. Но это уже было через книги приобщение к саморазвитию, к мировой культуре, к более глубокому постижению предмета. На его рабочем столе всегда были книги. Когда мы собирались на юбилее школы, он отобрал сам и посоветовал мне взять в подарок книги. И сейчас я передал своему лицею часть своей библиотеки.

Кайролла Муканович следил за нашими учебными успехами, направлял нас и сопереживал. Заинтересованно он читал наши сочинения, иногда давал им оценки, поощрял книгами за хорошую учебу.

В школе мне также нравилась математика и литература. Я выражал признательность за уровень подготовки Тимченко Марии Васильевне, Кротенко Нине Федоровне, Пановой Эльвире Ивановне. Это с них начинались и сегодняшние успехи моих учеников, их медали олимпиад, диссертации и отзывы ведущих вузов.

А позже у нас в лицее был организован факультатив по литературоведению, и я радовался его популярности и плодотворности. Он «зашагал» и дал нам трёх золотых медалистов республиканских олимпиад.

Школа задавала нам вектор развития и служила ориентиром. Здесь Кайролла Муканович стал моим наставником, помогающим строить наш лицей для одаренных детей. Многое из прежнего опыта оказалось плодотворным. Я уже глубже понимал, в чем мне повезло со школой, и чувствовал свой моральный долг перед учителями, которым многим обязан. Но моя признательность теперь должна была выражаться в том, что и своих учеников я обязан развивать учить



также пристрастно, как когда-то учили меня. Чтобы они переживали такие же эмоции, преодолевая начальную интеллектуальную беспомощность и испытывали радость творческого роста.

Формировалась теоретическая основа, трудолюбие и смыслообразующие мотивы учения. В таких педагогических удачах «зажигаются звёзды». Потом будут олимпиады, медали, гранты, родительское признание. Ученик «наш», когда воспринимает проблемы интеллектуальным вызовом и не отступает. Вооруженный методами, обобщая их на основе предшествующего опыта строит и находит пути их решения. Так строят себя, начинается творческое горение и саморазвитие. Рождаются общие эмоции, оправдывающие и вознаграждающие нам труд.

Нужна ещё творческая атмосфера во всей школе, коллектив профессионалов – личностей, понимающих, в чём наша миссия и оценивающих её через судьбы выпускников. Внешние признания, медали олимпиад и другие успехи учеников, которыми мы гордимся, – это уже производное. Хотелось сказать о другом. То, что в нашей судьбе на этапе становления были такие люди, как Каролла Муканович имеет продолжение и ещё скажется на достойном будущем, о котором мы мечтали. Значит есть преемственность, и их труд служит залогом того, что жизнь продолжается в прогрессивном направлении.

Для меня Кайролла Муканович был не только учителем, директором, наставником, но и взыскательным судьей. Я нередко оценивал себя глазами тех, кто выпускал нас в жизнь. Оценка наставников продолжала присутствовать в нашем жизненном выборе и на перипетиях судьбы. Своей активной жизненной



позицией он продолжал оставаться для нас ориентиром. Он руководил школой, в атмосфере которой формировались личности, мотивы творческого роста, нравственные ценности и интеллектуальный потенциал, помогающий продолжить своё развитие и стать успешными в жизни.

Продолжением Муканова-педагога в последующие годы стало его призвание служить задаче осуществления преемственности поколений, удержания ценностей уходящей эпохи. Эпоха сменилась. И вот уже новая с других позиций даёт оценку нашему времени и нашей жизни. Эта оценка далеко не всегда справедливая, часто диктуемая конъюнктурой, влияет на выбор следующего поколения, на будущее. Становится актуальным раскрыть ценное в уходящем. В этом Кайролла Муканович видел предназначение и следовал ему. Через архивные материалы, свидетельства конкретных людей, воссоздание судеб реконструируется и глубже постигается эпоха, её неслучайности. Какой нравственной мощью располагает само бытие, и как в этом история смыкается с искусством. Эта нравственная мощь состояла в упорном неприятии такой действительности, которая деформирует и нивелирует личность, выражающие волю народа. Сколько их, принимая вызов времени и сделав свой нравственный выбор, сознательно пошли к трагическому финалу! Если они, не получив должной оценки, будут забыты, нас ждёт другое будущее. Вспомним Магжана Жумабаева, Ахмета Байтурсынова, Сакена Сейфуллина, Магжана Жумабаева, Аблая Рамазанова. Жизнь этих людей должна питать наши нравственные истоки, значит это – достояние нации. Ради этого Кайролла Муканович не жалел сил, работал в архивах



Петропавловска, Омска, Тобольска. Потом рождались его книги и статьи.

Приведу сравнение. Какую нравственную силу народа олицетворяет Абай! Но чтобы его личность и жизнь были достойно представлены понадобился огромный и кропотливый труд Мухтара Ауэзова, оцененный Ленинской премией. Неслучайно его книги об Абае – достояние всемирной литературы.

Я не раз убеждался в том, что личность Кайроллы Мукановича знают и уважают во всей республике. На учительском съезде мы встречались с бывшим министром образования Балахметовым Кожахметом Балахметовичем. Узнав, что я ученик Муканова, он дал очень хороший отзыв о нем и назвал соратником. Было понятно, что он знает многие работы его. На конференции в Карагане вспомнили его основателя – Евнея Арыстановича Букетова, нашего выпускника Марьевской школы. Живой интерес вызвало то, что он был не просто земляком, мы были завучами одной школы с интервалом в 27 лет. Он был научным руководителем моей одноклассницы Абильтаевой Ажар, ставшей лауреатом Государственной премии. В Караганде с глубоким уважением относятся к Евнею Арыстановичу и с почтением вспомнили автора публикаций о Букетове Кайроллу Мукановича, за которую он был удостоен медали в 2003 году. Брат Евнея Арыстановича пригласил нас в музей и подарил его книгу «Границы творчества».

Приятно было слышать отзывы о Муканове К. М. и его работах от директора ИПК г. Караганды Катаева Сабита Сеитовича, от других участников конференции.

Своими трудами Кайролла Муканович оставил о себе достойную память. В них живёт то, что нам



завещано сохранить. Определив свое предназначение, он осуществлял его, являя собой пример достойного служения будущему и назначению человека на Земле.

**Сағындыков Болат Мағазұлы,
Еңбек ардагері**

ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНҰЛЫНА



Қайролла ағай қажымаған еңбекқор,
Сінірген елімізге еңбегі зор.
Қай қызметте болса да үлгілі еді,
Өмірінде өткерді зерделі жол.

Көп жылды өтті білімнің саласында,
Бергені шәкірттердің санасында.
Еңбегі ескеріліп қызметтегі,
Алды ғой лайықты бағасын да.

Ұшқыр еді қаламы ағамыздың,
Желіген жүйрігі еді арамыздың
Терең ойын ұтымды жеткізетін,
Ең үздігін алатын бағамыздың.

Тарихты тереңінен қазатұғын,
Кезеңдерін ең келісті жазатұғын.
Рухани жаңғыруды бірінші боп
Жазудан бәрімізден озатұғын.

Қоғамның өткен талай қайраткері,
Ұмытылып қалғандар көптен бері.
Қайрекенің талабы арқасында,
Жарық көрді әйгілі еңбектері.

Он жыл бойы науқасқа болмады ол,
Күш – жігерін зерттеуге жолдады ол.
Өлкө тану бағыты еңбегімен
Терең қазып жазумен қолдады ол.

Ағамыздың еңбегі ұлан ғайыр,
Бүтінгі болмысымыз толып, байыр.
Әлеуметтік өмірді саралайтын,
Шығармашылық жолдары айыр-айыр.


Артында айқын жатқан ізің қалды,
Жазылған құнды-құнды сөзің қалды.
Аз емес шығармашылық жемістерің,
Сөнбейтін көрегендік көзің қалды.

Жайлы болсын қабірің қара нарым,
Білеміз жазарларың әлі барын.
Аруағың шат болсын білсін деймін
Есімізде мәңгілік сақталарың.



Салықов Қекімбек,
ақын, жазуышы, мемлекет
және қоғам қайраткері

ҚҰТТЫ БОЛСЫН 80 ЖАС



Қайролла, досым-құрдасым,
Сексенге жеттің алқынбай.
Жасай бер толық бір ғасыр,
Жеңер деп қарттық тартынбай.

Жүресің ойлы данаша,
Теруге білім ерінбей.
Мінезің сенің тамаша,
Еслідің самал желіндей.

Бауырмал өстік сыйлы бол,
Құмартып биік құздарға.
Бір жақсысы – құрдас бол,
Таласқан жоқпыз қыздарға.



Тәуелсіз бүгін елімде,
Жұлдыздың жанды аспанда.
Орандың құтты сенімге,
«Асыл мұра» төрін ашқанда.

Жұмысың көп, аз үйқын,
Сол ғадет жеңіп келеді.
Бабалар зерттеу тарихын,
Сендерге елім сенеді!

Ақ тілек айтсам көп болмас:
Әр таңды Алла қолдасын.
Құтты болсын 80 жас,
Ақсақалдық берік орнасын!

28.09.2012 жыл
Қызылжар қаласы

ПАРАСАТТЫ ҰСТАЗ, ҰЛТЖАНДЫ ҚАЙРАТКЕР

(К. М. Мұқановтың 80 жылдық мерейтойы
қарсаңында жазылған мақала)

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Қайролла Мұқановты Солтүстік Қазақстанда білмейтін адам аз шығар. Оның атқарған қызметін, қаламгерлік өнерін, ақындық таланттын, ғалымдық зерттемпаздығын айтпағанда, бір көрген жан жынысп қана күлім қағып тұрған үялшақ қыздай сүйкімді мінезін еске сақтап кетеді. Ел-жүртқа сүйкімді болып өту ол да үлкен бақыт. Өмірде бірге оқыған балғын достарым, кен



қазып, тас қопарысқан ер жүрек кенші достарым, ел бсқарып, ат жалын тартып мініп, кең жалғанды мол шарлағанда кездескен қанаттас жолдас-жораларымның ішіндегі зәуде бір кездесетін, зиба бойлы, зерен жұзді, жадынан зерек туған зиятты бекзат досым Қайролла дер едім. Сезімталдығы мол, мейірбандығы одан да зор, жан сырын дос жүрегіне жеткізе білер риясыз досым да осы Қайрекең.

Сол Қайрекемді көптен біліп, жасы кіші інім ғой деп өзіне сәйкес сыйлы да жылы қабақпен араласып жүрсем, «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» дегендей ол бір жылғы туған құрдасым болып шықты.

Менің Қайролланың жасын есептемей, сұрамай өзімше топшылап қана журуімде бір гәп бар. «Ол – туған жердің жақсы жігіті, жақсы досым», – деп таныстырыған бұл күндергі жақсы жігіті, жақсы досым», – деп таныстырыған бұл күндергі үлкен оқымысты академик Аманжол Қошанов болатын. Біздер: Ұәлиханов Шота, Аманжол студент кезімізді бірге өткіздік. Шота құрдасым, мектептес, сыныптас, парталас болса, Аманжолдың бізден кішілігі болды. Қайролламен бірге оқыдық дегеніне қарарап Қайролланы да Аманжолмен тетелес боар деп болжаппын. Бұл қателігімнің ешқандай кемістігі де жоқ, неге десеңіз, Қайрекең маған қарағанда әлдеқайда жас, қызыл шырайлы, қылышылдан тұрған жас жігіт сияқты. Бұрын биязылау, ұяндау, ұн деместеу көрінетін Қайрекем қазір ел ағасы болып, көш басында сөзге шебер, көненің көзіне зерек, тарихты білуінде еш мұлтік жоқ адудынды қайраткер екеніне көзім жетті.

Қайрекенің жан-тәніне анасының ақ сүтімен сіңген тәрбиелігі, тәртіпке тәуба етуі үлкен өміріне



қдайы азық, басты ұстанымы болды. Бір сөзбен айтсақ, тәлім мен тәрбиенің құлы болуы Қайрекенің үлкен қайраткер болуының темірқазығы дер едім.

Өміржолына көз салып байқап қарасак, қай кезеңде болсын тәрбиелілігі алған біліміне көріп отырады. Осының бәріне сүйкімді жүріс-тұрысы қосылып, өмір пәлсапасын ұғындыра тұсті, ақыл деген асқар шың қосылып, өзін үлкен тәлімген етті. Ол өмір бойы ұстаздық құрды, одан әрі өрлей келе ұстаздардың ұстазы – Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің менгерушісінің табаны куректей 23 жылдай орынбасары, алты жылдай облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдіскері әрі аға оқытушысы қызметін атқарады. Қазіргі сексен жасының 44 жылын оқу-агарту тәлімгерлік жұмысина арнады.

Түсіне білген адамға «ұстаздық құрған жалықпас» деп Абай атамыз айтқандай, «жалықпас» қажыр-қайраты әлі де мол Қайрекен бұр күнде Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының «Асыл мұра» ғылыми-зерттеу орталығында ғылыми қызметкер болып істейді. Осы күнгі бұл қызметі Тәуелсіздіктің берген бостандығының жаршысы, тоталитарлы керанау Кеңес идеологиясының тұрпайы бұрмалап, қазақ тарихына келтірген кеселдерінен ақиқатты аршип алуға зор үлес қосып отырған киелі жұмыс екеніне ешкім күмән келтірмейді. Мысалға Сегіз Сері (Мұхаммед-Қанафия) Бахрамұлы Шақшақовтай дауылпаз ақын, ақтангер ел қорғаушы кеменгер, Истатай мен Махамбеттің досы болып, майдандас тарихи өткізген дарабозды «болмаған адам» деп даңғаза көтерген жалақорларға нақты жауап беріп, соқыр көріп, саңырау естірдей етіп айқындалп берген де осы



«Асыл мұраның» қызметкерлері. Олар «Гауһартас-тың» авторы, ұлы композитор, үздік ақын Серінің екі томдық шығармалар жинағын дүниеге әкелді, көптеген әндеріне анықтама жасады. Ел ішіне ірткі салғандай жалақор дау-дамайдың басылуына себеп болар тасқа таңба басқандай тамаша деректерді үлкен зерттеушілік күшпен тауып, данышпан бабамыздың атын ақтап, ел-жүргіттан үлкен баға алды. Бұл сияқты ұлы істерге үлкен тәжірибесі бар, ұстаздық ақ пейілінің кір шалмас адалдығы бар Қайролла Мұқановтың күш қосуы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосылған зор үлес деп санаймыз.

Қайролла Мұқанов тамаша қаламгер, үлкен публицист, елге танымал ақын. Міне, осы өнері және де жоғарғы білімі бойнша тарихшы болғаны, бірер жыл философиямен айналысқаны осы күнгі «Асыл мұрада» атқарып жүрген қызметіне дайындық іспеттес көрінеді. Қайролла мен қызметтес, әріптестері Социал Жұмабаев, Таңат Сүгірбаев үшеуі үлкен ұжымның қызметін атқарып жүр. Солтүстік Қазақстан облысында қазақтар саны өзге үлттардан әлдеқайда аз болса да, ежелгі де, кешегі ұлылар мен ғалымдардың, дүлділер мен сал-серілердің сапалы саны жағынан өте биік ел. Серіз Серінің руы Керей, оның ішінде Ашамайлы, атақты Көшебеден тараған текті атасың ұрпағы. Үш жүзге аты әйгілі Толыбай сыншының 24 баласы болыпты. Ең кенжесі – Қожа берген жырау (1690–1712). Ал, сыншының сегізінші баласы Қарабастан жеті бала туған, үлкені – Асқан. Оның екі баласының үлкені Көшектен 12 туса, сегіншісі Серіз Серінің атасы Шақшақ екен. Гәп осы Шақшақ атасын да: «Орысша білім ал деп атам Шақшақ,



Оқытты төрт жыл мені ұстаз жалдал». – деп Сегіз Сері бабамыздың өзі айтқан екен.

Сегіз серіні Біржан сал ұстазымыз десе, Қожаберген жыраудың Бұқар жырау шәкірті болғаны анық. Ол әз-Тәуке ханның тұсында «Жеті Жарғының» озық ой мен сұлбасын дайындаған, негізін құрап, билер сараптауына ханның қолдауына ұсынған ерекше дарын. Тарихта «Жеті Жарғы» жеті бидің еңбегі деп аталса, сол жетеудің алғашқысы Қожаберген десек те қателік жоқ. Бұл пікірді академик Манаш Қозыбаев та қолдаған. Ұлы тарихшы дана жыраудың «Елім-ай» әні «мың тірліп, мың өлген» қазаққа сан ғасырлар әнұран ретінде қайғысы мен қасіретін бөлісіп, асыл арманға бастады. Ал оның «Елім-ай» атты дастанын оқығанда ондағы қолбасшылығын, ержүрек сардарлығын, ойшыл даналығын байқаймыз. «Кеуденде шыбын жаңың болса егер, Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын! – десе, тағы бірде: «Шәкіртім қайда екен Бұқар жыршы, Сөзіне оның халқым құлақ түрші», – дегени оның тек қана әскери қайраткер емес, мемлекет қайраткері, ұлт қорғаушысы екенін анық байқатады. Қожаберген бабамыздың атақ-даңқын осы өреде көтеру керек.

Ақиқатында «Елім-ай» қатардағы тарихи дастан емес, ол бір дәуірдің қазақ шеккен қайғы-шерін, одан есен қалған тірлік сирін айғақтаған эпикалық дария-жыры, қария-хаты. Ол шын мәнінде әз-Тәуке хан, Абылай хан, Бұқар жырау, Төле би, Әйтеке би, Қаз дауысты Қазыбек би қатарында аталатын ұлы тұлға. Жоғарыда айтылған зерттеушілердің ішінде Қайролла Мұқановтың болғаны қандай жақсы. Қайрекең әрі философ, әрі тарихшы майталман, оған



қоса үстаздық құрған – әділдіктің қорғаны екенін танытып жүр.

Қожаберген жыраудың «Баба тілі» атты дастанын зерттеушілер жеке кітап етіп шығарыпты, өте дұрыс жасаған. Бұл күнде ұлттымыздың тебіренісін тудырып, заман желісінің қазақ тілінің өркендеуіне кедергі шалыстары барша қазақты қатты толғантып отыр. Ойлап тұрсақ, қай заманда болсын тілін көл қорғаған қызығыштай қорып өткен ел екенбіз. Қожаберген жыраудың жаңа табылған еңбектерін «Баба тілі» жинағынан оқығанда Қызылжардағы «Асыл мұра» және белгілі заңгер Бекет Тұрғараев басқарған «Жеті Жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық қорының атқарып жатқан еңбектеріне сүйсінуім арта түсті. Осынау ұлы мұраларды инемен құдық қазғандай тे-ріп, ел игілігіне айналдырулары Тәуелсіздіктің тағы да бір асыл шарапаты деп білемін.

Сөз етіп отырған құрдас-досым Қайролла Мұқановтың осындай ұжымда тер аямай еңбек етуін мақтан етемін.

Ел тарихының әйгілі тұлғаларына арналған «Елтұтқа» (Астана, «Күлтегін», 2001) атты кітапты қолыма алғанда қаншалықты қуансам, ішінде Тәуке ханды (1626–1718) өте орынды паш еткенде, оның Бас қолбасшысы, саяси-құқықтық тәртіпті ел ішінде орнатудағы ең басты ақылшысы, орындаушы іздескері қазақтың ойшыл дана ұлы жырауы Қожаберген бабамыздың жоқтығы қатты қынжылтты. Сондықтан да К. Мұқанов, С. Жұмабаев пен Т. Сүгірбаевтың «Асыл мұрадағы» атқарып отырған қызметтері бүкіл Алаштың үрпағына қажетті іс деп түсінуіміз керек.

Қайролла Мұқановтың еңбек жолы жайлы біраз сыр шертіп, бүгінгі күндері «Асыл мұрада» атқарып



жүрген қызметіне де азғана тоқталдым. Әу-бастан оның қаламгерлігі, әсіреке әңгімелері, зерттеу мақалалары, бірнеше кітап болған шығармалары ақындықтан басталыпты. Алғашқы өлеңдерінің бірінде:

«Қара шашы көзді тартқан алыстан,
Қара көзі құн нұрымен шалысқан.
Кеше кешке мектепте бір қыз көрдім,
Өжет, қайсар, өткір сөзбен жанышқан»,

– десе, бұл да шындық, өйткені негізінде қой аузынан шөп алмас, қыз мінезді Қайроллаға өжет болып қыздардың бәрі де көрінген ғой. «Кеше кешке» дегеніне қарағанда, «ұн деместен үйдей пәле шығады» дегендей, өзінде де бірдеме бар ғой, каншама өжет болса да, сұлу қызбен кешке қарай кездесуі өткен күндерді елестетіп кетті. Ақындықпен өмір бойы айналыспаса да, қаламға деген алғысы маған ұнады: «Ойдан шыққан өткір сөзді найзадай, ақ қағазға түсіруден тынбайды» деп ғалым сүйген қаламға ерекше ықыласын білдіреді. Ойындағысын сонау алғашқы өлеңдерінде қаламы бұлжытпай түсіріпті. Бірақ, өлең деген ана сүтімен бойға сіңген бір дерпт қой, «қойып кеттім» дегеніне қаратпайды. Қайрекенің есейе келе де, ел жайлы, өмір жайлы дос-жарандарына, туған жер, ата-анаға арналған өлеңдері ақ қағазға түсे берді. Ақыры «Арнаулар» атты кітап болып Алматыдағы «Жібек жолы» баспасынан 2004 жылы жарық көрді. Әсіреке ана тілін қорғауға, дәріптеуге, уағыздауға арналған шумақтары көңіл көншітеді.

Өлеңді «тастап келіп» аз жазса да, қара сөздің шебері болып жаттығып, Солтүстік Қазақстан өніріндегі ардақты азаматтар туралы көптеген эссе, әңгіме,



мақалалар, зерттеулер жазып, Қайрекен ірі публицистік дәрежеге жетті. Алаш партиясының мүшесі, журналист, дәрігер, қазақтың асыл перзенттерінің бірі Жұмағали Тлеулин туралы жазғаны кеңестік тоталитаризмнен жәбір көрген ақтаңгер азаматтың бейнесін тұнғыш ашқан қаламгер болды. Қызылжарда орналасқан «Союзцелинвод» тресінің әйгілі баstryғы Қаттай Кеншімбаевтың өмірін солтустік өңірі түгіл, Корған, Тұмен облыстарының тұрғындары кеңінен біледі. Ол кісінің басшылығы кезінде бұл трестің су құбырларының ұзындығы Солтустік Қазақстан, Ақмола, Қостанай облыстарына тарады. Есілдің бойында қазіргі Сергеевка қаласының қасындағы тоған теңізге айналып, оның суы сонау Батыс Қазақстандағы елдерге де жетті. Су құбырларының ұзындығы бойынша бұл трест Гиннестің кітабына енген болатын. Елді ауыз суымен қамтамасыз етуде, ауылдарды абаттандыруда Қаттай аңамыздың еңбегі орасан зор еді. Қайрекенің кітабына ел алғысын молынан айтты.

Академик Е. А. Бекетовтың өмірі мен ғылыми, ақындық, жазушылық, ұстаздық ұлы ғұмырын ел ішіне жеткізуге Қайролла мол еңбек сінірді, ардақты жерлесіміздің атындағы сыйлыққа иегер болды һәм медәлін тағынды. Қаламгердің 2008 жылы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі туралы зерттеу кітабы жарық көрсе, қазірде сол кітапты толықтырып, ақтаңгер ақынның Алаштың ардақтысы, қазақтың сүйген ұлы екенін анықтай түсетін еңбегін аяқтады. Бұл кітап Мағжансүйгіш қауым үшін, бүкіл атам қазақ баласы үшін нағыз асыл мұра боларына сенім мол. Қайролла әріптесі Социал Жұмабаевпен бірігіп атақты Тоқсан бидің өмірі мен атқарған ел алдындағы әділ қызметі



туралы, Алаштың асыл ұлы Баймағамбет Ізтөлин жайлы үлкен еңбек жазды. Ал екеуіне марқұм Ғалым Қадыралин қосылып, үшеуі Сегіз сері Баһрам ұлы Шақшақовтың екі томдық кітабын ел қолына үлкен үлкен абыраймен жеткізді.

Қайролла Мұқанов өзінің негізгі атқарған қызметімен қатар көптен бері ел ағасы, ақсақалдық, қоғамдық жұмыстарды да үлкен бедел, биік абыраймен атқарып келеді. Ол Солтүстік Қазақстан облысының белгілі азаматы ретінде өзінің ағалық тәжірибесін аянбай, ақ ниетпен таратып жүр. Атап айтсақ, Қайрекең 1972–1995 жылдары халық ағарту ғылым істері жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ комитетінің президиумның мүшесі, облыстық атқару комитетінің жаңындағы байқау комиссиясының, облыстық табиғатты қорғау президиумның мүшесі болды. 1992 жылдан бастап осы күнге дейін облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, 1990 жылдан 2005 жылға дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамының тәрағасының орынбасары, 1995 жылдан осы күнге дейін облыстық Сәбит Мұқанов атындағы әмбебап кітппханадағы өлкетанушылар клубының мүшесі болып істеп келеді. Соңғы жылдары ол Петропавл қалалық ономастикалық комиссиясының мүшесі болды.

Осы аталған үлкен де жауапты жұмыстарға қоса Қайролла үлкен ғылыми зерттеушілік жұмысын үнемі жүргізіп отырды. Бұл орайда ұстаздық ыждағатпен Солтүстік Қазақстан облыстық, Алматыдағы Орталық республикалық және Омбы, Томск, Тобыл қалаларындағы мұрағаттарды қопарып, көптеген құжаттарды саралап, бірсыныра бұрын белгісіз болған құжаттарды жинағы. Сонымен қатар, өлкеміздің зиялды қарт адамдарымен сұхбаттасып, олардан да біраз тарихи



материалдар, естеліктер, шежіре жазып алып, жоғарыда аталған тарихтың актандактарын ашуға зор улес қосты. Қайролла досым атақты академик Манаш Қозыбаевпен де сырлас болып, зерттеу жұмыстарына үлкен бағыт алды. Академик пен ауылдағы қайраткер Қайролла досымыздың бұл игілікті ісіне сүйсіндік. Академик Аманжол Қошанов екеуміз бұл тамаша байланыстың үлкен жетістігіне шын жүректен қуанып, Манаш досымызды алғысымызды айтып жүрдік. Қайролла өзінің өте көнтерлі, тәрбиелі де тәлімді, кішіпейіл де мейірбан, сүйкімді мінезімен кімнен, қай жерде, қандай зерттеуіне керек деректерді алса да өмір бойы жалғасып, хабарлас, қанаттас дос болып кетіп жүрді. Тұрпайының қасы көп, сыпайының досы көп деп түйінделесем, Қайролла бұл сөзімді анықтауға мысал болды.

Жоғарыдағыдан атқарып жатқан қызметтеріңе, құрметті Қайреке, сәт тілеймін! Сексеннің сенгіріне жеткен мерейлі белесің құтты болсың! Сен қол босатпай ауыр жұмыс атқарып жүрсің, ол талабына бүкіл ел табыс тілейді. Сондықтан қартыққа жол бермей, «рыцарьлық» талпыныспен тоқсанның тоғайына қарай талпына бер! Құрдастығымыз да құтты болсын, мені жылдың басында туғандықтан Шота, Шерхан, Жақсылық, Нурғожалар аға деп жүреді, Қайреке, сен де сол баяғы биязы да сүйкімді інілігіңен тайма, асыл інім, көп жаса! Сөз соңында тағы да айтарым:

Өмір берген ардақты құрдастарым,
Сендер жайыл таусылмас жыр-дастыным.
Сенгіріне сексеннің жетіп қалдық,
90-ның да көрейік нұрлы аспанын!



— деп, арнау сөзімді аяқтамақшымын. Тәуелсіз еліміз ішкі даудан, сыртқы жаудан аман болсын, қарқынды үрдіспен алға баса берсін!

Сүгірбаев Таңат Айтмұқашұлы,
«Асыл мұра» орталығының жетекшісі,
Еңбек ардағері

ЕЛДІН ҚАЛАУЛЫ АЗАМАТЫ ЕДІ

Аяулы азамат, ұстаздардың ұстазы болған Қайролла ағамыздың дүниеден өткеніне де екі ай болыпты. Ол туралы естелікте оның жарқын бейнесін, білікті істерін толық қамти алмаймыз десек те, естегілер ескірмей түрғанда айтып қалу қажет секілді.

Қайрекең елінің абыройлы азаматы, өзі өмір сүрген қоғамның белсенді мүшесі болатын. Қандай қызметте болмасын, қай ұжымда жұмыс іstemесін, елінің болашағына енжар қарамайтын. Қоғамдық маңызы бар құбылыстарға міндетті түрде араласып, өзінің ой-пікірін ашық айтып отыратын. Оған өмірінің соңғы күніне дейін атқарған алуан түрлі қоғамдық қызметтері, қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша баспасөз бетіне жарияланған көптеген мақалалары, үлкен басқосуларда сөйлеген





сөздері куә. Облыста өткізілетін ғылыми конференцияларға жиі қатысатын.

Қайрекең үлкен азамат, абзал аға, жастарға жақсы қамқоршы болды. Ол әр уақытта кішіпейіл, қарапайым еді. Қандай қызметте болмасын өзінің лауазымын, үлкендігін пұлдаған емес. Үлкенмен де, кішімен де ортақ тіл таба біletіn. Мінезі өте салмақты, сабырлы, ұстамды еді. Жетістіктеріне асып тасыған емес, қыындыққа сасқан емес, өмір бойы бірқалыпты болды.

Білімді жас үрпақтарды тәрбиелеуге барынша үлес қосты. Өз өмірінен жарқын із қалдырды. Мәнді де мазмұнды ғұмыр кешті.

Қайрекенің жүргегінен орасан мол адамгершілік қасиеттер шуақ шашып тұратын. Ол адамдарды ұлтына немесе басқаға қарап бөліп-жару, өзінің қызметін бұлдан, тәкаппарсыну дегенді білмейтін.

Тағылымды ұстаз, тарихшы, өсу, ержету, есею, өміріндегі барлық кезеңдерді өлкеміздің даму жолына арнаған, білімі мен біліктілігі сай еңбек иесі. Қайрекең өмірінің өрнегін шын мәніндегі кісліктің келбетіне, еңбекқорлықтың ұлгісіне айналдыра білді. Сондықтан болар, оның ғұмыры – адамгершіліктің, зиялыштың, жауапкершіліктің, кәсібиліктің жарқын ұлгісі десем, артық айтқандық болмас. Ол өзіне сеніп тапсырылған қызметті елінің сенімі деп түсініп, орта мектептің директорлығынан облыстық оқу бөлімі бастығының орынбасары қызметіне дейін жоғарыладап, бар ғұмырын бір салаға – білім беруге, ағарту саласына арнады.

Ертеректе бір топ жастар ақылман қартты ортаға алып:



– Қария, ел осы бақыт кілті деп жатады, сіз оны қалай түсінесіз? – дейді.

Сонда әлгі қария былай деп жауап беріпті:

– Қарақтарым, бақыт кілті деген кең үфым. Оны оркімнің жүрген жолы, артында қалған шуақты іздерімен өлшеген орынды. Егер бақыттың кілтіне ие болғыларың келсе, кез келген мамандықтың соңынан журе бермей, өздерің ұнатқан, елге пайдалы, бейімдерің бар салаға күш салған жөн. Бақытты болам десендер, арың таза болып, елдің мұн-мұқтажына құлақ асып, қолдан келгенше жәрдем беріп, олардың әмбебіліктеріне бөлекіндер. Сонда ғана сенің мына дүниеге бос келмегенің, азамат деген жоғары атаққа сай болып, бақытты, мәнді ғұмыр кешкенің.

Осы бір кез келген адамды ойға қалдыратын тे-
рең мағыналы жауапқа Қайрекенің ғибратты өмірі
жүйкесін дәлел бола алады.

Міне, бұдан он тоғыз жыл бұрын шаңырағын өзі көтерген «Асыл мұра» орталығында қызмет ете жүріп, Қайролла Мұқанұлы Қызылжар өнірінің тарихын, әр кезеңде еліне еңбегі сіңген, алайда белгілі себептерге байланысты кейінгі үрпаққа есімдері белгісіз болып келген атақты жерлестеріміздің өмірін, халқына жағаған еңбегін, шығармашылығын зерттеп, күнделікті баспасөз арқылы жарыққа шығарып, оқырманға та-
пыстырды. Сонымен қатар, әйгілі жерлестер жөнінде деректер табу мақсатында Алматы, Қарағанды, Көкшетау қалаларына барып, мұрағаттар мен мұра-
жайларда еңбектенді. Ресей Федарациясының Омбы, Тобыл қалаларының мұрағаттарын апталап ақтарды.

Оның бір ерекшілігі – ол қай тақырыпты қарастырса да, алдымен терең зерттеп, сол тақырып аясын аша түсетін, кеңейте түсетін деректерге айрықша



ден қоятындығы. Қөптеген ғылыми-тәнымдық кітаптардың авторы. Қайрекенің 30-ға жуық кітапы жарық көріпті. Солардың ішінде «Ұмсын сұлу», «Жұмағали Тлеулин – деятель «Алаш Орды», «След поэта», «Академик Е. Бекетов» атты кітаптары және атақты тұлғалар жайлы жазылған тарихи очерктер оқырманның үлкен сұранысына ие.

Осындай салмақты еңбектері бүгінгі жас үрпаққа қажетті құнды дүниелер екені даусыз. «Өлкे тұлғалары» атты кітабында ұлы жерлес ақынымыз Мағжан Жұмабаев жайында жазылған мақалалар, қөптеген естеліктер мен зерттеулер басылды. Қайрекенің қаламынан Нығмет Сырғабеков, Бәйкен Әшімов, Тайжан Берденов, Марат Кенжеғозин, Мұқаш Елеусізов, Бақытжан Қанапиянов, Ғабдолла Шоқаев және басқа да белгілі жерлестеріміз жөнінде қолемді мақалалар шықты. «Жүрек төрінен орын алған» атты мақаласында халық жүргегінен мәңгі орын алған Жұмабек Тәшеновтің асқақ адамгершілігі хақында әңгіме өрбітсе, «Осы жұрт Смағұлды біле ме екен?» атты мақаласында С. Садуақасұлы туралы қалың оқырмандарға біраз мәлімет беріп, оның есімі Қызылжар қаласының бір тәуір көшесіне берілсе деген өз ұсынысын айтты.

Қайрекен «Ынтымақ ауылдың» атты кітабында өзінің ауылдың тарихи кезеңдері, халқына адал қызмет еткен адамдар жөнінде баяндайды. Бұл кітапта пайданылған қөптеген тарихи фактілер ауыл өміріндегі айқын оқиғалардың куәлери – соғыс және еңбек ардагерлерінің естеліктерін сәтті толықтыра түскен.

Қайрекен халқымыздың бұрынғы өткен батырлары, билері, ақын-жыраулары, еліміздің тәуелсіздігі жолында қуғын-сүргінге түскен қайраткерлері туралы жүйрік қаламының қуатымен қолемді мақалалар



жазумен бірге, олардың атаулы жылдары, дүбірлі тойлары кезінде терен зерттелген баяндамалар жасайтын. Оның мазмұнды, ойлы мақалалары мен зерттеулері әркімнің-ақ көкейінен орын тепті.

Қайролла Мұқанұлы жоғары оқу орындарының, колледждер мен мектептердің студенттерімен, оқушыларымен кездесіп, оларға республикамыздың, облысымыздың, қаламыздың тарихы жөнінде және біздің өлкенің атақты тұлғалары туралы айтып беретін. «Осындаі кездесулер мен әңгімелер жастарды ұлтжанды және патриоттық рухта тәрбиелеуде көп септігін тигізеді», – дейтін еді Қайрекең.

Иә, өмірдің талай белестерін артқа тастап, дүниeden жинаған рухани азығы мол, көргенінен түйгені көп, қарапайымдылықты өмірлік серік еткен, ерен еңбегімен өшпестей із қалдырған Қайролла ағамызды қадірлеп, мақтанамыз.

Тынымсыз еңбектің арқасында Қайрекең Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атана, академик Е. Бекетов атындағы сыйлықтың иегері болды, Құрмет белгісі орденімен, бірнеше медальдармен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бұл сый-құрметтердің барлығы ағамыздың атқарған еңбектерінің жемісі деп білемін.

Қайрекеңнің адал еңбегі онымен бірге жұмыстас болғандардың көз алдында. Оның өмірлік жолы, қажырлы да жемісті еңбегі бүгінгімізге үлгі боларлықтай.

Осындаі асыл азаматты бүгінде өткен шақпен айтып, еске алып отырғанымыз өзекті өртейді, өкін-діреді. Бірақ оның жарқын бейнесі, ізгілікті істері әрқашан жүрегімізде. Жатқан жері жарық, иманы жолдас болсын.

Сыздыковтар Есмағамбет, Гулфайра,
түүстүр

ЖҰЛДЫЗДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН АТАМЫЗ БЕН АПАМЫЗ



Жастардың бойына ізгілік дәнін егіп, ел мен жердің нағыз азаматтары болып қалыптасуға еңбектері зор атамыз Қайролла Мұқанұлы Мұқанов, Кулзәғи Ақанқызы туралы айтқымыз келеді. Біздің атамыз өз заманының занғары. Атамыз бен апамыз жарық дүниеде өмірлерін бақытты өткізді. Еліміз көк туын желбіреткеннен бері атамыз өз тарихымызды, шежіремізді

зерттеп, келешек ұрпақта көп мұра қалдырды.

Әр елдің өз тарихы бар. Ол тарихты құрайтын сол елдің азаматтары мен азаматшалары, солардың істе-ген еңбектері. Атамыз ата-баба шежіресін зерделеп, бізге мұра қылыш қалдырды. Мысалы: «Шабан әuletі», «Ынтымақ ауылы» тағы басқалары. Атамыз шаршап шалдықкан жоқ, қайта қаламын ұштап, шабытын шындалап көп туындылар жазып қалдырған тұлға.

Қайролла атамыздың қаламгерлік, азаматтық тұлғасы бір бөлек. Қарапайымдылығы әрқашан бізді тәнті ететін. Атамыз бен апамыз мейрімді аққөніл жандар. Ол кісілер ылғи да көмек қолын созуға асырып тұратын қасиеттерін бәрі біледі. Ақпиылы мен таза жүргегін біз ешқашан ұмытпаймыз.



Апамыздың жанарынан жарқын сәуле төгіліп тұратын. Ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейтін, әрқашан ақылшы болған апамыздың жарқын бейнесі көз алдымызыда.

Атамыз бер апамыздың өмірі өулетімізге улгі. Үшқыз бер бір үлді тәрбиелеп, үлді үяға, қызды қияға қондырған жүректерінен иман шуағын шашып отыратын жандар еді.

Тау алыстаған сайын биқтей түседі дегендей – Қайролла атамыздың дәрежесі барған сайын асқақтай жүлдізы жарқырай бермек. Өмірден қос аққудай боп еткен ата мен апамыздың жандары жәнэтта болсын.

Тәжин Жангельды Уақпанұлы,
шәкірті

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Мен 45 жыл ғұмырымды үрпақ тәрбиесіне арнадым. Арнайы жиын, кештерде, не теледидардан сөйлегенде: «Ардагер ұстаз» деп таныстырып жатады. Марқайып қаласың. Өміріңің мәні мен сәніне айналған – мамандыққа адап болғанына қуанасын. Осы уақыттың ішінде өзінді қоршаған орта, өмірдің осыншама өзгергеніне таң қаласың. Үш үйықтасақ





түсімізге кірмейтін өзгерістер. Мұғалім, директордың орынбасары, оқу орнының басшысы, аудандық оқу бөлімінің менгерушісі қызметтерін атқарған кезімде облыстың түкпір – түкпіріндегі мектептерде болып, талай озық тәжірибемен таныстық. Әсіресе, қазақ мектептерінің жетістіктеріне қуанушы едік.

Облысқа танымал сол үлттық орталau, орта мектептерінің жабылғанын естігенде: Бұл өмір не болып бара жатыр, қайда бара жатырмыз? – деген не болып бара жатыр, қайда бара жатырмыз? – деген сұрақ ойға оралып, жауабын іздейміз.

Мектептер жабылып, ауылдар тарағанда мұғалідер қауымы да облыс орталығынан пана іздеді. Қалалық ардагерлер кеңесінде ауыл мұғалімдерінің арнайы үйімі ашылып, сонда сұхбат құрамыз.

Ауылдағы мұғалімге бас иіп, ілтипат көрсеткен заманда, ұстаз өз ортасында ақылман, жол көрсетуші, сол кездегі үкіметтің жаңашыры болған кезде үрпақ тәрбиелеген ұстаздар қауымының айтары да, еске түсірер оқиғалары да көп қой.

Ардагер ұстаздардың естеліктерін ести отыра бәрімізді таң қалдырған бір жәйтті жуырда қауым болып талқыладық.

Совет үкіметі заманында тағдыр талқысына түсіп көп қазақ ауылдары өмірден шетқақпай қалды. Совхоз орталықтары аты да, заты да жоқ орыс мекендерінен ашылды. Бөлімше болған ауылдарда құрылыш жүргізілмей, жол салынбай мұсәпір күй кешті.

Өмірден қандай қыындық көрсе де мойымай, өз тірлігін жалғастырып жатты қандастарымыз.

Үрпақ әкелді дүниеге, тәрбиеледі. Халқымыздың ғасырлар бойында қанына сіңген әдеті бойынша балаларына білім бергісі келді.



Ал заманауи білім алу үшін сол талапқа сай мектеп гимараты, жоғарғы білімді мұғалімдер керек қой.

Осы сұрақты шешуде көмектескен бір азаматы-мыздың есімін көптеген ардагерлер шынайы ризашылық сезіммен қайталап айтып берді. Ол облыстағы білім басқармасында көптеген жылдар бойы орынбасар болып қызмет атқарып, қазақ мектептерінің шынайы жаңашыры болған Қайролла Мұқанұлы еді.

Өңіріміздің түкпір түкпіріндегі ауылдардан келген ардагер ұстаздар Қайрекеннің қайраткерлігін, үйимдастыруышылық қабілетін, қай лауазымдағы болмасын басшыларымен тіл табысып, шешуі табылмай тұрған сұрақтарды қалай шешкенін ризашылық сезіммен әңгімеледі.

Ал ауыл мектептерінде басшы болған ардагерлер Қайролла Мұқанұлының қазақ мектептерінде тәжірибе алмасу семинарларын, ОбЛОННЫң тексеру комиссиясын басқарып келіп қандай ақыл-кеңес беріп, кемшіліктерді қалай жеңіп, жетістіктерге жетуді айтқанын тамсанып, өздеріне жаны жақын азаматтың білгір маман, кішіпейіл басшы, нағыз жанашыр екендігін тағы да еске түсірді.

Қайракенді еске түсірген осы қездесуде мен өзімнің де ойымда жүрген, менің де ұстазым болған Қайролла Мұқанұлының іскер басшы ретіндегі қасиеттерімен бөлістім.

Сергеев аудандық оқу бөлімінің менгерушісі болғандықтан ол кісімен тікелей араласып, ақыл-кеңесін тыңдағанбыз, бойымызды, ойымызды түзеп ұстазымызға ұқсағымыз келетін.

Облыстық білім басқармасының бастан асатын шаруасын атқара жүріп, бастығымыз жаңалықта жаны құмар адам еді.



Республика, Одақ көлеміндегі педагогикадағы жаңалықтар, білім саласындағы ұйымдастыру жұмыстарының озық тәжірибесінен хабардар еді. Және соны өз өнірімізде іске асыру үшін бар күш-жігерін аямайтын. Аудандық білім бөлімдеріне, мектеп басшыларына қатаң талап қоя билетін.

Содан да болар республика көлеміндегі озық тәжірибе бөлісу конференциялары, семинарлары біздің облыста өтетін. Одаққа танымал болған жаңашыл педагогтармен кездесу, пікір алысу жиындарының басы қасында Қай рекең жүретін.

Ардагерлердің сөзінің түйіні болған бір сөз есімде жатталыпты: – Шіркін Қайрекең, асыл азамат, ақылман, ұстаздардың ұстазы еді ғой!

Иә, Қайролла Мұқанұлы менің өмірімде де, маған жол көрсеткен, мұғалім, басшы ретінде қалыптастып өсүіме өз көмегін тигізген адам еді.

Жанұямда үлкен ағаммен, екі апам мұғалім болды. Әкем де «мұғалімнен артқан мамандық жоқ» деп отыруши еді. Осы ұстаным маған ұстаз жолын таңдауыма себепкер болды.

Қайролла Мұқанұлымен алғашқы кездесуім мен Сергеев қаласындағы аулдық кәсіби техникалық училищенің директорының орынбасары кезімде өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғында болған еді.

Қазір өніріміздің құнарлы жері «хан талапайға» түсіп, жерді игеріп жұмыс істейтін білікті мамандар табылмай жатқанда сол «профтекстің» қадірін түсінгендей боламыз. Облысымыздың әр ауданында тегіске жуық механизатор, тағы да басқа ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын оқу орындары бар болатын. Олардың өз басқармасы, басшысы болды.



Айында бір рет үлкен жиынға шақырады. Басшымыз соғысқа қатысқан ардагер. Мінезі де, сөзі де өзгеше – бетің, жүзің бар демейді. Біздің оқу жүйесіне сондай басшылық қажет тәрізді. Басқаны білмейміз. Айғай-шуга үйренндік.

Алайда, аз уақыттан кейін бұл ойымыздан арылдық. Кезекте жиында басшымыз: – Әуелі сөз кезегін облыстық оқу бөлімі басшысының орынбасары Мұқанов Қайролла Мұқанұлына береміз, өз сұрақтарымыз содан кейін тыңдалады – деді.

Сол заманың тәртібіне сәйкес жинаалыс өтетін үлкен акт залының төрінде сөз сөйлеушіге арналған мінбер болады. Сөз сөйлейтін, әрине, басшылар. Со-лардың мәртебесіне сәйкес мінберде абажадай үлкен болатын. Бастықтардың бәрі семіз, күйлі. Үлкен де-нелерімен мінберді толтырып, сөз сөйлегендеге Кеңес үкіметінің абырайын арттырғандай болушы еді.

Жинаалысқа алғаш қатысқандықтан ба Қайракең мінберге жақындауға қаймыққандай болды. Әлде бұл менің ойым ба, есімде жоқ. Бұрын аты-жөнін естігенім болмаса, көргенім жоқ. Сонда да қанда-сым ғой, біздің бастыққа үйренген адамдарға не дер екен, олар қалай қабылдар екен деген аяныш сезімі де көнілімде болды.

Шіркін, қазекемнің сөзі-ай: «Білімді мынды жығады, шын жүйрік бәйгеге қосқанда танылады».

Қайракең сөзін ақырын бастады. Мұндайға үй-ренбеген құлағымызды түрдік. Бірте-бірте шыбын ызыны естілгендей тыныштық орнады.

Сөйлеген сөз өз ойынан шықса, білгеңінді жал-гастырып, білмегенінді айтса өз жүйесін, өз тыңдаушысын табады ғой. Осы жолы дәл осылай болды.



Жұмысшы кадрларды даярлаудағы үкімет пен партия қойған міндеттер, осы мәселелер туралы қабылдаған құжаттар, жастар тәрбиесіндегі бүтінгі күннің міндеттері, басқа да көкейімізде жүрген сұрақтар бірінен соң бірі қаз- қатар тізіліп, алдымызыңа жайылып салынды. Оларды орындаудағы бізге қойылатын талаптар, облысымыздың ауыл шаруашылығының бүтінгі күнгі міндетімен сәйкестендіріп әрқайсымызы жеke-жеke тапсырма алғандай болдық.

Жалма жан қағаз қаламдарымызды алыш жаза бастадық. Байқаймын шешеннің ойлы сөзіне, келтірген деректерге, ақыл-кеңестеріне таң қалып бас шайқаған, үnsіз риза болыш отырғандар көп еді. Сөйлеуші сөзін аяқтамай жатып сұрақтар легі лап етіп таудан аққан тасқындай құйыла жөнелді.

Уақытты, жиналыс тәртібін ұмытқандаймыз. Өйткені, қанша сұрақ қойылса, ол қандай қыын болса да дәйекті жауабын алыш жатыр.

Кәдімгі ұстаз берілімге құштар шәкірт арасындағы жарасымын тапқан, көптен ойында жүрген сұрағына дәлелін естіп, риза болған сәттегідейміз.

Шіркін, Қайрекең! Білімімен жүрттан озған, дүйім жүртқа ақылман болған, ғұлама, ұстаздардың ұстазы еді ғой.

Жатқан жерің жарық, жаның жәннәтта болғай.

Ұстазымның аруағы шат болсын деп осы кішкентай естелікті еске түсірдім.



**Табакова Зинаида Петровна,
профессор СКУ им. М. Козыбаева
доктор филологических наук**

ОТЕЧЕСТВА ДОСТОЙНЫЙ СЫН



Получив печальное известие о дорогом для нас человеке, мы погружаемся в память о встречах с ним, стараемся осмысливать его роль в нашей жизни. Жизнь каждого человека бесцenna. Жизнь такой личности, как Кайролла Муканович Муканов, оставляет глубокий след не только в памяти его родных, друзей, но и служит примером постоянного тру-
долюбия и служения своему народу.

Мы и раньше знакомили студентов с этим разносторонним человеком. Биография Кайроллы Муканова познавательна для студентов – будущих учителей, так как в ней отражается эпоха, в которую ему выпало жить. Родился 26 сентября 1932 г. в ауле Ынтымак Октябрьского (ныне – Тимирязевского) района Северо-Казахстанской области. Рано лишился матери, воспитывался бабушкой. Начальную аульную школу окончил на казахском языке, а дальше была 7-летняя школа в другом селе с русским языком обучения. Трудно было учиться, а ещё труднее жить. Жил впроголодь, из дома присыпали на неделю две лепешки и немного картофеля. Но наравне со взрослыми, как



и все ученики, работал на сенокосе, уборке урожая, на ферме. С серебрянной медалью закончил Марьевскую среднюю школу и без экзаменов в 1952 году был принят в КазГУ им. С. М. Кирова на философский факультет. Помочь ждать не приходилось, стипендию растягивал на месяц. Но учился хорошо, много читал, занимался в библиотеках, познакомился с основами работы в архивах, музеях.

Затем началась самостоятельная жизнь: четырнадцать лет работал учителем в сельской школе, из них 12 лет – директором, двадцать три года – заместителем заведующего Северо-Казахстанским областного отдела народного образования,

Его работа в областном отделе народного образования началась в 1971 году. Этот год изменил и мою судьбу: сменив должность директора Ново-Булаевской средней школы, я стала преподавателем нашего вуза. С того времени мы и были знакомы, прежде всего по линии просвещения, а затем и как добрые друзья. Кайролла Муканович часто бывал в нашем вузе, выступал перед студентами, заботился о том, чтобы у всех выпускников была работа. В комиссиях по распределению он подсказывал, где находится школа, какие там условия и помогал выбрать сельскую школу будущим учителям. Кайролла Муканович принимал активное участие в профориентационной работе с абитуриентами. Мне запомнились его слова о выпускниках из казахских школ: «Им труднее поступать и учиться на русском языке. Хотя они и свободно говорят на русском, им даётся это сложнее, так как приходится заниматься переводом». Собственный опыт подсказывал ему эти выводы. Будучи председателем приёмной комиссии



по русскому языку, я всегда прислушивалась к советам знающего, хорошо воспитанного и тактичного человека.

Кайролла Муканович увлекался поэзией. Сам писал стихи. Выпустил сборник стихов «Арнаулар» («Посвящения»). Участвовал во многих общественных мероприятиях: Мукановских и Мусреповских чтениях, презентациях книг, был членом клуба «Краевед», участвовал в издании книги «Петропавловск: время, события, люди», сборника стихов «И светлых мыслей красота». Активно сотрудничал с журналами «Нива», «Провинция», «Мысль», публиковал статьи в республиканских и местных газетах.

Глубокие знания истории и литературы, широкая эрудиция обусловили содержание всех его печатных работ. Свободное владение казахским и русским языками обеспечило возможность читать и писать на двух языках, переводить архивные материалы и создавать исследования, которые являются образцами научных работ. Обратимся для примера к статье «Год Пушкина и Абая», напечатанной в журнале «Провинция» (№ 2, 2006 год). Статья могла быть чистой публицистикой, но не для К. Муканова. Содержание её далеко выходит за рамки похвальной оды на памятную дату. Автор приводит аргументы и новые факты из жизни двух великих людей.

Как «властитель дум» прогрессивно мыслящих современников и всесторонне образованный человек, А. С. Пушкин достиг поставленной цели – «в просвещении стать с веком наравне». Абай также был всесторонне образованным человеком. Оба поэта стали для своего народа просветителями и душой народа. Рассказывая об Абае, автор выступает как



философски мыслящий человек и как лингвист-исследователь. Он пишет: «В наши дни, может быть даже трудно представить то громадное впечатление, которое произвело «Письмо Татьяны» в казахских степях. В обоснование идеи Абая выбрать для перевода на казахский язык из романа «Евгений Онегин» любовные мотивы К. Муканов приводит интересные даже для исследователей филологии аргументы, справедливо полагая, что во времена Абая в казахских степях не было читателей, а были певцы и благодарные слушатели. «Для них и сложил Абай, – пишет исследователь, – песни о пушкинских героях, которые разошлись по степи, сделались достоянием широких народных масс». Статья К. Муканова написана по канонам научного исследования и завершается прекрасно доказанным выводом: «И Пушкин и Абай – неповторимые великие личности, внёсшие своими произведениями огромный вклад в мировую литературу... Народы двух соседних дружественных стран должны хорошо знать двух великих своих сыновей – Пушкина и Абая и их великие творения». Полностью разделяя выводы автора, я стараюсь познакомить студентов с работами местных писателей и поэтов. На занятиях мы обращаемся к исследовательским публикациям Кайроллы Мукановича и его стихам.

Кайролла Муканов был ярким представителем нашей интеллигенции, в нём гармонично сочетались знания, талант, трудолюбие, при этом он оставался скромным человеком. Утрата таких личностей – живая боль не только для его семьи и родственников, но и невосполнимая потеря в культурной жизни сообщества. Добрая память о нём будет всегда в наших сердцах. Мне представляется, что его жизнь должна стать для



многих примером служения Отечеству. Надеюсь, что земляки выпустят о нём добрую книгу, и она будет служить делу воспитания подрастающего поколения.

Тайжанова М. М.
*профессор СКГУ им. М. Козыбаева,
кандидат географических наук*

НЕДЮЖИННЫЙ ТАЛАНТ

Кайролла Муканович после завершения учебы на историческом факультете КазГУ им. С. М. Кирова, вернулся в родные края. Он был направлен в единственную тогда среднюю школу среди целинных совхозов Октябрьского района. Через год Кайролла Муканович назначен завучем школы. Следующий учебный год он начал в должности директора Городецкой 7-летней школы, где проработал на протяжении 12 лет. Здесь он проявил организаторский и управленческий талант. Под его руководством данная школа была реорганизована сначала в 8-летнюю, затем в среднюю. Построена была новая школа, большую работу он провел по комплектованию квалифицированными кадрами. Благодаря умелому руководству К. М. Муканова сложился дружный





работоспособный коллектив учителей. В итоге была улучшена учебно-воспитательная работа. Результатом преданного труда стали призовые места школьников в районных и областных олимпиадах, а также спортивных соревнованиях. В эту школу за опытом организации учебно-воспитательной работы приезжали учителя и директора других школ. Областное руководство, заметив недюжинный талант молодого директора школы, включает его в состав делегации на Украину в 1970 году.

В советское время умели замечать перспективные кадры. В декабре 1971 г. его приглашают на должность заместителя начальника областного отдела народного образования. В то время нужно было пройти сквозь «сито» обкома партии, облисполкома и согласование с Министерством просвещения республики. К. М. Муканов успешно прошел все беседы и 10 декабря 1971 приступил к работе, где бессменно на протяжении 23 лет проработал заместителем начальника облно, впоследствии облуо, вплоть до конца 1995 года. В то время среди сотрудников облоно представителей казахской национальности можно было посчитать по пальцам одной руки. В начале своей деятельности им был проведен ряд мероприятий организационного характера по осуществлению всеобщего восьмилетнего обучения и завершению перехода ко всеобщему среднему образованию.

Кайролла Муканович принял участие в организации огромного объема работы: рационализация сети школ, использование передового педагогического опыта с приглашением ученых-методистов и организацией научно-практических конференций, создание учебных кабинетов, ученического самоуправления,



трудовых объединений школьников, организация горячего питания и др.

Особо следует отметить огромную роль Муканова К. М. по развитию казахского языка и казахских школ, т.к. не хватало квалифицированных учителей казахского языка. В результате его усилий в 1993–1994 учебном году работала 61 казахская школа, 38 смешанных школ, 28 детсадов. За этими цифрами стоит колоссальный труд опытного управленца К. М. Муканова.

Выйдя на заслуженный отдых, Кайролла Муканович продолжил активную общественную работу. Мне посчастливилось поработать вместе с ним в общественном объединении «Қазақ тілі». Большую плодотворную работу он вел будучи научным сотрудником историко-просветительского центра «Асыл мұра» при областном историко-краеведческом музее. Им написаны многочисленные статьи, очерки, книги по истории края, истории образования.

Кайролла Муканович прожил яркую жизнь и оставил после себя большое духовное наследие.

Мне, как его преемнику в должности первого заместителя начальника облоно с 1995 по 2002 годы приходилось свои слова, дела, решения сверять с Кайроллой Мукановичем, т. к. коллектив, конечно же, сравнивал меня с ним. Светлая память о замечательном человеке, интеллигенте и интеллектуале останется в наших сердцах.



**Таласпаева Жанар Серкешқызы,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты**

ҰСТАЗ ҰЛАФАТЫ

Жақсының аты өлмейді,
ғалымның хаты өлмейді.



Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан журналистер оданының мүшесі, өлкетанушы, білім саласының ардагері Мұқанов Қайролла Мұқанұлы қызығы мен қындығы мол,abyroilys da құрметті «Ұстаз» деген мамандықтың эталоны дер едім. Көп жылдар бойы жас үрпақтың санасына адами қасиеттерді сіңіруге, терең білім мен

ұлттық тәлім-тәрбие беруге бар ғұмырын жұмасады. Ардагер ұстаз облыстық оқу бөлімінде менгерушінің бірінші орынбасары болды. Көп жылдар бойы мектепте ұстаздық етті, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде де студенттерге сабак берді. Тынымсыз еңбек етіп, қазақтың этнографиясы мен тарихынан сыр шертетін зерттеу еңбектерді, еліміздің қадірлі азаматтарының өмірі мен шығармашылығынан мол мағұлмат беретін естелік әңгімелерді жарыққа шығарды. Өніріміздің



тарихын талмай зерттеді. Ұлттық мәдениетке қа-
тысты зерттеу еңбектері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге
болары хақ. Өресі биік, еңбегі адаптамыз зейнет-
керлік жасында да, өнірімізге танымал ұстаз – Ғалым
Қадралинмен бірге облыстық тарихи-өлкетану мұ-
ражайының жанынан «Асыл мұра» ғылыми-әдісте-
мелік орталығын ашуға күш салды және онда өзінің
әріптестерімен бірге өлкетану ісімен өмірінің соңына
дейін айналысты. Республикалық және облыстық
архив деректерін, тіпті Ресей архивтерін, ел аузын-
дағы естеліктер мен тарихи-өлкетану материалдарын
пайдалана отырып танымдық маңызы зор кітаптарды
дүниеге әкелді. Өніріміздің атақты тұлғаларының
өмір жолдары туралы зерттеу мақалалары облыстық,
республикалық басылымдарда үздіксіз жарық көріп
жатты. Бас-аяғын қосқанда, қазақша және орысша
700-ден астам мақалалары баспа бетінен шығыпты,
30-шақты кітаптардың авторы.

Қайролла Мұқановтың кейіпкерлері ел басқарған
қайраткерлер, ғұлама ғалымдар, білікті ұстаздар,
ақын-жазушылар, өнер адамдары, заңгерлер, жа-
зықсыз құфын-сүргінге ұшыраған азаматтар болды.
XVIII–XIX ғғ. ғұмыр кешкен Тоқсан бидің өмірі мен
дау-дамайлар, тартыс-таластарды шешгу кезінде айт-
қан билік, төрелік, аталы сөздері келтірілген зерттеу
еңбегі бағасыз мол қазына екені даусыз. Ұлт руха-
нияты тарихында жарқын із қалдырған Шал ақын,
Қожаберген жырау, Мағжан Жұмабаев, Молдахмет
Тырбиев, Ғабит Мұсірепов т.б. жайында жазғандары
келешек ұрпаққа қалдырған жарқын ізі деп атар едік.

Ебіней Бекетов атындағы мұражайдың ашылуына
және көше атауын беруге өніріміздің ардақты азама-
ты болған Ғалым Қадралин ағамызбен бірге көп еңбек



сінірді. «Тарихи терміндердің орысша-қазақша сөздігі», «Жұмағали Тілеулин – алаш қайраткері», «Өмір өткелдері», «Бір әулеттің тарихы», Шал ақынның үрпағы – Қошан Жантілеуов туралы кітабы, «Ақын ізі – След поэта», «Мағжанның ізімен» тақырыбындағы кітаптары, Ебіней Бекетов туралы зерттеу еңбектері жарыққа шықты. «Солтүстік Қазақстан облысы – халық ағарту тарихынан» атты кітабында өніріміздің білім жүйесінің қалыптасып, даму жолынан жанжақты ақпарат береді және ардагер ұстаздар, Білім бөлімдерінің басшылары мен мекемелер туралы көп мәлімет жинақтаған.

Алаштың ардақтысы, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына қатыстытың деректерге толы әдеби зерттеулері айрықша. Қазақ және орыс тілдерінде жазылған «Ақын ізі – След поэта» енбегінде Мағжан ақынның өмірі мен шығармашылық жолының көрсеткіші мен ақынның ақталғаннан кейінгі жылдарда атқарылған шараларды тәптіштеп жазады. Зерттеушінің бұл енбегі бір деммен оқылатын, оқырманына рухани мол азық беретін құнды дүние. Ардагер ұстаздың бастап берген өнегелі ісін ары қарай жалғастыру білімді үрпағының парызы дер едім.

Қайролла Мұқанов мұрағаттық құжаттарды мұқият зерделегеннен кейін «Мағжан ізімен» кітабын жазуға кірісті. Ол дәуірдің сирек кездесетін дәлелдерін тапты. Жиырмасыншы ғасырдың 80–90-шы жылдары Мағжанның шығармаларын іздестіріп, оның өмірбаянының кейбір деректерін нақтылау қыын болды. Сол қыындықтардың бәрін жеңе біліп, қажырлылық пен табандылықтың, Мағжанға деген шынайы маҳабаттың арқасында ағамыз осындағы асыл мұраларды



дүниеге әкелген. Бұл кітабында Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеп, оның әр қалада болған кездегі туындыларымен қалдырыған ізін көрсетпек болған. «Ақынның Міржақып Дулатов, Жұмағали Тілеулин, Нәзір Төрекулов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, т.б. сияқты зиялды азаматтармен қарым-қатынасын көрсетуге тырыстық. Осыған орай, кітаптың атын «Ақын ізі» деп қойдық. Бұл еңбек ойдан шығарылған жоқ. Мұрағат көмбесінде бұғып жатқан құжаттарды, баспасөз бетінде жарияланған материалдарды екшеп, зерделеп пайдаландық. Еңбегіміз өскелен үрпаққа ұлы Мағжан ақынның өмірі мен шығармашылығынан аз да болса қажетті мағұлмат берсе мақсатымыздың орындалғаны деп санаймыз», – деп жазды. 1989 жылы Мағжаннның бір томдық шығармалар жинағы шыққан кездегі қуаныш сезімін шөліркегенде қолға тиген сусындай әсер етті деп бөліседі. Оның өлеңдері мен дастандарының мінсіз сұлутығына, сыршылдығы мен әуезділігіне, ақынның суретшілігі мен өз халқына деген сүйіспеншілігіне тәнті болады.

Ардақты ұстаз, тарихшы Қайролла Мұқанов Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің алғашқы басылымдарын, прозасы мен аудармаларын, мұрағаттық құжаттарды табудан үлкен ләззат алды және жаңа ізбасарлар мен пікірлестерді зерттеу жұмыстарына тартуға тырысты.

Мағжаннның 1922 жылы Орынборда жеке кітап болып шыққан еңбегі қазақ түрмисына, қазақтың халық педагогикасына бейімделіп жазылған «Педагогика» оқулығы жайында ой толғайды. Зерттеуші ұстаз бұл оқулықты облысымыздың барлық қазақ мұғалімдері, балабақша тәрбиешілері, ата-аналар оқып пайдалануы қажет деген ойларымен бөліседі. Сонымен қатар,



өзінің өкінішін де жасырмайды. Себебі, «Тандамалы» не бары 10 мың дана болып шыққан еді. Сол кезде: «ақынның 1989 жылғы бір томдығы 25 мың данамен шыққанда жүртқа жетпей қалып еді. Енді мына «Тандамалы» кімге жетеді? Меніңше, қазір біздің облыста бұл кітаптың көп болса он-шақты ғана д纳斯ы бар. Дегенмен ақынның «Педагогикасы» бұдан бұрын «Үйелмен және балабақша» және «Жұлдыз» журналдарында басылып шыққан болатын. Іздеген оқырмандар сол журналдан тауып алғып оқуларына болады» деп ұстаздық кеңесін айтқан болатын. Ардагер ұстаздың жастар мен педагогтар қауымына деген осында жанашырлығы мен қамқорлығы үнемі сезіліп тұратын.

«Мағжан өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өміріндегі азаматтық орнын ардақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілткен, сұлу жырымен оқырманын егілткен, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мұлт кеткен, өзі айтқандай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» дегенде терең шындық жатқандығын» дәлеледейді.

Қайролла Мұқанов ағамыздың жинақы стилі, терең ой-пікірі, дәлелді дәйектері өлкетанушылар, әдебиеттанушылар, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеушілер арасында танымал болды. Қөрнекті қаламгердің сөз саптауы, жазу мәнері жазушылық тұлғасын дараландырып тұрады. Ой шеберлігі де, сөз шеберлігі де, жазушылық шеберлігі де үйлесімділік тапқан. Бір сөзбен айтқанда, Қайролла ағамыз өте еңбеккөр әрі білімдар жан болды. Оның кітаптары – көп жылғы еңбектің, ізденістің нәтижесі. Қаламынан талай көркем туынды дүниеге келген Қайролла



Мұқановтың шығармашылық еңбегінің негізгі діңгегі – солтүстік өнірден шыққан шығармашыл тұлғалардың өнегелі өмірлері мен көркем туындыларын зерделеу десек болады. Қоғам қайраткері ретінде атқарған берекелі, көркем істері, көкейкесті ойлауры сан алуан қоғамдық қызметінде жарқын көрініс тауып отырды. Шығармалары мен мақалалары арқылы ұлағатты ұстаздың шынайы болмысын көреміз. Қаламгер ағамыздың өмірінің соңына дейін «Асыл мұра» тарихи-мәдени, ғылыми-әдістемелік орталығында әзірлеп шығарып отырған еңбектері бүгінгі танда барлық кітапханалардан, соның ішінде, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің кітапханасынан да орын алған. Бұл зерттеулер студенттеріміз бен магистранттарымыздың ғылыми жұмыстарын жазуға қажетті құнды мұралар.

Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді, – демекші, ұрпаққа ұлағат тұтар азаматтың есімі мен еңбектері ешқашан ұмытылмақ емес. Өз ісінің білгірі, халқы үшін адал еңбек еткен тұғыры биік перзентін елі бағалады. «Құрмет Белгісі» орденімен және көптеген медальдармен марапатталды. Академик Е. А. Бекетов атындағы медаль мен сыйлықтың иегері атанды. Ендігі кезекте ұлағатты із қалдырып кеткен тұлғалы азаматымыздың еңбектерін артында қалған ұрпағы, ұстаз шапағатын көрген шәкірттері, жас ғалымдар жалғастыра бермек.

Тасболатов Абай Бөлекбайұлы,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің
депутаты, Халықаралық істер,
қорғаныс және қауіпсіздік
Комитетінің мүшесі, генерал-лейтенант

**ЖАНЫ ЖАЙСАҢ,
МІНЕЗІ ҚӨРКЕМ АЗАМАТ ЕДІ**



Жүйткіген жүйріктей, ақ-
қан жұлдыздай зулап өтіп
жатқан уақыт-ай. Кемеңгер
Абай атамыздың қалайша
дәл айтқанына әрі қысқа
тұжырыммен көп ой білдір-
геніне дән риза боласың. Сан
алуан оқиғаларымен, өмір-
шең өзгерістерімен, солар-
дың бел ортасында жүріп,
өнегелі іздер қалдырған өрелі
өрендерімен, ел жадындағы
асыл азаматтарымен есіміз-

де мәңгі қалды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры
тасысын» дейді дана халқымыз. Жаны жайсаң, жүзі
жарқын, өнегелі іс-әрекеттерімен жан-жағына нұрын
шашқан абзал жандар арамызда көптеп саналады.

Олардың біразы бүтінде өмірден өтті. Осындайда
жалған фәниден шын дүниеге аттанған ғазиз жан-
дардың асыл бейнелері, кісілік келбеті, адамгер-
шілік қасиеттері көз алдыңызға еріксіз елестейді.
Көзден кетсе де көңілден кетпейтіндей әсер қал-
дырады. Осындай «алдыңғы толқын ағаларымызы-
дың» бірі – ұлағатты ұстаз, Мәдениет қайраткері,



өлкетанушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қайролла Мұқанов болатын.

Қайролла аға өзінің бүкіл саналы ғұмырын халқымыздың рухани өмірін өркендетуге, өлкетану, тарих саласын дамытуға, ұлттардың үйисуына сүбелі үлес қосуға арнаған азamat болатын. Алланың нұры – көктемгі ақ жауындай пайдасы көп тиғен аға еді. Ажал шіркінге не шара? Бұл фәниде темір өзекті пенде жоқ. Төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, жақын мен алысты бірдей тен көрген, елінің жігері, қоғамның тірегі бола білген Қайрекенің өлімге қию да, енді арамызда жоқ дегенге сену де қыынның қыны. Қайролла ағамыз қай істе де қаймана қазағына бүйрегі бұрған ақ көніл азamat еді. Бұл сөзді мен ғана емес, оны білетіндердің, көзі көріп, қызметтес болғандардың бәрі айтады. Ақжарқын, ақ көнілімен айналасына шуақ шашып тұратын ағамыз әрбір іс-әрекетінде үлкен бір сыр жатқандай, терендік бардай болатын.

Елге тұтқа болған азamat қашанда халық жүрегінде еkenі даусыз. «Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Бірінші байлығым халқым деп білген, ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кіслікten жарапған, періште пейілді тұлғамен аз күн пікірлес, дәмдес болғанымды тіршіліктегі нұрлы бір кезенім деп еске аламын. 1957 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген жас түлек қолында дипломын алып тұған жері Қызылжарға келеді. Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданына қаасты тың игеру совхозы Н. Хрущев атындағы орта мектепке 5–10 сыныптарға тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. Сөйтіп жас маман ұстаздық



14 жылдың 12 жылын ауыл мектебінде мектеп директоры болып қызмет етті. Ал қалған 23 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

Білім саласында жүргенде тұрақты халқы 90 пайызға орыс тілінде сөйлейтін Петропавл қаласында алғашқылардың бірі болып Мемлекеттік тілдің дамуына өз үлесін қости. Қарап отырсақ қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанына биыл 30 жылдың көлемі болды. 1989 жылы Тілдер туралы заң қабылданып, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенде әлі тәуелсіздік алмаған едік. Сірескен саяси жүйенің көбесін сөккендей болған сол күні қуанбаған қазақ қалмаған шығар деп ойлаймын. Тіл азаттығы ұлт азаттығына ұласты.

Екі жылдан соң тәуелсіздігімізді алдық. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін 1993 жылғы Конституцияда бекітіп, 1997 жылы тәуелсіз Қазақстанның Тілдер туралы заңы қабылданды. Десе де, әр қазақ үшін отыз жыл бұрын қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берген заңының орны бөлек болды. Себебі, мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында барлық салада қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс қағаздарын жүргізу тілі саналады. Осы жайды тиімді қолға алған Қайролла ағамызың сияқты ұлтқа қызмет ететін ағаларымыздың арқасында облыстағы орыс тілінде білім беретін 451 мектептің 61 мектебін қазақ тілінде білім беретін мектеп болуып ауысуына ат салысты. Әрине ауызben айттып қоя салуға болады. Сірескен орыс тілді ортада Мемлекеттік тілдің мәртебесін ұлықтау, ұстаздардың білімін мемлекеттік тілде жетілдіруді қолға алу, қазақ тілді мектептерге лайықтап бағдарлама жоспарлар



түзу сияқты көзге көрінбейтін қыруар жұмыстардың артында ұлтқа адал ұл Қайролла ағамыз тұрды.

Өмірінің соңғы жылдары Облыстық Мұғалімдердің білім жетілдіру орталығында жауапты мұғалім ретінде бес жылын сарп етсе, қалған 20 жылын «Асыл мұра» тарихи-ағарту орталығында ғылыми қызметкер болып қызмет етті. Жаны мен қолының тазалығы, туған жердің әрбір тасы мен тауын, білектің күшімен қорғаған ел батырларын тарихты бір іздендіруге жас үрпақтың мәнгі есінде сақтауға үлесін қосқан ағамыз туған жердің танымал тұлғаларын ұлықтап, аймақтың білім беру саласын дамытуға еселеп үлес қосты. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқыл болады. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке ие Қайролла Мұқанов ағамыз деп толық айта аламын.

Ағамыздың орасан еңбекпен атқарған көлемді істерінің ішінде туған жер Қызылжар өнірін әдеби көркем тілмен баяндаған «Өлке тұлғалары», қазіргі оқырманға лайықталып жазылған «Ынтымақ ауылы», «Ұмсын сұлу», «Жумагали Тлеулин – деятель Алаш орды», «Мағжан ізімен. По следам Магжана» роман-дары мен әңгімелер жинағы, ел жүргегі елегінен өтіп, оқырманның көз қуанышына айналды. Жазушыға бұдан өткен бақыттың болмайтыны, елдің Ағамызға лайықты берілген жоғары бағасы деп білемін.

Қайролла Мұқанов ағамыздың қызықты да, өнегелі өмір жолдарының оның дәлелі болып табылады. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен



достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан Қайрекеңмен жарты ғасырдан аса достығымыздың жарасып келе жатқанын мақтан тұтамын.

Ағамыздың мағыналы өмірінің, шуақты шаңырағының алтын діңгегі – өмірлік қосағы Құлзағи апамызбен алпыс жылдан астам бір шаңырақ тастында бақытты ғұмыр кешкен бұл отбасының өмірі жастарға үлгі боларлық хақ. Иә, көкіргіміз қарсы айрылып, қайғыдан қабырғамыз қайысса да Қайрекенің көзі тірісіндегі азаматтық қасиеттерін еске алып көніл жұбатамыз. Фәни дүниені тәрк етіп ғұмыр үзілгенмен артында ауыз толтырып айтарлықтай жарқын істері ел-халқының журегінде. Ендеше Сіз біздің жадымыздасыз, Асыл аға!

Ташегулова Жанар,
внучка

ВЫ БЫЛИ ЛЮБИМЫ



Навсегда лишилась и бабушки и деда,
В эти две недели Вы ушли на небо.
Я уже скучаю, не вернуть обратно,
Мягкие ладони, теплые объятья.

Следом друг за другом из одной постели,
Лебединой парой в небо улетели.
Вы были любимы и любили сами,
Никогда не брали, только отдавали.

Я уже не внучка,
Тяжело смириться.
Я очень скучаю,
По вашим светлым лицам.

Уәлиханов Шот-Аман Үңдырысұлы,
Қазақстанның еңбек сінірген сәулетшісі,
суретши, жазушы, ақын, драматург, ғалым

ҚАЙРОЛЛА МЕНІҢ ЖАН ДОСЫМ

(К. Мүқановтың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында
жазылған)



Қайролла менің жан досым.
Аштық жылы туганбыз
Көрсек тағы сан қысым,
Зорға аман қалғанбыз.

Терді тәктік аянбай
Ұлылардан үлгі алдық.
Мәңгі есте қалардай,
Еңбектендік жол салдық.

Қайролланың ізі үлкен,
Тарихта мәңгі қалдырган.



Ойменен, терең біліммен
Сусынын елдің қандырган.

Оның әрбір ісіне,
Әлі де құлақ түреміз.
Оның алып күшіне
Біз сенеміз, сенеміз.

Сексенге келіп қалсаң да
Кәрілігінді сезбедік
Тоқсанға келіп алсаң да
Жүз жаста да бол берік!

2012 ж.

Черманова Магида Бакиевна,
*ветеран труда Института экономики,
кандидат экономических наук, доцент*

О КАЙРОЛЛЕ МУКАНОВЕ ЗАМОЛВИТЕ СЛОВО!

С К. Мукановым я познакомилась через его дочь Гульнар. Оказалось, что оба они учились у моего дяди Даришева Байтурсына (родного брата моей мамы) в Казахском государственном университете им. С. М. Кирова, были его дипломниками.

КазГУ – альма-матер многих наших сверстников, а его исторический факультет – это созвездие великих ученых, строгих и образованных преподавателей. Одним из таких преподавателей был и мой дядя – доцент Байтурсын Даришев.



Кайролла Муканов и его дочь Гульнар написали о нем воспоминания в энциклопедию «Имена в истории. Северный Казахстан». XII том, Петропавловск, 2017, стр. 76–81. Прекрасная статья, написанная от души, трогает до слез всех родственников и знакомых.

Кайролла аға написал еще две статьи о Б. Даришеве «Байтұрсын Дәрішев – көрнекі ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлтжанды азамат» в газете «Алты Алаш», 2017, 7 шілде и «Жадымда түр жаңғырып ...» в республиканской газете «Экономика», 2017, 26 қазан. Обе статьи я прочла еще раз перед тем, как сесть за это эссе. Передо мной встал образ моего дяди и автора этих статей – Кайролла аға. Я звонила тогда автору и познакомилась с ним по телефону. Жаль, что Кайролла аға не последовал совету Б. Даришева и не стал поступать в аспирантуру, так как он прекрасно мыслил и писал. Кайролла аға долгие годы работал в сфере просвещения, культуры и воспитания молодого поколения, вырастил сына и дочерей, оставил след на земле. В нем была одухотворенность, унаследованная им от его предков, от той земли, где он родился и вырос. Северный Казахстан богат такими интеллектуалами.

Редко, но я звонила Кайролла аға и мы с ним разговаривали на разные темы. В этом году летом я узнала, что он ушел из жизни и позвонила жене выразить соболезнование, а через некоторое время и она ушла



из жизни. Они не смогли жить друг без друга, но это очень печально для нас и его детей.

Как писал К. А. Тимирязев: «В состав того, что мы называем человечеством, входит более мертвых, чем живых ... тот, кого уже нет, продолжает жить между нами в своих идеях, в своих делах, своим примером».

Хорошие люди всегда остаются с нами.

Мы их помним и чтим.

Ысқақов Жақсылық Ғабдоллаұлы,
партия және қоғам қайраткері,
Солтүстік Қазақстан облысының
құрметті азаматы,
Еңбек ардагері

ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

Мен Қайролла Мұқанұлын қазіргі Шал ақын, бұрынғы Сергеев ауданында партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеп жүрген уақыттан білемін. Қайролла басқарған Городецкий орыс орта мектебі сол аудандағы алдыңғы қатарлы мектеп болды. Базалық мектеп болып аудан мектеп мұғалімдері осы мектеп ұстаздарының іс-тәжірибелерімен танысып жататынын билетін едім.





1971 жылы сол кездегі облыстық оқу бөлімінің менгерушісі Виталий Иванович Сакун Қайролланы Облыстық оқу бөлімі менгерушісінің орынбасары қызметіне алу туралы ұсынысын хабарлады. Ол кездегі партиялық тәртіп бойынша партия мүшелерінің басқа жерге ауысуын жергілікті партия комитетінің есептен шығару келісімімен болатын. Қайролланы Сергеев аудандық партия комитеті есебінен шығару қағазына қол қойып, алдағы жұмысына сәттілік тілеп, шығарып салған едім.

Енді сөзімнің тақырыбын «Тіл жанашыры» деп алғаннан кейін дәлелдеуге тырысайын. 1989 жылғы 22 қыркүйекте қабылданған «Қазақ ССР-індегі Тілдер туралы» заңының қабылдануы тегін емес еді. Кеңес үкіметінің билігі кезінде ұлы орыс тілі ұстемдік құрып, басқа ұлттар тілдерін аяқасты етті. Қазақ тілінің қолданыс деңгейі төмендеп кетті. Тіпті көп-теген қазақтардың өзі туған тілін ұмытуға айналды. Тек М. С. Горбачев жариялаған қайта құру саясаты кезінен бастап қана республикамызда қазақ тілін сақтап қалу жолында қозғалыс басталды.

1989 жылы қабылданған «Тілдер заңы» негізінде «Қазақ тілі» қоғам үйымдары құрыла бастады. 1989 жылдың сонына қарай біздің облыста құрылды. Төрағасы болып Мұтәллап Қанғожин оның орынбасарлары болып Қабдөш Қалиев, Қайролла Мұқанов сайланды. Бұл үшеуі Алматыда өткен «Қазақ тілі» қоғамының құрылтай съезіне де қатысқан болатын. 1991 жылы бұл облыстық қоғам төрағалығына Қосыл Омаров, орынбасары Қайролла, қоғам жанындағы ақсақалдар алқасы төрағалығына мен сайланып едім. Осылайша біраз уақыт онымен қатар жұмыс атқарған уақытымыз да болып еді.



Шынын айту керек, қоғамның барлық іс-қағаздары, жоғарғы жаққа жазылатын неше түрлі, ақпараттар, жоспарлар Қайролланың қолымен жазылатын. Қысқаша айтқанда, қоғамның отымен кіріп күлімен шықты. 1990 жылдардың өзінде облыстық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық оқу бөлімінен және басқа қоғамдармен бірлесе отырып, қазақ балаларын қазақша оқуға тарту үшін көп жұмыс атқарды. Осындай істердің басы – қасында Қайролла жүріп еді. Облыстық оқу бөлімінде істеп жүрген бұл кісінің ықпалымен облысымыздың бірнеше қазақ ауылдарындағы бұрын орыс тілінде сабақ беріліп келген бастауыш мектептер қазақ тіліне көшірілді. Бірсыныра орталau және орта мектептерде қазақ сыйнаптары ашылды. Қазақ тілінің аясын кеңейтіп дамытудың бір жолы – орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту. Бұл жағынан көп жұмыстар атқарылды.

Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы жылдары азайып қалған балабақшалар қайтадан ашылды. Қаламызыдағы қазақ мектептерінің саны артып, бес мектепке жетті. Барлық орыс мектептерінде қазақ тілі пәні оқытылады. Осы сияқты иглікті істердің іске асуында Қайролланың үлесі аз емес болды. Қазақ тілінің қайраландалап тұрған уақытында тіл туралы көптеген проблемалық мақалалар жазып, нағыз тіл жанашыры болғаны көпшілікке мәлім.

Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының «Тілі бірдің – тілегі бір» атты фестивалінде облыс әкімі тіл жанашыры ретінде Қайроллаға женіл машинаның кілтін тапсырды. Бұл нағыз әділ шешім, орынды сыйлыха болды.

Парасаттылығымен, адами қасиеттерімен Мұқанов Қайролла елдің құрметіне бөленді, ел үшін еңбек етті.



Награды и звания К. М. Муканова

Орден «Знак Почета»

Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Тұған өлкені зерттеуде сінірген еңбекі үшін» төсбелгісі (наурыз 2019 ж.)

Медаль Ыбырая Алтынсарина

Медаль «Конституции Казахстана 10 лет»

Медаль «20 лет независимости Республики Казахстан»

Медаль «За доблестный труд»

Медаль «60 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.»

Медаль «65 лет Победы»

Медаль «Ветеран труда»

Медаль и премия имени академика Е. А. Букетова

Медаль «Қожаберген жырау – 350 жыл»

Медаль «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 80 жыл» (2014 ж.)

Медаль «Қазақстан жоғары мектебіне еңбек сінірген қайраткері» (2017 ж.)

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісі (2011 ж.)

Знак «Отличник просвещения СССР»

Знак «Отличник просвещения Казахской ССР»

Знак «Победитель Социалистического соревнования» (1973 г.)

Почетная грамота от Президента Казахской ССР Н. А. Назарбаева (ноябрь 1991 г.)

Почетная грамота Верховного Совета КазССР



Почетная грамота Министерства просвещения
КазССР

Почетная грамота Северо-Казахстанского обкома
партии

Почетная грамота Северо-Казахстанского облисполкома

Почетная грамота акима Северо-Казахстанской
области

Почетная грамота Северо-Казахстанского областного
Совета ветеранов

Почетная грамота Совета Северо-Казахстанского
филиала Союза журналистов Казахстана

Благодарственное письмо председателя НДП «Нұр
Отан», Первого Президента РК Н. А. Назарбаева

Благодарственное письмо акима г. Петропавловска.

Қ.М. Мұқанов жазған кітаптар

1. Русско-казахский словарь исторических терминов и понятий. Петропавловск, 1998. 164 с. 1000 экз.

2. Елін сүйген азамат (Абылай қажы Рамазанов туралы). Астана, 2003. 112 бет. 20 дана.

3. История развития методической службы народного образования Северо-Казахстанской области. Петропавловск, 2004.88с.

4. Арнаулар (Өлеңдер). Алматы: Жібек жолы, 2004. 128 бет. 350 дана.

5. Үстаз тағылымы. Қазақ ССР-на еңбек сіңірген үстаз Қағида Базарбаева туралы. Қызылжар – Көкшетау, 2004. 150 бет. 300 дана.

6. Жумагали Тлеулин – деятель Алаш-Орды. Алматы: Жибек жолы, 2005. 216 стр. 2000 экз.



7. Ынтымақ ауылы. Петропавл, 2006. 188 бет. 500 дана.

8. Ұмсын сұлу. Аңыз бен ақиқат. Петропавл, 2007. 240 бет. 100 дана.

9. Өлкө тұлғалары. Петропавл, 2008. 308 бет. 100 дана.

10. Ақын ізі. След поэта (О Магжане Жумабаеве). Петропавл, 2008. 234 стр. 50 экз.

11. Жомарт жүрек (Ғалым Қадірәлі туралы). Петропавл, 2008. 268 бет. 300 дана.

12. Асыл тұлға (Сара Уәлиқызы туралы). Петропавл, 2009. 172 бет. 100 дана.

13. Арнаулар-2. Петропавл, 2013. 210 бет. 50 дана.

14. Мағжанның ізімен. По следам Мажана. Петропавл, 2013. 440 бет. 2000 дана.

15. Халқы қадірлеген қайраткер (Қошан Жантілеуов). Петропавл, 2012. 420 бет. 300 дана.

16. Самай Керей шежіресі. Петропавл, 2014. 92 бет. 100 дана.

17. Арманда өткен асыл тұлға (Хамза Ыбыраев). Астана, 2014. 294 бет. 300 дана.

18. Из истории народного образования Северо-Казахстанской области. Петропавл, 2015. 168 с. 100 экз.

19. Жалтыр ауылы. Астана, 2016. 434 бет. 100 дана.

20. Ел ардақтылары. Петропавл, 2016. 434 бет. 100 дана.

21. Өмір белестері. Петропавл, 2017. 240 бет. 70 дана.

22. Аға буын мен жастардың, әріптер мен достардың, мектептер мен шекірттердің жылы сөздері мен тілектері. Петропавл, 2018.

23. Абылай Рамазанов – Алаш қайраткері. Петропавл, 2018.

24. Шабан әuletі. Петропавл, 2019.

Қ.М. Мұқановтың басқа авторлармен бірлесіп шығарған кітаптары

1. Мұқанова Г., Мұқанов К. Қазақстан тарихы. Бағдарлама, Петропавл қаласы, 1998 жыл, 52 бет, 100 дана.
2. Мұқанов К. М., Мұқанова Г. Қ. Қазақ халқының би-шешендері өнерінің тарихи очерктері. XVIII–XIX ғ.ғ. Есіл өнірі, Қызылжар, 2000 жыл, 25 бет, 50 дана.
3. Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев, Фалым Қадралин. Арманды ақын, Баймағамбет Ізтолиннің өмірі мен шығармашылығы, Петропавл қаласы, 2001 жыл, 260 бет, 1000 дана.
4. Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Тоқсан би. Қызылжар, 2001 жыл, 124 бет, 500 дана.
5. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Қожаберген жырау, Петропавл қаласы, 2001 жыл, 126 бет, 100 дана (қазақ, орыс тілдерінде).
6. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Көркем сөздің шебері (F. Мұсіреповтың 100 жылдығына, шағын форматтағы сыйлық кітап), Петропавл қаласы, 2002 жыл, 160 бет, 1000 дана.
7. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Жыр жүлдизы (М. Жұмабаевтың қысқаша өмірбаяны мен таңдамалы өлеңдері) (шағын форматтағы сыйлық кітабы), Петропавл қаласы, 2002 жыл, 150 бет, 1000 дана.
8. Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Бір әулеттің тарихы. Петропавл қаласы, 2003 жыл, 264 бет, 500 дана.
9. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Сегіз сері Баһрамұлы. Таңдамалы шығармалары, 1-том. Петропавл қаласы, 2003 жыл, 232 бет, 500 дана.
10. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Сегіз сері Баһрамұлы, 2-том, Петропавл қаласы, 2003 жыл, 288 бет, 500 дана.



11. Шал ақын. Өлеңдер. Зерттеулер, Алматы қаласы, «Арыс», 2003 жыл, 200 бет, 1000 дана.
12. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, Ұлағатты ұстаз (Қайрош Қоспанов туралы), Петропавл қаласы, 2005 жыл, 232 бет, 50 дана.
13. F. Қадралин, Қ. Мұқанов. Қалдырған ізің мәңгілік (Шияп Садықов туралы), Петропавл қаласы, 2005 жыл, 162 бет, 200 дана.
14. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, Асыл азамат. Замечательный человек (Қаттай Кеншінбаев туралы), Петропавл қаласы, 2005 жыл, 120 бет, 500 дана.
15. Академик Е. А. Бекетов (80). Естеліктер жинағы, Петропавл қаласы, СҚМУ, 2005 жыл, 183 бет, 100 дана.
16. Ақталған есімдер. Возвращенные имена (қазақ, орыс тілдерінде), Петропавл қаласы, 2008 жыл, 464 бет, 1000 дана.
17. F. Қадралин, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Мастер чеканного слова. 2002 год.
18. Ақтас деген ауыл бар. («Асыл мұра» мүшелері бүл кітапты шығаруға атсалысқан).
19. Қ. Мұқанов, Ә. Галеев. Таз Керей шежіресі, Петропавл қаласы, 2009 жыл, 217 бет.



Қайролла Мұқановтың
әкесі Мұқан Сыздықов



Мұқановтар әулеті. 1979 жыл



Күлзәги Ақанқызы



Адамды мұқият тындау — өте қунды қасиет



Қайролла Мұқанұлы



Отбасы құрылғанына 50 жыл толған күні түскен фото.
15 тамыз 2009 жыл



Студенттер Қайролла Мұқанов, Қабдырахман
Жарылғапов, Шота Үәлиханов, Сәкен Оразалин
және Нұргожа Бектүров. Алматы, 1954 жыл



Қайролла Мұқанов пен Шота Үәлиханов



Студенттер Қабдырахман Жарылғапов, Шота
Үәлиханов, Қайролла Мұқанов, Кәкімбек Салықов, Сәлім
Құрманғожин және Сакен Оразалин. Алматы, 1954 жыл



Мұқановтар.
Қажымұратовтар.
Алматы.
1983 жыл



Досы Бектұров Нұргожамен бірге.



Анамыз ұзақ жылдар бойы мектепте кітапханашы
болып еңбек етті



«Асыл мұра» облыстық тарихи-шығармашылық орталығының негізін қалаған тұлғалар: Социал Жұмабаев, Фалым Қадыралин және Қайролла Мұқанов. 2006 жыл



«Асыл мұра» облыстық тарихи-шығармашылық орталығының қызметкерлері: Таңат Сүгірбаев, Қайролла Мұқанов және Социал Жұмабаев. 2009 жыл



Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің алдында академик Манаш Қозыбаевтың бюстін ашылу рәсімінде. Қайролла Мұқанов, Аманжол Қошанов, облыс әкімі А. В. Смирнов және К. Ә. Сағадиев. 2003 жыл



Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне академик Манаш Қозыбаевтың атын беруге байланысты ескерткішінің ашылуы. 2003 жыл



Достар кездесті: Сәкен Оразалин, Қабдырахман
Жарылғапов, Аманжол Қошанов және Қайролла
Мұқанов. 2003 жыл



Нағашыбай Барлыбаевпен бірге. 2001 жыл



Жазушы Еслям Зікібаевпен кездесу. 2003 жыл



Тілек пен Қапура
Абдрахмановтар
әкеміздің 70-жылдық
мерейтойында. 2002 жыл.



Астана. Бәйтерек.
2005 жыл



СҚМУ ректоры О. Б. Эшімовпен кездесу.
2007 жыл



«Асыл мұра» орталығында академик Нагима
Айтхожинамен бірге



Алаштың қайраткері Жұмағали Тілеулиннің ұлы
Серікпен бірге. Алматы, 2004 жыл



Сәбит Мұқановтың 110-жылдығына дайындық туралы кеңестен кейін. Социал Жұмабаев, Қайролла Мұқанов, СҚО әкімі Серік Біләлов, Таңат Сүтірбаев, Қайырлы Едресов. 2010 жыл



Сәбит Мұқановтың 110-жылдығында. 2010 жыл



Сәбит Мұқановтың 110-жылдығында Кәкімбек
Салықов, Сәкен Оразалин, Шота Ұәлиханов және
Қайролла Мұқанов. 2010 жыл



Кәкімбек Салықовпен бірге



Ақын Кәкімбек Салықов Қызылжарға келгенде.
2001 жыл



Әкеміз Қошан Жантілеуов туралы жазған кітаптың
тұсаукесері кезінде



Қожаберген жыраудың ескерткішінің ашылуында.
Пресновка. 2010 жыл



СҚО әкімінің орынбасары Ф.Ш. Куанғановпен
бірге Мағжан Жұмабаев атындағы гуманитарлық
колледждің қабырғасында ақынға арналған ескерткіш
тақтаны ашу сәті. 2010 жыл



Облыс әкімі Серійк Біләлов Қайролла Мұқановты
марапаттау сәті. 2011 жыл



Тарихшы, академик және студенттік кезден досы
Кеңес Нұрпейісов пен жұбайы Мәриямнің үйінде



Үш дос: Нұрғожа Бектұров, Қайролла Мұқанов және
Аманжол Қошанов



Жазушы Нұрғожа Ораз және Қайролла Мұқанов.
2010 жыл



Химия ғылымдарының докторы Әбдуәли Баешовпен кездесу. 2009 жыл



Арыстанбаб кесенесінің алдында. 2010 жыл



Қайролла Мұқанов —
«СҚМУ құрметті
профессоры»



Мұқанов Олжас



Әкемізге «СҚМУ құрметті профессоры» атағын беру рәсімінен кейін: М. Тайжанова, Х. Жұнісов,
К. Мұқанов, В. И. Кондратова және СҚМУ ректоры
О. Эшімов. 2012 жыл



Анамыз Евней
Бекетовтың
ескерткішінің алдында



Әкеміз «Қызылжардың бір оқшау бәйтерегі» атты
өзі жазған кітаптар көрмесінің қасында Оңдасын
Әшімов және Хасым Жұнісовпен бірге. 2012 жыл



Қайролла Мұқанов 80 – жылдығына орай ерең еңбегі
үшін сыйлаған автокөліктің қасында. 2012 жыл



О. Әшімов, Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаты, генерал-лейтенант А. Тасболатов
пен Т. Сугірбаев Қайролла Мұқановты медальмен
марапаттаудан кейін. 2017 жыл

МАЗМҰНЫ

Қымбатты оқырман! / Дорогой читатель!	5
Абдрахманов Т. Э. Үстаздардың ұстазы	
мәңгі есімізде	10
Алибекова К. И. Памяти Кайроллы Мукановича	18
Ахметова Э. Й. Жақсы адам – елдің ырысы	21
Аяған Б. Ф. Қайролла ағамыз туралы. Орны	
бөлек азамат	24
Баешов Э. Б. Қайролла ағамыз – академик	
Е. А. Букетов атындағы сыйлығының лауреаты	28
Баешова А. К. Учитель, писатель, краевед	
и человек с большой буквы!	33
Баймуқанов Д. А. Соңынан асыл мұра қалған	39
Баймуратова (Мұқанова) Р. Қ. Қос аққудай	40
Барлыбаев Н. С. Қайролла ақсақалдың	
тапсырмасы	44
Бекмағанбетов Б. М. Үстаздардың ұстазы	50
Бубнов Г. М. Однажды встретившись	
с прекрасными людьми, их уже никогда	
не забудешь	52
Фалиева Б. Ж. Ағамызды еске алу	56
Диденко И. С. Добрый след	59
Жантілеуов М. Қ. Үстаз. Өлкетанушы. Қаламгер	63
Жұмабаев С. Ж. Қаламы қарымды Қайрекен	70

Зайберт В. Ф. Мой большой друг	81
Елеусізов Е. Е. Жаны жайсан жан еді	84
Ергөбек Қ. Жазулы хатқа айналған қария	87
Каримова Г. Р. Многогранная трудовая биография	94
Козыбаев С. К. Памяти Кайроллы-ага	98
Кондратова В. И. Кайролла Муканович	104
Күзембайұлы А. Тұған жердің жылнамашысы ..	106
Қадыралин Ғ. Қ. Абыройлы азамат	110
Қали О. Қ. Асыл жан	116
Қасенова А. Апа-жездем	123
Қошанов А. Қ. Ағартушы – ұстаз, қоғам қайраткері	124
Қуантаев А. К. Жайсан жандардың өмір үлгісі ..	130
Құсайынов С. Б. Жарқын бейнесі жадымызда ..	135
Лебедевы Т. В. и В.С. «Учитель, перед именем твоим	140
Муканова Г. С. Просветитель	145
Мурзалинова А. Ж. Любить свою профессию ..	147
Мұқанов О. Н. Ата мен әже	158
Мұқанова Г. Қ. Әке-ана	162
Мұтанов Ғ. М. Білім сардары	167
Нәсиев Қ. Н. Ұстаздардың ұстазы	171
Нұрмұқанов О. Мінезі жібектей	181
Олжабайұлы З. Жақын жандар едік	184

Оспанов К. Қ. Қызылжар өнірінің ардагер ұстазы, тіл жана шырыны, өлкетанушысы	
Қайролла Мұқанов	188
Рамазанов А. У. Быть патриотом своей родной земли – это призвание	197
Рыб К. А. Наследие и современность	212
Сағындыков Б. М. Қайролла Мұқанұлына	220
Салықов К. Парасатты ұстаз, үлтжанды қайраткер	222
Сүгірбаев Т. А. Елдің қалаулы азаматы еді	233
Сыздыковтар Е. К., Г. Жұлдыздай жарқыраған атамыз бер апамыз	238
Тәжин Ж. У. Ұстаздардың ұстазы	239
Табакова З. П. Отечества достойный сын	245
Тайжанова М. М. Недюжинный талант	249
Таласпаева Ж. С. Ұстаз ұлағаты	252
Тасболатов А. Б. Жаны жайсан, мінезі көркем азамат еді	258
Ташегурова Ж. Ж. Вы были любимы	263
Үәлиханов Ш-А.Ы. Қайролла менің жан досым	264
Черманова М. Б. О Кайролле Муканове замолвите слово!	265
Ысқақов Ж. Ф. Тіл жана шырыны	267
Награды и звания К. Муканова	270
Қ.М. Мұқанов жазған кітаптар	271
Қ.М. Мұқановтың басқа авторлармен бірлесіп шығарған кітаптары	273

Книга отпечатана в типографии ТОО «Издательство «Северный Казахстан».
Адрес: 150001, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область,
г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5.
Тел. +7 (7152) 31-07-72, e-mail: mail@izdatelstvo-sk.kz

